Жалпылап айтқанда математикада бәрі де дәлелдеуді қажет ететіндігі көрсетіледі, көбіне жаттанды түрдегі қолданыстағы, іс жүзінде геометриялық есептерге математикалық анализдің жоғары дамыған техникасын қолдануын мүмкін ететін "*координаттық түзу*" тақырыбын ұзындықты өлшеу мәселесімен байланыстырып, соны шешу үстінде рационал және иррационал (рационал емес) сандарды геометриялық мағынасымен бірге анықтап, сол жолдағы ежелгі математиктерді таң қалдырған "*өлшемдес емес*" кесінділер арқылы жасалатын қорытындылар (бұл жөнінде соны тым ерте білгені гректерге есептеу амалдарын дамытуға кедергі болды деген де пікір бар), – түсініп оқылуы терең мағыналы қазақ күйлерін тыңдаудан да, қызықты романды оқудан да кем түспейді.

Ұзындықты өлшеу бірте-бірте оң бүтін, оң рационал және оң иррацинал сандарға әкеледі. Математика қолданысы көбіне теңдеулер арқылы жүргізіледі. Сондағы бірінші дәрежелі алгебралық теңдеу толық шешілуі үшін бар оң мәнді сандарға теріс мәнді нақты сандарды қосуды мәжбүр етеді.

Сан дәрежесі мен логарифмінің, математиканы былай қойғанда, бүкіл табиғаттануда әрдайым қолданыста болатын қасиеттерінің дәлелдемелері негізінде анықтама тілінде соларды қалай жүргізу керек екендігі баяндалады.

Жалпы математикада, соның ішінде сан дәрежесінің анықтамасында да, арифметикалық түбір мен логарифмнің бар болуы туралы теоремалар да, дәлелдеменің өзі не қайсыбір бөлігі қаншама түсінікті болса да, қаншама өзінен-өзі анық болып көрінсе де, олар толық дәлелдеуден өтуі керек және де соны орындағанда тек аксиомалар мен оған дейін дәлелденген тұжырымдарды қолдануға рұқсат етіледі. Бұның бәрінің ең ұтымды жері – дәлелденетін қасиеттер де, қолданылатын құралдар да әрдайым қолданыста болғандықтан бұрыннан белгілі және сол себептен түсінікті.

Бұл жеткілікті көлемде Бірінші тарауда орындалған.

Осының бәрі, қайталайық, мақсатымыз болатын "Математикалық жетілу" ісінің бірінші сатысы десе де болады. Сонан кейін, осы "Оқулықтан" бастап, әрі қарай шексіз деңгейде математикадағы белгіліні игеруді де, жаңа білім-жетістіктерге жету де көп жеңіл түрде қамтамасыз етіледі.

12. Дәлелдемелерге талап. Бұл "Оқулық" мынадай тұрғыдан орындалған: "Математикалық анализ" оқулығының басқа ғылыми кітаптардан – оқулық болсын, монография болсын, өзгешілігі ғылыми жетістікті көрсетуде емес, басқада. "Оқулық" мақсаты әуелі математиканың негізгі ұғымдарын енгізіп, оларды бар мүмкін тереңдікпен талқылап (мәселен, шек анықтамасының оншақты сыр-қыры ашылады), өзге ұғымдармен ара қатынастарын анықтау болып табылады. Сонан соң, игерілген анықтамалар тілінде ілім құрайтын мәселелер қойылады да, солардың шешімдері дәлелдеме арқылы беріледі. Бұнда қабылданған анықтамалар мен қандай әдістемелер қалай қолданылатынын әбден түсініп алып, бірте-бірте "*Дәлелдеме деген не*?", "*Дәлелдеме қалай жүргізіледі?*" және де т. с. с. сұрақтарды біліп (қойылған сұрақты түсінудің өзі көп білім мен дайындықты қажет етеді), оқырман олардың жауаптарын ой-жүйесіне қабылдап алу керек. Дәл осы жәйтті "Математикалық жетілгендік" деп түсінуге болады.

Сондықтан, дәлелдеулер толық, ұқсас жағдайларда ұғу өрісін кеңейту мақсатымен басқа әдістер, басқа сөздер арқылы да беріледі.

Анықтамалардың, мүмкіншілігіне қарай, қабылдану себептері кеңінен көрсетіледі, талқыланады.

"Теорема – қойылған мәселенің шешімі" деген қағида ұсталынады. Демек, әр жағдайда, арнайы айтылса да, айтылмаса да, теорема қандай сұраққа және қалай жауап беріп отырғанын әрдайым түсініп алып, осы жәйтті естен шығармау керек.

Математикалық анализдің жаралу және жетілу тарихына үңілсек, ондағы әр ой мен түсінік өте күрделі жетістік болып табылады да, сол себептен толық дәлелдеме мен түсіндіру орнына пайдаланылатын *"оңай"*, *"айқын"*, *"өзінен өзі көрініп тұр"*, *"түсінікті"* деген сөз бен сөз тіркестері бұл "Оқулықта" сақтануды талап ететін "езбелеу" қауіпі болатын бірнеше ерекше жағдай болмаса, қолданылмайды.

Біздің ұстанымымыз – білім саласында оңай не қиын деген сөздер мағынасыз деп білеміз: білсең - "*оңай*", білмесең -"*қиын*".

13. ***Оқырман методология жағынан шыңдалған, қатесіз анықтамалар мен дәлелдемелерге ғана сенуі тиіс – "Бәріне күмәнді болу керек!".*** Кейде бір оқулықтан екіншісіне көшіп, толық түсінік бермейтін "бір (не бірнеше) қайнауы ішіндегі" методикалық шешімдер оқырманды "білмейтінін білмейді" жағдайына түсіріп, оқу өрісінде сақтала береді.

Мәселен, $f(x) = x^2$ функциясының $x = 5$ нүктесіндегі дифференциалы $l(x) = 10 \cdot x$ сызықты функциясы болатынын "дифференциал деп функцияның өсімшесінің сызықты бөлігі аталады" дегеннен шығарып алу "екі талай". Сондай-ақ, "анықталмаған функция" деген аталуының өзі жаңылыстыратын жәйтке дұрыс емес $F(x, f(x)) \equiv 0$ анықтамасы қосылғанда түсіну мүмкін бе?

Ой салатын бір-ақ сөйлем "Ақырсыз қосынды деген ұғым жоқ" және де сонан туындайтын 1821 жылғы Кошидің "Қатар деген шек" қағидасы бүкіл қатарлар теориясын түсінікті етіп, жарқыратып жібермей ме?

Математикалық анализдегі "Сильвестер критерийінің" дұрыс оқылуын осы "Оқулықта" кездестіресіңдер.

Осындай көптеген жәйттер бұл "Оқулықта" кеңінен орын алған.

Бұған автордың математика-информатикада әртүрлі мәселелермен айналысқаны және солардың кейбіреулерін шешкені де себеп болса керек, - методика мен методология ғылыми ізденіс кезінде шыңдалады.

14. "Оқулықта" жаттығу есептер берілмейді, өйткені "Үзіліссіз математика" ғылымының дәлелдемелері математикалық анализге жататын есептерінің дәл өзі. Бұл "Оқулық" көлемі өте үлкен, өйткені әр тақырып өзіне тән болып, және де бір қарағанда байқала бермейтін, сондықтан тереңде жатқан қасиеттерін, тіпті құпиясын десе де болады, көрсету мақсатында баяндалған. Олардың әрқайсысы адамзаттың ғасырлар бойы дамуының жетістіктеріне жатады. Егер де оқырман жеткілікті тереңдікте тақырыпты игерген болса, онда ежіктеп түсіндірілген беттерге "*көз қиығын салып*" қана әрі қарай оңай жүре береді.

Және де, жалпы білім-ғылым жағдайында сияқты, математикада да, іштей біліп тұрғаныңды қандай сөздермен өзгеге жинақы, дәл және түсінікті етіп жеткізу керек мәселесі де бар. Ол әдетте қалыптасқан сөз тіркестері мен сөйлемдер арқылы орындалады. Осыған орай, бұл "Оқулықта" математиканың негізі баяндалып талқыланғандықтан, солардың кезіндегі әдеби көркемдеуіне де аса көңіл бөлінген, оған қоса кейде бір нәрсе екі-үш өзара бөлек түрде түсіндіріледі.

Тағы бір айтатын жәйт, – "Оқулықта" әр түрлі ерекшеліктерді көрсететін, сол себепті шығарылған, көптеген мысал-есептер келтірілген болса да, оқырманның өзіне шығаруға есептер ұсынылмайды. Өйткені, математикалық анализді игергеннен кейін бүкіл математиканы құрайтын ғылым (әрине, оның өзін де қоса) – математикалық анализ жалғасы, демек, есептері.

"Оқулық" құрылысы әр параграфтың басын ғана оқып, әрі қарай, түсіну жолын жоғалтпай, басқа параграфтарға көшіп, ығыса беруді қамтамасыз етеді. Ал параграф ішіне тереңдей беріп, қосымша мәліметтер алуға болады. Қорытындылап айтқанда, әбден санаға сіңгеннен кейін, жазылғанды "Көзбен жүгіріп өтуге болады". Тоқетері – "Үйрен, үйрен де жирен".

15. "Оқулықтағы" "методологиялық шешім табу" мен "есеп шығару" орны. Математикалық анализде ой-санаға сіңіруді қажет ететін ұғымдар бар, соның негізгілері тереңде жатқан – сан, функция, шек, үзіліссіздік, туынды, интеграл, қатар болып табылады. "Оқулықта" солардың бет жағын өзінше әшекейлеу арқылы ойланбай-ақ тек жаттығу түрінде баяндалатын методологиялық шешімдерге ерекше көңіл бөлінген.

Айтқанымызды негізгі ұғым – шек мысалында жандандырайық. Наполеон айтқан екен: *"Бір мамлюк тіке қақтығыста менің бес гренадерімді жайратады, бірақ ұйымдастыру күшімен бір полкім барлық мамлюктің күлін көкке ұшырады"*.

Сол сияқты, тақырыпты ашудағы методика жағынан "ұтымды ұйымдастыру" арқасында (осында және көптеген басқа жағдайларда да) "Оқулықта" сандық функция шегінің 36 жағдайында $\varepsilon - \delta$ - тіліндегі анықтамаларын жазып шығу мәселесі аналитикалық өрнектелуі мен оның геометриялық бейнесі көрнекі түрде екі кестеде бейнеленіп, соларды шектің түріне сәйкес әр кестеден бір-бір жолдан көшіру ережесіне айналған.

Бірақ, шек анықтамасын еш ойланбай, жаттанды түрде ғана дұрыс жаза алудан кейін, көптеген (үзіліссіздік, туынды, интеграл, қатар сынды) мазмұнды қолданыстар негізінде оның өте терең болмысын бірте-бірте сол негізгі ұғымдармен бірге санаға сіңіру кезегі келеді.

Сонымен, осында да, жалпы жағдайда да математика білім-ғылымында тіпті дұрыс болса да айтып беру мен өз аузынан шыққанын жетік түсіну әрқашанда беттесе бермейді.

Дәл осы қағида бүкіл оқулық бойы сақталады: әріптермен белгіленген "*анықталмағандықты ашу*" әдістемелері, дифференциалданатын элементар функциялардың туындыларын есептеу, алғашқы функциялары элементар функция болатын функцияларды "*тану және интегралдау*", басқа да көптеген "*есеп шығару мен жаттығу*" мағыналы тапсырмалар алгоритмдік, яғни бірінен кейін бірі орындалатын қарапайым амалдар түрінде берілген. Және де, бұл есептердің сәйкес шек, туынды және интеграл ұғымдарын білмей-ақ, солар атты өте терең теорияны игермей-ақ, дұрыс жауаптарын жазып беруге болады.

Бұнымен, бір жағынан, пәнді, соның ішінде математикалық анализді де, саналы игеру мен, екінші жағынан, сондағы ежелгі заманнан бері оқулықтар мен есептер жинақтарының бірінен-біріне көшіріліп, "*тозығы жеткен*" деп атауға болатын жаттығуларды аса ойланбай шығару – салыстыруға келмейтін дүниелер деп айтқымыз келеді.

16. Орта мектеп өрісіндегі математикалық анализ. Математикалық анализдің білімдегі (және де ғылымдағы) ерекше орны – ең алдымен ғасырлар бойы іріктеп қалыптасқан мектеп математикасы негізінен математикалық анализдің жеңілдетілген түрі екендігінде.

Осыған ыңғайлап айта кетейік, мектеп геометриясының маңыздылығы баланың ойлау жүйесін дамытуда десе де болады. Геометрияда әуелі ұстанымдар тізімі (оларды "*аксиомалар жүйесі*" деп атайды да, қаншама сондай жүйе болса, соншама әртүрлі "*Геометрия*" болады) тағайындалады, сонан соң осы мәліметтерді және солардың негізінде дәлелденген тұжырымдарды ғана қолданылып, теория құрылады. Бұндағы ең маңыздысы – ол дәлелдеулер кезінде қабылданған ұстанымдар мен солардың салдарын ғана қолдануға болатындығында. Дәл осы жәйт логиканы дамытады деп есептеледі.

Геометриядағы аксиомалар көзге көрінетін нүкте, кесінді, түзу, жазықтық және кеңістік туралы болуы сондағы логикалық ізденістерді көрнекі түрде жандандыра түседі. Және де бұл геометриямен ғана шектелмейді, – механика, ықтималдықтар теориясы, физика бөлімдері де осылай қабылданған аксиомалар негізінде зерттеледі.

Оған қоса, мектеп математикасының негізгі жүгі "*есеп шығару*" емес, әр адамға қажетті "Математикалық жетілу" деңгейіне жетудің бар мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету. Және де, сол "Математикалық жетілу" болашақ мамандығына қатыссыз – гуманитарлық па, не математика тәрізді "дәл мағыналы" ғылымдар ма, не олардың арасындағылар ма, – бәрі бір!

17. Негізгі ұстам: орта мектеп "есеп шығарумен" шектелмей "математикалық жетілуге" әкелу керек. Маңыздылығына сай қайталайық – мектеп математикасы тек қана "*есеп шығарумен*" шектеледі деген өте қате. Соның салдары болса керек мектеп математикасын *"Мектепте математиканы жақсы көретінмін, кез келген есепті тез шығаратын едім"* деңгейінде түсіну кең тарап кеткен. Тіпті студенттерге анықтама, есеп қойылуының және оған жауап беретін теореманың оқылуын, оның төңірегіндегі қосымша сұрақтарға, әрине, дәлелдеудің әр сөзі мен ойын қандай тереңдікте игеру талап етілсе, сондай деңгейде жауап бере алуыңыз керек деп қаншама айтылса да, *"Бұны мен білмеймін, маған есеп беріңізші"* дейді.

Әрине, бұл есеп шығармау керек деген емес. Дұрыс қойылған методология жағдайында әдеттегі мектеп есептері математикада қиын деп саналмайтын алгоритмдік, яғни бірінен кейін бірі орындалатын қарапайым амалдар түрінде жазылады да, солай оқытылады.

Бар мәселе – оқушы санасына "*Математикалық әлемге*" енгізетін бірінші тараудың мазмұнын оның жас ерекшеліктеріне сай лайықтап жеткізуде.

18. "Оқулықтың" мектеп мұғалімін дайындау мүмкіндігі. Бұнда мектеп бағдарламасының негізгі бөлігі де қамтылған.

Бірінші тараудың мазмұнын әдетте "*Математикалық анализге кіріспе*" деп атайды. Бұл жағдайда "*Кіріспе*" деген сөз, көмекші мәлімет деп көрінуі мүмкін болғандықтан, кесіп айтайық – "Бірінші тарауды" толық көлемде әбден түсінбей, "Математикалық анализді" игеру мүмкін емес.

Ал "Математикалық анализдің" өзін әрі қарай жалғастырғанда бүкіл интеллектуалды дүниенің кілті, сонымен бірге, ешкім тартып ала алмайтын әрқашан да қолданысқа дайын өмірлік "суық қару" деп те түсінуге болады.

Сонымен, бірінші тарауда мектеп оқытушысы негізгі элементар функциялардың бес түрінің үшеуін: – *дәрежелік* x^a , *көрсеткіштік* a^x және *логарифмдік* $log_a x$ функцияларды, ал үшінші тарауда қалған екеуін: - тригонометриялық пен кері тригонометриялықты қажетті және жеткілікті деңгейде игеріп шығатын болады.

Оған қоса, тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялар "*шек*" және "*функциялық қатар*" зерттеу құралдарын игеруді талап етеді. Дәл айтқанда, әдеттегі $sinx, cosx, tgx, ctgx$ функцияларының геометриялық анықтамаларымен қатар аналитикалық анықтамалары да бұл "Оқулықта" беріледі. Және де, бұл осы тақырыптың өзекті жері: негізгі тригонометриялық функциялардың дәрежелік қатар түріндегі аналитикалық анықтаманың геометриялық бейнесі геометриялық анықтаманың дәл өзі болып шығатыны көрсетіледі.

Кері тригонометриялық функцияның бар болуы және де әр негізгі элементар функцияның Тейлор формуласы арқылы кез келген дәлдікпен жуықтап есептеу мүмкіндігі осы "Оқулықтағы" дифференциалдық және интегралдық есептеудің үлесі.

Осының бәрін "Оқулықтан" игеріп алу үшін бірінші тараудағы математиканың негізгі түсініктерін – символдық белгілеулерді, қолданатын терминдік сөздер мағынасын, дәлелдеме затын, бір сөзбен айтқанда, бәрін сана деңгейінде игеру керек.

Әсіресе сан ұғымы егжей-тегжейлі берілген. Соның ішінде нақты сандарды анықтайтын 17 аксиома салдары болып табылатын қолданыстағы негізгі қасиеттердің дәлелдемелеріне ерекше көңіл аудару керек. Бұндағы сандардың қасиеттері бастауыш мектептен белгілі, сондықтан не туралы сөз болып тұрғанын түсінуде қиыншылық болмайды. Ал дәлелдеме жүргізу жолдары нағыз "*Математикалық тәрбие*" сабақтары болып, "*Математикалық жетілуге*" әкеледі.

Геометрия пәнінің орны бөлек болса да, нақты сандардың саны 17 болатын аксиомалардан оның қолданыстағы барлық негізгі қасиеттерін шығарып алу геометрияның методологиялық міндетін атқарады.

Бұны былай да түсінуге болады: көп жағдайда, өмір болсын, басқасы болсын, әдетте "*не өгіз өледі, не арба сынады*" жағдайда әрине, мүмкіндігінше ең ұтымды шешім қабылдау керек болады. Міне осыны геометрияға ұқсатуға болады — кездескен жағдайды "*аксиомалар жүйесі*" ретінде қабылдай отырып, әрі қарай үйренген логикалық таразылау арқылы тиісті қорытындыға келу керек.

Мектеп тақырыбын жалғастыра отырып, кейбір осы күнге дейін орын алып келген оқулықтардың олқылықтарының бірін атап өтейік: мектеп бағарламасының түрінен табылатын "теңдеу" ("теңдеме" деп те атайды) ұғымының анықтамасы түгіл, қандай да болсын түсіндірмесі берілмейді. Әрине, Бірінші тарауда ол да табылады. Бұндай теориялық білімнің бәрін мектеп мұғалімі сабақта оқушыға айтпайды, айту да керек емес. Бірақ оның пәнін қажетті деңгейде толық және терең түсінгені өзіне жалпы рухани тірек пен кәсіби еркіндік беріп, әр оқушының өзіндік әртүрлі талабына сай жоғары методикалық және методологиялық биіктікте түсіндірулер бере алады.

Және де, келешекте математика оқу пәні ретінде кездеспейтіндерді оқыту қосымша қиындық тудырады да, мұғалімнің жоғары сапалы дайындығы ол жағдайда да математика "затымен" қажетті көлемде кәсіби деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, айтылғанның бәрін осы "Оқулықтан" игерген математика пәнінің мектеп мұғалімін өзін "*таптырмайтын*" деп айтатындай өте жоғары сапалы маманға айналдырады. Және де сол адам барлық материалдық және моралдық талаптарға сай болып, мемлекеттің негізін құрайды: өз елінің күрделі кезеңінде Отто фон Бисмарк (1815-1898) айтқандай "*Мектеп мұғалімі соғысты жеңдірді*", сондай баға А.П. Киселевтің (1852-1940, орыс педагогі) мектеп математикасының белгілі оқулығына да берілген.

19. Алдымен – математикалық анализ, соның ғана негізінде – методика мен методология. Сонымен, мектеп математикасының мұғалімі алдымен математикалық анализді керекті деңгейде (ол жоғарыда бөлек сөз болған) игеруі қажет, сонан соң ғана әртүрлі методика мен методология орын алады, және де қазақ шәйіндегі сүт пен шәй тәрізді бұлардың орындарын алмастыруға болмайды.

Жинақтап айтқанда, әр мемлекет математикалық анализден арыла алмайды, өйткені "*Ұяңда не көрсең, ұшқанда соны ілесің*" дегендей, балабақшалар мен мектептерсіз болмайды. Мектепте бірінші кластан соңғысына дейін математика өтіледі, ал мектеп математикасы, жоғарыда бірнеше рет айтылғандай, "*жеңілдетілген*" математикалық анализдің дәл өзі. Балабақша тәрбиешісі "$2 + 2 = 4$" қалай болатынын, әрине өз деңгейінде, үйрету керек, бұл да математикалық анализ.

Бірақ, мәселе басқада – математиканы жетік түсінуде! Себебі бұл негізгі талап орындалған жағдайда мектеп мұғалімі болсын, кез келген дәрежедегі ғылыми атақты жоғары мектеп оқытушы болсын, сабақ үстінде қаншама терминдер және символдармен бөленген сөз ағымын төгілтіп, класс пен аудиторияны жаңғыртып жатса да, пән мағынасымен жұғыспай, тіпті қайшы келуі де мүмкін.

Қысқасы, өзі пәнді жетік түсінбеген, оқыту кеңістігін ғылыми терминдермен жүйесіз шулатқан ұстаз шәкіртін үйретуі мүмкін емес. Мектеп оқулығындағы әр олқылық халыққа оқтай тиеді. Мәселен, екі жай бөлшекті қосу амалын үшін олардың білімдерінің ең кіші ортақ еселігін табу есебіне тіреп қойғаны сол қосу амалын еш пайдасыз шексіз қиындатып, жаппай білімсіздікке әкеледі.

Қолданыстағы жоғары ғылыми дәрежелі авторлық ұйымның мектеп оқулығында " $3^x = 80$ *теңдеуін шешу үшін логарифм ұғымы енгізіледі*" делінген. Бұл болса, мүлдем қате – ондай теңдеу шешу үшін жаңа функция енгізілмейді, мәселен, дәл бір оң мәнді шешімі бар сол тәрізді $x \cdot 3^x = 80$ теңдеуін шешу үшін тағы жаңа функция енгізу керек пе?

Логарифм керек, бірақ басқа себептермен – оған "Оқулықтың" бірінші тарауының арнайы параграфы арналған.

20. Мектеп математикалық оқулығына талаптар. Мектеп оқулығы жайлы А.Н. Колмогоров "*Оқулықтың күрделілігі ұшақтың жаңа түрін құрастырудан кем емес*" деген баға берген. Халықаралық деңгейдегі математика мен информатиканың кең спектріндегі барлық ізденістер мен нәтижелер орта мектеп пен Жоғары оқу орындарын барлық бағдарламалық сұрақтар бойынша тереңірек түсінуге және тікелей қолданыс табатын әдістемелік шешімдір шығаруға мүмкіндік береді.

Кеңестік дәуірде мектеп математикасының айнасы "*Математика в школе*" журналы болатын. Белгілі математиктер сонда мақалалар басып, әр оқулықты аяусыз талқыға салған. Оқулыққа берілген рецензиялары жарияланып отырылған.

Оқуға түсу емтихандарының сараптамалары да сонда жарияланды. Сол уақыттағы оқуға тапсырушылар математикалық индукция әдісі мен иррационалдықты нашар түсінеді делінген, авторлардың үлкені: "Есімде, мектеп жылдарында өзімде де солай болған" - деп еске алады. Осы түсінуге қиынырақ тақырыптар, негізінде мүлдем басқаша, мүмкін нақтырақ мазмұнда

2000 жылғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "авторлық ұжым – баспа" форматында өткізген Конкурсының жеңімпазы ретінде қазақ және орыс тілдерінде жазылған "Алгебра және анализ бастамалары" оқулығында берілген.

Физика-математикалық бағытта мамандырылған мектептің басты көрсеткіші – ол мектеп бітіргеннен кейін университет қабырғасында математикалық анализді терең игеруге жеткілікті білім беру. Әрі қарай, талаптарды азайта келе – техникалық және экономикалық мамандықтарда жоғары математика курсын меңгеру үшін дайындықтың болуы. Жалпы орта мектепте математика бойынша стандартты мектеп бағдарламасы "Математикалық жетілуге" бағытталуы тиіс. Бірақ есепті шешуге ғана бағытталмай, математиканы оқытудың өзіндік негізгі мақсаты болатын нақты ғаламды сандық және сапалық тұрғыда қабылдай алуға жетуі керек (мысалы, журналист үшін квадраттық және логарифмдік теңдеулер шешімі мүлдем керексіз болғанымен, математикалық тәрбие баяндалып отырған оқиғаларды басты және екінші кезектегілігін сәйкес таразылап, оны өз мақаласында барынша мәліметті және логикалық тұрғыдан мінсіз құру қажет).

Мектеп мұғалімі "елес" деңгейінде математика құрылымы мен осы мақаланың §.7 берілген ең ұтымды көлемдегі математикалық анализ курсын түсінуі қажет.

21. Мектеп математикасы – жалпы ұстанымдар.

1^0. Амалдарды орындау мен теңдеулерді шешуді "затын" түсінбей, жаттанды түрде ғана қаншама орындаса да (он немесе жүз рет), тақырыпты еркін меңгеруге алып келмейді.

2^0. Жалпы өмірде, соның ішінде, кез келген тестік тапсырмалар кезінде есептеу амалдарын дағдылы түрде орындай алу қажет, – бұл бірінші этап.

3^0. Екінші этап. Оқушыға берілетін математикалық тәрбиенің бастысы, орындайтын не енгізілетін амалды түсіндіруден тұрады – ұғымының өзін "*Бұл не және не үшін қажет?*" деген сұрақ бойынша есептеулерде аналитикалық және суреттер арқылы көрнекі геометриялық талқылаулардан тұрады (бір рет түсініп, одан кейін ұмытуға да болады).

4^0. Амалдардың мағынасының түсіндірмесін және жазу түріндегі өрнектелуін кейін ұмытуға болады, бірақ оларды "түйсік түбіне" орнататын түсіну сәті болуы қажет, бұрында айтылғандай "*Ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады*".

5^0. Мұғалім мектеп математикасының математикалық анализ түрінде жазылған барлық теориялық негіздерін жалпы да, егжей-тегжейлі де түсінуі қажет, – өйткені өзің жетік түсінбейтінді біреуге жететіндей түсіндіру мүмкін емес.

6^0. Математикалық анализді барлық тереңдікте игерген мұғалім кез келген деңгейдегі оқушыға бейімделе алады – методикалық вариативтілік дегеннің өзі де осы.

7^0. Көптеген мектеп тақырыптары бойынша өзіндік "қолтаңбасымен" тікелей қолданысты әдістемелік шешімдерді көп мөлшерде жинақтаған мұғалім, анықтама бойынша, "*Тәжірибелі ұстаз*".

8^0. Тәжірибелі ұстаздардың ең мықтысы ғана әдістемелік мақала жаза алады, ал мықтылардың мықтысы ғана мектеп оқулықтарының авторлары бола алады.

9^0. Жалпы теориялық ғылыми-әдістемелік зерттеулер нақты оқыту барысында бала психологиясына, жас ерекшеліктеріне және сол сияқты кездесетін жәйттерге сәйкестендіріледі.

10^0. Мектеп математикасында ғылым ретіндегі математиканың қатаң құрылымын ұстанымға алудын (бүтін, рационал және иррационал сандардың коммутативтілік, ассоциативтілік топтық қасиеттерін дәлелдеу сияқты) қажеті жоқ.

11^0. Мектеп математикасында дәлелдеулерді "шындық тәрізді талқылаулармен" алмастыруға болады.

12^0. Түсінуге қиын ұғымды, одан да түсініксіз ететін сөздермен беретін, тіпті не жайлы сөз болып жатқанын маманның өзі де түсіне алмайтындай, "*түсінікті*" түсіндірмесін болғызбау (Мысал: кеңес оқулықтарында функцияны тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арқылы бергені).

13^0. "Формула", "өрнек", "шама", "тура және кері пропорционалдық" тәрізді қолданылатын барлық атаулар мен терминдер "*өз-өзінен түсінікті*" дегенге сүйенбей қажетті көлемде түсіндірілуі керек. Ол, әрине, оңай емес және бала психологиясымен сәйкестірілген, мұқият ой елегінен өткен сөздермен берілуі міндет. Математика қабылдауға жеңілденіп, оқуға қызықты болып, нәтиже бірден білінеді.

14^0. Барлық мүмкін жерлерде білім алушы неге, немен және не үшін айналысып жатқанын соны жетік түсіндіретін арнайы әдістемелік ізденістер арқылы білуі қажет (мысалы, бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу – оның күрделі қиыншылығы неде және сол қалай шешіледі, сонда біріншісі таң қалдырса, екіншісі – адам ақыл ойының күші нәтижесіндегі математиканың құдіретіне сүйсіндіреді).

15^0. Мектеп математикасы кең адами өлшемде өнімділігі аз есептерді тікелей формула қолдану деңгейінде шығарумен шектелмеуі қажет, ол – физика, химия, биология, астрономия, география және барлық гуманитарлық ғылымдардан алынған энциклопедиялық білімді сандық және сапалық логикалы ойлауға мүмкіндік беретін "Математикалық жетілуге" (кеңес дәуірінде орта білім құжаты "Жетілу аттестаты" деп аталағандай) әкелуі керек.

16^0. Мектеп тақырыптарын дамытқанда қандай да бір қолданыста мағыналы есепке немесе қандай да бір бақылауға ұстанған жөн. Мәселен, бөлшектерді кесінді ұзындығын өлшеу есебін шешу арқылы беруге болады және солай беру керек.

22. Бірінші тарау қалың халыққа "Математикалық жетілуге" тура жол. Бірінші тарау өз "Математикалық жетілуін" және де шектер теориясы мен дифференциалдық-интегралдық есептеусіз, қалыптастырғысы келетін оқудағы студенттерге де, дипломды математик, информатик, физик, химик, биолог, сондай-ақ техникалық мамандықтардан бастап қаржы-экономикалыққа дейінгілерге де мүмкіндік береді. Математика мұғалімдері бұл I-тарауды міндетті түрде, оған "Функцияның шегі" атты III тараудағы бірінші параграфты қосып, бір айнымалы жағдайындағы II-VII және X-XI тараулармен жалғастырып, кәдімгідей игергенде, толық көлемді математикалық тәрбие алады.

23. Ұлт–мемлекет деңгейіндегі керек математикалық анализ өмір жолын ғылым не болмағанда қолданбалы информатикамен байланыстыруды жоспарлаған адамға да керек. Интернет деңгейіндегі бірнеше жол мәліметті адам 4-ші индустриялық революция заманына жат болып келеді, бірақ күңгірт болашаққа бейімделу мүмкіндігін игерілген математикалық анализ береді.

24. Ғылыми нәтиженің әдемілігіне сүйсінген Борель мен Мейнардус 1885 жылғы Карл Вейерштрасстың "Кесіндідегі кез келген үзіліссіз функцияны алгебралық көпмүшеліктермен кез келген дәлдікте жуықтауға болады" деген теоремасының ([12] оқулығының 2(§7, IX тарау)-пунктте екі түрде және де 4 (§5, XIX тарау)-пунктте периодтық жағдайдағы тағы бір түрде дәлелденеді) басқа дәлелдемелерінің тізімін жасапты. Осы сияқты, математикалық анализді терең игерген адам математиканың көптеген ғажайып жетістіктерін түсінетіндей болып, талай әдемілікке бөленеді.

25. Ғылымда былай да болған. Математиканың жүйелі түрде дамуы Александрия қаласында шоғырланған грек өркениеті болып табылады. Сол қала үш кезеңде қазіргі дәуірге дейінгі 47 жылы римдіктермен, 392 жылы христиандармен және, соңында, 640 жылы мұсылмандармен тоналған.

Алла Мұхаммед Пайғамбар (22. IV. 571-8. VI. 632) арқылы жеткізген ислам діні шашыраған араб тайпаларын біріктіріп, олар Инд өзенінен Гибралтар бұғазына дейінгі орасан жерде жайылған Араб халифатын құрды. Жаңа дінді дүниежүзіне тарату мақсатында жоғары мәдениетті елдерден Құран кітабын өрнектеуге қажетті дарынды шеберлерді жинақтады.

Сол кездегі Халифат басшыларының көрегендігі соншалық, Құран қызыметтерімен байланысты араб тілі мен жазуын әрі қарай дамытқан, сонымен бірге жалпы деңгейі өскен мамандарды таратып жібермей сақтап қалады. Қолдарына тиген гректердің еңбектерінің сақталған үзінділерін осы мамандар арқылы араб тіліне аударып, оның қатарына Үнді ғылыми жетістіктерін қосып, жаңа өзіндік зерттеулерді бастап, нәтижесінде дүниежүзіндегі математика, астрономия, медицина, философия, жалпы гуманитарлық ғылымдарда алда болған. Солардың арасынан Екінші Аристотель аталған қазақ әл-Фараби де табылады.

Бұл өркениеттің көтерілуі мен өшуін әйгілі француз ғалымы Эрнест Ренан (28.02.1823-12.10.1892) былай суреттеген: ". . . *жер бетінде екі деңгейдегі ұлттар бар: біреулерінің* *ғалымдары бар болса, екіншілерінікі жоқ. Бұл екіншілері қаншалықты интеллектуалды құлдырауда болса, соншалық саяси құлдырауда да болады. Мұсылмандық Шығыс еуропалық Батыспен бәсекеде болып, тіпті XVI ғасырға, яғни қазіргі ғылымның пайда болуына дейінгі аралықта олардан басым болды. Мұсылмандық әлем XIII ғасырда құрсағындағы ғылым ұрығын тұншықтырып, өзінің құлдырауына келді*".

"Болмасаң да ұқсап бақ" дегендей қазақ математикалық анализ игеру негізінде ғылым-білімде шексіз көтерілуі керек.

§6. ОПЫТ ПРОВЕДЕНИЯ ЗАНЯТИЯ ПО УСТАНОВЛЕНИЮ ВОЗРАСТНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ УСВОЕНИЯ УЧАЩИМИСЯ КОНКРЕТНОЙ ПОДТЕМЫ ШКОЛЬНОГО ПРОГРАМНОГО МАТЕРИАЛА

Методология проведения экспериментов по возрастным способнотям разработана в [33], опыт описан в [34].

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫН ИГЕРУДІҢ ЭМПИРИКАЛЫҚ ӘДІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (Астана, 2015)

[34] мақаласында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының материалын игерудің сегіз қадамнан тұратын эмпирикалық тексерулер жүргізілген:

1. Бағдарламалық материалдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты әрқайсысы 15-30 минуттан тұратын тақырыптарға бөлінеді. Әрбір тақырып бойынша әрі қарай сараптамадан өтетін әдістемелік ұсыныстар беріледі.

2. Оқушылардың жастарына қарай топтар құрылады.

3. Жастарына қарай құрылған топтардың әрқайсысымен құрастырылған әдістеме бойынша 15-30 минуттық сабақтар жүргізіледі.

4. Тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру үшін уақытқа байланысты екі түрдегі бақылау формасы жүргізіледі: а) Тура сабақтан кейін, б) Жазбаша материалдарды меңгергеннен кейін.

5. Бақылау ауызша сұрау, жазбаша жұмыс және тестілеуді қамтиды.

6. Тақырыпты меңгеру дәрежесі бақылау нәтижелерін статистикалық өңдеу негізінде анықталады.

7. Тақырыптар мен жас ерекшеліктеріне байланысты құрылған топтар бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.

8. Эксперимент нәтижелерін әлеуметтік топтар, өңірлер, елдер т.б. бойынша салыстыруға болады.

Бұл мақалада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының *«Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары»* тақырыбын меңгерудің жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері ұсынылады.

1-ҚАДАМ таңдалған тақырып бойынша әдістемелік құралдар дайындаудан тұрады. «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша [7-8] оқулықтарының әдістемесі негізінде сабақ жоспары құрастырылды:

Сабақтың тақырыбы: Ықтималдықтар теорисының негізгі ұғымдары: тәжірибе, тәжірибе нәтижесі – элементар оқиға, элементар оқиғаның ықтималдығы, оқиға, оқиға ықтималдығы, элементар оқиғалар кеңістігі. «Тәжірибе нәтижесінде берілген оқиға орындалды және орындалған жоқ» дегеніміз не?

Сабақ барысы:

Мұғалім: Оқушылар! Сіздер күнделікті өмірде «болуы мүмкін», «оның орындалуы екіталай», «міндетті түрде орындалады» және т.б. құбылыстарды болжайтын сөз тіркестерін қолданасыздар. Математикада кездейсоқ құбылыстардың орындалу ықтималдықтарын сандық сипаттайтын арнайы бөлім бар. Ол ықтималдықтар теориясы деп аталады. Біздер бүгін ықтималдықтар теориясының алғашқы ұғымдарымен танысамыз. Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдарын беру үшін «Киоск» көмекші моделін қарастырайық.

Мұғалім: Оқушылар, киоск нелерден тұрады?

Оқушылар: Киоск тауарлардан тұрады.

Мұғалім: Ал әрбір тауарға не сәйкес қойылады?

Оқушылар: Әрбір тауарға оның бағасы сәйкес қойылады.

Мұғалім: Айталық сіз киоскіге кірдіңіз, одан шыққанда пакетіңіздегі заттардың саны қандай болуы мүмкін?

Оқушылар: Егер маған қажет зат болмаса, бос болуы мүмкін немесе бір, екі, т.с.с. барлық тауарлардан тұруы мүмкін.

Мұғалім: Ал пакетіңіздің бағасын қалай анықтайсыз?

Оқушылар: Оның ішіндегі тауар бағаларын қосамыз.

Мұғалім: Оқушылар, ықтималдықтар теориясы кездейсоқтықтың математикалық анализы болып табылады. Бұнда тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру және оның барлық мүмкін нәтижелері қарастырылады. Біздер тәжірибе нәтижелері ақырлы жиын болған жағдаймен шектелеміз. Математикада тәжірибе нәтижелерін ω белгілеу қалыптасқан. Оқушылар! Біз әрқашан келесі ретпен жүреміз:

Мұғалім тақтада, оқушылар дәптерлерінде келесі кестені толтырады.

Рисунок 2

Енді осы үштікке мысалдар келтірейік.

Мысал 1. Тәжірибе теңгені бір рет лақтырудан тұрсын. Онда тәжірибені жүзеге асыру – теңгені бір рет лақтыру. Нәтижесінде теңге елтаңба (оны «T» арқылы белгілейік) немесе сан (оны «S» арқылы белгілейік) жағымен түседі. Сонда, біздің жағдайда екі нәтиже бар: $\omega_1 = T$ (елтаңба жағы түсті) немесе $\omega_2 = S$ (сан жағы түсті) – бұлар тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері. Демек

Тәжірибе	Теңгені бір рет лақтыру
Тәжірибені жүзеге асыру	Теңгені бір рет лақтырудан тұрады
Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері	$\omega_1 = T$ (елтаңба жағы түсті), $\omega_2 = S$(сан жағы түсті)

Мысал 2. Бірінші тиын, кейін ойын сүйегі лақтырылсын. Онда жоғарыдағы кестені толтырайық.

Тәжірибе	Бірінші тиын, кейін ойын сүйегін лақтыру
Тәжірибені жүзеге асыру	Бірінші тиын, кейін ойын сүйегін лақтырудан тұрады
Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері	$\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_4 = (T,4),$ $\omega_5 = (T,5), \omega_6 = (T,6), \omega_7 = (S,1), \omega_8 = (S,2),$ $\omega_9 = (S,3), \omega_10 = (S,4), \omega_{11} = (S,5), \omega_{12} = (S,6)$

Демек, бұл тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелер саны он екі.

Осы сұрақтар мен көмекші модель негізінде мұғалім ықтималдықтың негізгі ұғымдарын береді. Ол түсінікті болу үшін көмекші модель мен ықтималдық модельді қатар бір кестеге өзі тақтада, оқушылар орындарында толтырады.

Кесте 1 – Ықтималдық модель және көмекші «Киоск» моделі

Ықтималдық моделі	Көмекші "Киоск" моделі
Элементар оқиға	Тауар
$\omega_1, \omega_2, ..., \omega_n$	
Элементар оқиғаның ықтималдығы	Тауардың бағасы
$P(\omega_1) = p_1, P(\omega_2) = p_2, ..., P(\omega_n) = p_n, p_1 + p_2 + ... + p_n = 1$	
Элементар оқиғалардан құралған A оқиғасы	Қандай да бір тауардан құралған пакет
$A = \{\omega_{i_1}, \omega_{i_2}, ..., \omega_{i_k}\} \, (k = 1, 2, ..., n; 1 \le i_1 < ... < i_k \le n)$ немесе бос пакет $A = \emptyset$	
A оқиғасының ықтималдығы - $P(A)$	$P(A)$ - A пакетінің бағасы
$P(A) = P\left(\{\omega_{i_1}, \omega_{i_2}, ..., \omega_{i_k}\}\right) = P\left(\{\omega_{i_1}\}\right) + P\left(\{\omega_{i_2}\}\right) ... + P\left(\{\omega_{i_k}\}\right) = p_{i_1} + p_{i_2} + ... + p_{i_k}, P(\emptyset) = 0$	
Элементар оқиғалар жиына	Киоск
$\Omega = \{\omega_1, \omega_2, ..., \omega_n\}$	

Ықтималдық модель мен көмекші «Киоск» моделін құруға мысалдар келтірейік.

Мысал 3. Теңгені бір рет лақтырудың көмекші «Киоск» моделін құрайық.

ТАУАР: Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері T және S. Демек киоск $\{T; S\}$ тауарларынан тұрады.

ТАУАР БАҒАЛАРЫ: Тауарлар бағаларын қалауымызша анықтаймыз. T тауарының бағасы p –ге, S тауарының бағасы q –ге тең болсын. Бұл сандарға келесі шарттар қойылады – олар теріс емес болу қажет және $p + q = 1$ бірлік.

ПАКЕТТЕР: Барлық мүмкін пакеттерді құрайық: бос пакет – $\emptyset$; бір тауардан тұратын пакеттер - $\{T\}$, $\{S\}$; екі тауардан тұратын пакет - $\{T; S\}$.

ПАКЕТ БАҒАЛАРЫ: бос пакеттің бағасы нөлге тең, бір T тауардан тұратын пакетінің бағасы p санына тең, бір S тауардан тұратын пакетінің бағасы q санына тең, T мен S тауарларынан тұратын пакеттің бағасы, яғни бүкіл киоскінің бағасы $p + q = 1$ тең.

Енді осы тәжірибенің ықтималдық моделін құрайық:

ЭЛЕМЕНТАР ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҚТАРЫ: Элементар оқиғалардың ықтималдықтары $P(\{\omega_1\}) = P(\{T\}) = p$ және $P(\{\omega_2\}) = P(\{S\}) = q$.

ОҚИҒАЛАР: Барлық мүмкін болатын оқиғалар: $A_0 = \emptyset, A_1 = \{\omega_1\}, A_2 = \{\omega_2\}, A_3 = \{\omega_1, \omega_2\} = \Omega$.

ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҚТАРЫ: $P(A_0) = 0, P(A_1) = p, P(A_2) = q, P(A_3) = p + q = 1$.

ЭЛЕМЕНТАР ОҚИҒАЛАР ЖИЫНЫ: $\Omega = \{\omega_1 = T, \omega_2 = S\}$.

Мұғалім: Сонымен ықтималдықтар теориясында тәжірибе нәтижелері *элементар оқиғалар* деп аталады. Барлық элементар оқиғалардан құралған жиын *элементар оқиғалар жиыны* деп аталады.

Элементар оқиғалар кеңістігінің бос жиыннан бастап, бүкіл кеңістікке дейінгі кез келген жиыншасы, яғни, қарастырылып отырған тәжірибе нәтижелерінен тұратын кез келген жиынды *оқиға* деп атайды. Сонымен

Анықтама 1. Элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы ***оқиға*** деп аталады.

Тағы бір ескертейік, бұл оқиға анықтамасы тек барлық мүмкін элементар оқиғалар жиыны ақырлы болған жағдайда беріліп отыр.

Оқиғаларға мысалдар келтірейік.

Мысал 4. Тәжірибе алдымен тиынды, кейін ойын сүйегін лақтырудан тұрсын. A оқиғасын құрыңыз. Мұндағы A – 3-тен артық емес санның түсуі болсын.

Шешуі. Элементар оқиғалар жиыны

$$\Omega = \{\omega_1 = (T, 1), \omega_2 = (T, 2), \omega_3 = (T, 3), \omega_4 = (T, 4), \omega_5 = (T, 5), \omega_6 = (T, 6), \omega_7 = (S, 1),$$

$$\omega_8 = (S, 2), \omega_9 = (S, 3), \omega_{10} = (S, 4), \omega_{11} = (S, 5), \omega_{12} = (S, 6)\}$$

және

$$A = \{\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_7 = (S,1), \omega_8 = (S,2), \omega_9 = (S,3)\}.$$

Сонымен, оқиға элементар оқиғалардан тұрады.

Мұғалім: Оқушылар, маңызды сұрақтардың біріне көшейік. Эксперимент жүргізіліп, оның нәтижесі белгілі болсын. "Эксперимент нәтижесінде берілген оқиға орындалды" және "Эксперимент нәтижесінде берілген оқиға орындалған жоқ" дегендер нені білдіреді? Бұл сұрақтың жауабы келесідей: жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп аталады және бұл жағдайда берілген оқиғаның басқа элементар оқиғаларының орындалуы мүмкін емес. Эксперимент нәтижесі бір ғана элементар оқиға болады. Әрбір элементар оқиға, оқиғаның орындалу мүмкіндігін арттырады. Егер эксперимент нәтижесі берілген оқиғаның элементі болмаса, онда барлық оқиға орындалған жоқ деп аталады.

Айталық жоғарыдағы мысалда тәжірибе нәтижесінде $\omega_3 = (T,3)$ элементар оқиғасы түссе, онда A оқиасы орындалды, ал тәжірибе нәтижесінде $\omega_{11} = (S,5)$ элементар оқиғасы түссе A оқиғасы орындалмайды.

Негізгі ұғымдар берілгеннен кейін, мұғалімнің оқушылармен талдайтын сұрақтары:

Сұрақтар (Мұғалім)	Жауаптар (Оқушы)
Элементар оқиғалар дегеніміз не?	Ықтималдықтар теориясында тәжірибе нәтижелерін элементар оқиғалар деп айтамыз.
Оқиға дегеніміз не?	Элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы оқиға деп аталады
Тәжірибе орындалды, нәтижесі белгілі. Оқиға орындалмады дегеніміз не?	Егер тәжірибе нәтижесі (элементар оқиға) берілген оқиғаның элементі болмаса, онда оқиға орындалған жоқ дейміз.

Рисунок 3 – Оқушылармен тәжірибе барысы

2-ҚАДАМ. Оқушылардың жастарына қарай топтар құрылды. Эксперимент Астана қаласының № 66 мектеп-лицейінде, № 25 орта мектебінде, №11 Негізгі Семеновка мектебінің 6, 7, 8 сынып оқушыларына жүргізілді. Барлығы 6-сынып бойынша экспериментке 30 оқушы, 7-сынып бойынша 25 оқушы, ал 8-сынып бойынша 52 оқушы қатысты (Эксперимент барысын Сурет 4 қараңыз).

3-ҚАДАМ. Аталған топтармен 2015 жылдың 22 ақпан мен 6 наурызы аралығында дайындалған әдістеме бойынша 30 минуттық эксперименталды сабақтар жүргізілді.

4-ҚАДАМ. Оқушылардың сабақты меңгеру деңгейін тексеру дәл сабақ аяқталысымен ұйымдастырылды, «сол сәтте» тексеру формасы таңдалды. Бақылау формасы тест түрінде жүргізілді. Бақылау формасының 4 нұсқасы дайындалды, солардың біреуін келтірейік:

ТЕСТ

1) Тәжірибе нәтижесі –

a) элементар оқиға; b) оқиға; c) функция; d) ақиқат оқиға.

2) Элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы ... деп аталады?

a) оқиға; b) элементар оқиға; c) ақиқат оқиға; d) ықтималдық.

3) Тәжірибе тиынды 3 рет лақтырудан тұрсын, Ω элементар оқиғалар жиынын құрыңыз.

a) $\Omega = \{\omega_1 = (T,T,T), \omega_2 = (T,T,S), \omega_3 = (T,S,S), \omega_4 = (T,S,T), \omega_5 = (S,S,T), \omega_6 = (S,T,S), \omega_7 = (S,T,T), \omega_8 = (S,S,S)\}$;

b) $\Omega = \{\omega_1 = TT, \omega_2 = TS, \omega_3 = ST\}$;

c) $\Omega = \{\ \omega_1 = (T,T,T),\ \omega_2 = (T,T,S),\ \omega_3 = (T,S,S),\ \omega_4 = (T,S,T),\ \omega_5 = (S,S,T)\}$;

d) $\Omega = \{\ \omega_1 = (T,T,T),\ \omega_2 = (T,T,S),\ \omega_3 = (T,S,S)\}$.

4) Тәжірибе жүргіздік, нәтижесі белгілі оқиға орындалды дегеніміз не?

a) жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп аталады;

b) жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болмаса, онда барлық оқиға орындалды деп аталады;

c) жүргізілген эксперимент нәтижесінде оқиғада жататын барлық элементар оқиғалар орындалса, онда барлық оқиға орындалды деп аталады;

d) жүргізілген эксперимент нәтижесінде оқиғада жататын ең болмағанда екі элементар оқиға орындалса, онда барлық оқиға орындалды деп аталады.

5) Бірінші тиын, кейін ойын сүйегі лақтырудың элементар оқиғалар жиынын жазыңыз.

a) $\Omega = \{\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_4 = (T,4), \omega_5 = (T,5), \omega_6 = (T,6), \omega_7 = (S,1), \omega_8 = (S,2), \omega_9 = (S,3), \omega_{10} = (S,4), \omega_{11} = (S,5), \omega_{12} = (S,6)\}$;

b) $\Omega = \{\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_4 = (T,4), \omega_5 = (T,5), \omega_6 = (T,6)\}$;

c) $\Omega = \{\omega_1 = (T,S), \omega_2 = (T,T), \omega_3 = (T,1), \omega_4 = (T,2), \omega_5 = (T,3), \omega_6 = (T,4)\}$;

d) $\Omega = \omega_1 = 1, \omega_2 = 2, \omega_3 = 3, \omega_4 = 4, \omega_5 = 5, \omega_6 = 6$.

5-ҚАДАМ – 7-ҚАДАМ. 4-қадамда әзірленген білім деңгейін тексеру құралдар бойынша тақырыпты меңгеру дәрежесін бақылау нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Бақылау нәтижелері кесте түрінде толтырылды. Кесте 3 бағаннан тұрады. 1-ші бағанда сұрақтар саны, 2-ші бағанда осы сұрақтарға дұрыс жауап берген топтағы оқушылар саны, 3-ші бағанда сұрақтарға жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші жазылған:

Кесте 2 - 6 сынып оқушыларына «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша өткізілген эксперименталды сабақ нәтижесі (барлығы 30 оқушы)

Тест сұрақтары	Сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар саны	Сәйкес сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші
5 сұраққа дұрыс жауап берген	7	23%
4 сұраққа дұрыс жауап берген	6	20%
3 сұраққа дұрыс жауап берген	10	33%
2 сұраққа дұрыс жауап берген	3	10%
1 сұраққа дұрыс жауап берген	2	7%
Дұрыс жауабы жоқ	2	7%

Кесте 3 - 7сынып оқушыларына «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша өткізілген эксперименталды сабақ нәтижесі (барлығы 25 оқушы)

Тест сұрақтары	Сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар саны	Сәйкес сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші
5 сұраққа дұрыс жауап берген	8	32%
4 сұраққа дұрыс жауап берген	7	28%
3 сұраққа дұрыс жауап берген	4	16%
2 сұраққа дұрыс жауап берген	2	8%
1 сұраққа дұрыс жауап берген	2	87%
Дұрыс жауабы жоқ	2	8%

Кесте 4 - 8 сынып оқушыларына «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша өткізілген эксперименталды сабақ нәтижесі (барлығы 52 оқушы)

Тест сұрақтары	Сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар саны	Сәйкес сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші
5 сұраққа дұрыс жауап берген	15	29%
4 сұраққа дұрыс жауап берген	15	29%
3 сұраққа дұрыс жауап берген	11	21%
2 сұраққа дұрыс жауап берген	6	12%
1 сұраққа дұрыс жауап берген	3	6%
Дұрыс жауабы жоқ	2	3%

Сонымен «Ықтималдықтар теорисының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгеруде 6 сынып оқушыларының жақсы деңгейде (5 және 4 сұраққа жауап берген) жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші - 43%, 7 сыныпта - 60%, 8 сыныпта - 58%.

Қорытынды: «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгеруге 7 сынып оқушылары жас ерекшелігі жағынан 6 және 8 сынып оқушыларына қарағанда бейім.

§7. СИНОПСИС-СПИСОК БАЗОВОЙ ПОДГОТОВКИ ПО МАТЕМАТИКЕ ШКОЛЬНЫХ УЧИТЕЛЕЙ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ПРИНЦИПА «СНАЧАЛА МОЩНАЯ ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ПО ПРЕДМЕТУ, ТОЛЬКО ЗАТЕМ ДОПУСК К ПРЕПОДАВАНИЮ С УСВОЕНИЕМ ИЗВЕСТНЫХ И СОЗДАНИЕМ НОВЫХ МЕТОДИК ПРЯМОГО ПРИМЕНЕНИЯ»

При этом, разумеется, учащемуся Учитель не будет сообщать постигнутые им тонкости теории, но во всеоружии будет подготовлен к процессу обучения обучающихся со всеми разными способностями и мотивировками к получению знаний.

I ТАРАУ. МАТЕМАТИКАНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ. САНДАРДЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ-АЛГЕБРАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛДАРЫМЕН БІРГЕ АКСИОМАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ НЕГІЗІНДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДӘЛЕЛДЕУ МӘДЕНИЕТІ

§1. МАТЕМАТИКА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ СУРЕТТЕЙТІН ӨЗІНДІК ТІЛІНІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАУЛАРЫ

1. Өзара бөлек заттарды (нәрселерді) біріктіріп, бүтін бір заттай (нәрседей) қарастырғандағы жаңа зат (нәрсе) жиын, ал оның құрамындағы заттардың (нәрселердің) әрқайсысы сол жиынның элементі және солардың ішінде сандық жиын атты элементтері тек қана нақты сандар болатын математикалық анализ пәніндегі ерекше жиын.

2. Жиын анықталмайтын алғашқы ұғым ретінде – математиканың ғылым ретіндегі ұғымдық аппаратында жетекші идеялар тек алдыңғыларына сүйенетін анықтамалар түрінде қабылданады, әрине, осы тізбеде жиын деп аталатын ең алғашқысының бар болуы.

3. Математикалық таңбалар мен шартты белгілер – таңбалау жалпы өнер, не белгілеу өнері ғажайып құрал десе де болады, өйткені ол елес қызметін өзіне алады да ой жұмысын үдетеді. Белгілеулер жаңалықтар ашу үшін ыңғайлы болуы керек. Бұл көбінесе белгілеулер тереңде жатқан дүние құпияларын қысқа түрде бейнелегенде болады. Сонда ой-ізденіс қызметі таңғаларлық түрде қысқарады (Готфрид Лейбниц).

4. Символдық белгілеулер (символдар) және солар арқылы математикалық сөйлемдердің жазылуы – математикада ғасырлар бойы дами отырып қалыптасқан, символ деп аталатын арнайы құрылыстағы шартты белгілеулер арқылы тілдегі сөздерден сөйлем құрағандай толық математикалық сөйлемдердің символдық жазылулары.

5. Квантор деп жиі кездесетін сөз бен сөйлемшелердің (сөз тіркестерінің) символдармен белгілеулері аталады – үлгі ретінде қарама-қарсы мағынадағы кез келген мен табылады сөздері сәйкес $\forall$ (ағылшын тіліндегі All сөзінің бірінші әрпінің төңкеріліп жазылуы) және $\exists$ ағылшын тіліндегі Exist сөзінің бірінші әрпінің кері бағытта жазылуы) кванторларымен белгіленуі.

6. Индекстермен жабдықталған әріптерді пайдалану қажеттілігі – математикада белгілеулерді қажет ететін объектілер саны шексіз көп, ал белгілеудің негізгі құралы болатын латын және грек, сиректеу готикалық алфавиттердегі әріптердің жалпы саны жүзден аспауында.

7. Математикалық мағынада қолданылатын кей сөздердің түпнұсқасы – белгі, қасиет, ұғым не түсінік, өрнек, формула, тұжырым, шама тәрізді сөздердің лексикалық мағынасынан ерекшелендіретін математикалық кәсіби түсіндірмесі.

8. «Анықтама» және оның математикадағы өзіндік ерекше орны – сөз деген белгі, ал ол нені белгілеп тұрғаны түсіндірме сөздікте берілгеніндей математикадағы негізгі қасиеттердің қабылданатын, бірақ ешқашан да дәлелденбейтін анықтама арқылы ерекшеленуі, аталуы, белгіленуі.

9. Анықтаманың символдық жазылуы – сөзбен айтылған анықтаманы математикада дәл түсіну мен барлық мазмұнын аша және қажетті белгілеулерді енгізе отырып, нәтижелі қолдануды қамтамасыз ететін бірмәнді түрде жазылуы.

10. Теңдік таңбасының әртүрлі мағыналары – тепе-теңдік, орындалатын не орындалмайтын тұжырым ретінде, теңдеуді анықтайтын шартты теңдік, анықтама ретінде, жаңа символды енгізу қызметінде.

11. Теорема және оған кері теорема – шарт деп аталатын қасиеттен қорытынды деп аталатын қасиет шығатын құрылымдағы, қойылған сұраққа жауап беретін тұжырым және де ондағы шарт пен қорытындының орнын ауыстырғанда орындалатын теорема.

12. «Үшінші мүмкіншілік ешқашан да қарастырылмайды» заңы мен соның негізіндегі «кері жору» атты дәлелдеу әдісі – әрқашанда A тұжырымы мен $\overline{A}$ арқылы белгіленетін оған қарама-қарсы тұжырымның біреуі және солардың тек қана біреуі орындалауы деп қабылданған логикалық қағида және оның негізінде дәлелдеу керек қорытындыға қарама-қарсы тұжырым орындалады деп ұйғарудан теорема шартына немесе бұрын дәлелденген тұжырымға қайшы келу арқылы дәлелдеу әдістемесі.

13. $A \to B \leftrightarrow \overline{B} \to \overline{A}$ теоремасы – шарт деп аталатын қасиеттен қорытынды деп аталатын қасиеттің шығуы мен қорытындының орындалмауынан шарттың орындалмауының шығуының пара-парлығы.

14. Әр теореманың «Қажетті» және «Жеткілікті» сөздерінің әрқайсысы арқылы оқылуы - $A \to B$ теоремасының « B орындалуы үшін A тұжырымының орындалуының жеткіліктілігі» мен « A тұжырымының орындалуы үшін B тұжырымының орындалуының қажеттілігі» түріндегі өзара пара-пар екі оқылуы және де оқылудағы «жеткілікті» деген сөздің әдеттегі мағынасына сәйкес болып, талқылауды қажет етпеуі мен «қажетті» деген сөздің $A \to B \leftrightarrow \overline{B} \to \overline{A}$ теоремасының тікелей салдары болуы.

15. «Критерий» атты теорема – тура және кері теоремалардың бір уақытта орындалуы және де оның құндылығының шарттарының бірінен-бірі алыс болуымен теорема тақырыбы болатын *анықтаманың басқаша оқылуы болатын* техникалық түрден ары қарай өсе беруі.

16. Математикалық сөйлемнің жазылу түрлері – тек қана тілдік сөзбен, тек қана символдық түрде және сол екеуінің аралас түрінде жазылуы.

17. Қарама-қарсы (кері) тұжырымдау ережесі – тұжырымды символдық түрде жазып, шарттағы сөйлемшелерді өзгертпей, бірақ $\forall$ және $\exists$ кванторларын өзара ауыстырып, қорытынды тұжырымды оған қарама-қарсы тұжырымға ауыстыру.

18. Кері анықтама – қарама-қарсы тұжырым құру ережесі арқылы алынады да, жалпы қолданыста тікелей анықтамамен қатар жүріп, математиканың негізгі түйіндері жүйеленген анықтаманың өзін толық және терең түсінуді қамтамасыз етеді.

19. Анықтаманың «атынан затына» және «затынан атына» бағыттарда қолданылуы – математикада орындалды деп қабылданған ұғымның аты аталғанда затындағы қасиеттерінің қолданысқа түсуі мен керісінше, атын дәлелдеу керек болған жағдайда затының әрбір қадамының орындалуын қамтамасыз етіп, мазмұнынан атына көшу.

20. Математикалық білім алу кезеңінде саналы түсінуге жол салатын формалды және интуитивті екі құраушы – анықтама кері анықтамамен бірге, теорема қатаң түрде оқулықты толық оқу арқылы формалды игеріледі де, артынша сезім деңгейінде түпсанаға ұялайды.

21. Математикалық ұғымдар мен терминдердің атауында ұлт тілінің жалпы мағыналы сөздерді қолданудың оң және теріс жақтары, оқулықтарда кездесетін «тірі» тілден алынған терминдердің әртүрлі тілдік ықпалдары – «*үзіліссіздік*» ұғымы бірмәнді математикадағы мағынаны берсе, «тізбек» сөзі математикадағы ұғымның кескінін бір қарағанда дұрыс бергендей болғанымен, бірінен кейін бірі тізбектейді мағынасында дұрыс функция ұғымынан ауытқып кетеді, ал енді *«ақырсыз аз шама», «мейілінше кішкене оң ε саны», «ақырсыз қосынды», «айқындалмаған функция»* сияқты сөз тіркестері мүлдем басқа мағынаға бұрады.

§2. ЖИЫН БЕРІЛУЛЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ДЕ ОЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АМАЛДАР

1. Жиын құру әдістемелері – қайсібір қасиет не қасиеттерді қанағаттандыратын барлық нәрселерді (заттарды) бөліп алу мен берілген жиындарға амалдар қолдану арқылы.

2. Жиын берілген қасиетті элементтердің жинағы ретінде және сол пайда болған жиынның, оны құрайтын элементтер мен элементтерді анықтайтын қасиеттердің символдық белгілеулері.

3. Жиындарға қолданылатын амалдар – жиындардың бірігуі, қиылысуы, айырымы амалдарын сәйкес логиканың «кемінде бірінде – не», «әрқайсысында – және», «біріншісінде жатып, екіншісінде жатпаса» тәртіптері арқылы анықталуы.

4. Жиын элементтерінің нүкте деп те аталу себептері.

§3.ФУНКЦИЯ АНЫҚТАМАСЫ МЕН ОНЫҢ ТАЛҚЫЛАУЛАРЫ

1. Функцияның жалпы анықтамасы – анықталу және мәндер қабылданатын жиын деп аталатын берілген екі жиын арасындағы сәйкестік, тәуелділік, анықталу жиынының әр элементіне қолданылатын ереже, тәртіп, заң, амал, алгоритм ретінде.

2. Функция анықтамасындағы үш элементтің бірі – функция аргументі немесе тәуелсіз айнымалысы деп аталатын анықталу жиынының кез келген элементін бейнелейтін символ.

3. Функция анықтамасындағы үш элементтің келесісі – аргумент не тәуелсіз айнымалыға қолданылатын ереже, тәртіп, заң, амал, алгоритм және оның белгілеулері, нәтижесінде анықталу және мәндер қабылданатын жиындарының арасында орнатылған тәуелділік, сәйкестік.

4. Функция анықтамасындағы үш элементтің соңғысы – функцияның мәні деп аталатын аргументтің әрбір мәніне ереже қолдану нәтижесінде мәндер қабылданатын жиыннан сәйкес қойылатын 0 де емес, 2 де емес, т.с.с. басқа да емес тек 1 ғана – жалғыз(!) мән.

5. Функциялар теңдігі – анықталу жиындары ортақ екі функцияның аргументтің әрбір мәнінде сәйкес осы екі функциялар мәндерінің өзара тең болуы, яғни теңдік таңбасының бір қолданысы болатын тепе-теңдікті сақтауы.

6. Табиғаты кез келген ортақ анықталу жиынды, мәндері қабылданатын жиын сандық жиын болатын нақты мәнді функцияларға арифметикалық амалдар қолдану арқылы жаңа функцияларды анықтау – анықталу жиынының әр нүктесінде сол нүктедегі функция мәндеріне аталмыш арифметикалық амалдар орындалады да, оның нәтижесі мақсатты функцияның мәні ретінде қабылданады.

7. Ішкі және сыртқы деп аталатын, екіншісі біріншісінің мәндер жиынын қамтитын жиында берілген екі функция арқылы анықталатын күрделі функция не сол функциялар суперпозициясы – сыртқы функцияның аргументін ішкі функцияға ауысту, нәтижесінде ішкі функцияның анықталу жиынының әр нүктесінде бірінен кейін бірін, әуелі ішкі, сонан соң ол функцияның мәніне сыртқы ережені қолдану.

8. Функция анықтамасындағы алгоритм түрінде берілетін ереже – айнымалыларға қолданылатын ережені бірінен соң бірі кезекпен орындалатын амалдар тізбесіне жіктеу.

9. Тағы да формула туралы және функцияның формула арқылы берілуі – формуланың ереже ретінде оқылуы, ол орындалатын барлық нүктелер функцияның анықталу жиынын құрауы.

10. Негізгі элементар және элементар функциялар – негізгі эдементар деп аталатын дәрежелік, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық және кері тригонометриялық 5 түрлі функцияларға төрт арифметикалық амал мен күрделі функция құрудан тұратын 5 түрлі амалдарды ақырлы рет қолдану қорытындысындағы элементар деп аталатын функция.

11. Функцияның берілген жиынынан оның жиыншасына тарылуы – жиынның әр элементіне қолданылған ереженің қолдану өрісін оның жиыншасына тарылтып, берілген жиында анықталған функцияның тарылуы болатын жиыншадағы жаңа функцияның анықталуы.

12. Тізбек деген функцияның жалпы анықтамасының анықталу жиыны барлық оң бүтін сандар болғандандағы әр оң бүтін санға бір объектіні сәйкес қоятын дербес жағдайы – объекттер айтылым болғанда айтылымдар тізбегі, сан болғанда сандық тізбек, сегмент болғанда сегменттер тізбегі және де объект анықталу жиындары бірдей функциялар жиынынан алынғанда функциялар тізбегі.

13. Функцияннның анықталу жиынының бейнесі мен мәндер қабылданатын жиынының жиыншасының алғашқы бейнесі – сәйкес функцияның барлық мәндерінің жиыны мен мәндері мәндер қабылданатын жиынның алдын ала алынған жиыншасында жататын аргумент мәндерінен құрылған жиын.

14. Функциялардың түрлері: сюрьективті – функция анықтамасындағы мәндер қабылданатын жиынның әрбір элементі функция мәні болуы, яғни анықтамадағы мәндер қабылданатын жиынның функция бейнесімен беттесуі; иньективті – аргументтің әртүрлі мәндеріне функцияның әртүрлі мәндерінің сәйкес келуі немесе функция анықтамасындағы мәндер қабылданатын жиынның кез келген бір элементті жиыншасының алғашқы бейнесінің бір элементті жиын не бос жиын болуы; биективті –аргументтің әртүрлі мәніне функцияның әртүрлі мәндері сәйкес келумен қатар функция анықтамасындағы мәндер қабылданатын жиынның әрбір элементі функция мәні болуы, яғни функцияның сюрьективті әрі иньективті болуы.

15. Берілген (тура) функцияға кері функция тура функцияның мәнін тәуелсіз айнымалы етіп, аргументін оған сәйкес келетін мән етіп орын ауыстыратын сәйкестік – тура функцияның мәндерінен құрылған жиында анықталған және оның әр нүктесіне тура функция үшін осы нүкте жалғыз ғана нүктеде мән болғанда аргументтің сол мәнін сәйкес қоятын ереже, бұл тек қана инъективті функция үшін ғана орындалады.

16. Функцияның екі жиын арасында өзара бірмәнді сәйкестікті орнатуы – биективті функцияның өзінің анықтамасындағы анықталу жиыны мен барлық мәндер жиыны арасында орын алатын сәйкестік.

17. Екі жиынның эквиваленттілігі теоретика-жиындық қасиет ретінде – екі жиынның қандай да бір биетивтік қатынаста болуы.

18. Екі жиын эквиваленттілігінің қолданысы: ақырлы жиындар және ақырсыз жиындар – сәйкес жиынмен эквивалентті болатын алғашқы n оң бүтін саннан тұратын жиынның табылуы және ондай жиынның табылмауы, яғни қандай n оң бүтін сан алсақ та өзара бөлек n+1 элементтің табылуы.

19. Екі жиын эквиваленттілігінің тағы бір қолданысы: саналымды жиындар – жиынның барлық оң бүтін сандар жиынына эквиваленттілігі, яғни қайсыбір иньективті тізбектің барлық мәндер жиыны ретінде бейнеленуі.

20. Теңдеу атты берілген сандық функция мен берілген сан арасындағы шартты теңдік – теңдеуді шешу (зерттеу) есебі берілген сан берілген функцияның теңдеу шешімі деп аталатын осы мәнге тең аргумент барлық мәнін табудан не функцияның анықталу жиынының барлық нүктесінде функцияның мәні осы саннан өзге болып, теңдеу шешімсіз болуын көрсетуден тұруы.

21. Формула термині – сөздерді қолданбай шартты белгілер мен әріптер арқылы ғана математикалық мағынадағы (жалпы жағдайда – ғылыми) сөйлемдерді қысқартып жазу түрі.

§4. АҚЫРЛЫ САН ДЕП ТЕ АТАЛАТЫН НАҚТЫ САНДАРДАН ҚҰРЫЛҒАН САНДЫҚ ЖИЫНДАР МЕН ОНЫҢ ЕКІ АҚЫРСЫЗ САНМЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛУЫ

1. Кеңейтілген нақты сандар жиыны атты $+\infty$ және $-\infty$ символдарынмен толықтырылған нақты сандар жиыны – нақты-ақырлы сандар жиынына меншіксіз сандар деп те аталатын $+\infty$ және $-\infty$ символдарымен белгіленген ақырсыз сандарды енгізу және математиканың ішкі құрылымы бойынша осы үш түрлі сандардың арифметикалық арақатынастары анықталу міндетінде $\frac{\infty}{\infty}$, $\infty-\infty$, $0\cdot\infty$ сияқты арифметикалық амалдар енбейтін «шағын» арифметикасын құру.

2. Сандық жиын мен оның жоғарғы және төменгі шені атты нақты сандар – сәйкесінше, берілген сандық жиынның әрбір элементі одан аспайтын және кем емес болатын нақты сандар, осы орайда $+\infty$ кез келген сандық жиынның жоғарғы шені және $-\infty$ кез келген сандық жиынның төменгі шені болуы.

3. Жоғарыдан шенелген, төменнен шенелген және шенелген сандық жиын – сандық жиынның сәйкесінше нақты мәнде жоғарғы, төменгі шендерінің және екеуінің де бар болуы.

4. Сандық жиынның ең үлкен және ең кіші элементтері – сәйкесінше сандық жиынның өзінде жататын жоғарғы, төменгі шендерінің, яғни берілген сандық жиынның өзінде жататын және оның әрбір элементінен аспайтын және кем емес болатын нақты сандардың бар болуы.

5. Аралық атты ерекше сандық жиындар – тоғыз түрлі екі жақты теңсіздіктермен берілген шенелген, біржақты шенелген не екі жақты шенелмеген сандық жиынның өзін беретін, сегмент, интервал, жартылай сегмент, жартылай интервал деп аталатын сандық жиындар, соның ішінде алдын ала берілген аралықтың шекаралары деп екі санның кішісінен артық және үлкенінен кіші барлық нақты сандардан тұратын интервал мен кішісінен кем емес және үлкенінен аспайтын барлық нақты сандардан тұратын сегмент.

§5. НАҚТЫ САНДАР ЖИЫНЫНЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЛГЕБРАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

1.Күнделікті қолданыстағы және онсыз өркениет болмайтын нақты сандар әлемін ұзындықты өлшеу мәселесі арқылы құру – өлшеушінің өз еркінде тағайындалған ұзындығы «бір» атты және 1 белгілеуіндегі сан деген затқа (ұғымға) тең «бірлік кесінді» деп аталатын эталондық кесіндімен кез келген кесіндінің ұзындығын өлшеу рәсімінде оның өлшеуіші деп аталып, өлшеуі болатын нақты сандардың туындауы.

2. Цифр атты таңбалар сандық әлемнің бастапқы әрі негізгі жазу белгісі ретінде және олар арқылы сандар жазылуының позициялық жүйесі – сөздерді жазу үшін әліпбидегі әріптер қолданылатынындай сандарды жазу үшін де цифр деп аталатын арнаулы таңбалардан тұратын жинақтың қолданылуы және сан жазылуындағы цифрлардың атқаратын міндетінің әріптерден айырмашылығы оның мәнімен қоса, өзінің орнымен (позициясымен) анықталуы.

3. Алғашқы геометриялық келісімдер – кесінді, оның ішкі және шекаралық нүктелері, түзу, сәуле.

4. Алдын ала таңдап алынған кесіндіні циркуль атты құрал көмегімен қалауымызша қайталап (керекті сәуле бойында) сала алу мүмкіндігі, циркульдің бекітілген ашасымен салынған кез келген екі кесінді өзара тең деп қабылдау – циркуль ашасымен бекітілген кесіндіні өлшеп алып, бір ұшын сәуле басына қойып, басқа ұшын сәуле бойына салғанда осы екі нүкте арасы шеткі нүктелері сәуле басы мен белгіленген нүкте болатын ізделінді кесіндіні беруі және келесі қадамда осы әрекетті қайталай отырып, белгіленген кесіндіні қалауымызша рет салу.

5.Ретімен берілген кесінділерді қосу амалы – реттелген қос кесіндіні нәтижесі де кесінді болатындай геометриялық тұрғыдағы қосу.

6. Бірлік кесінділерден $1, 2, 3, \ldots, 9, 10, 11, \ldots$ оң бүтін сандарға көшу жолы: ұзындықты өлшеу есебі 0 таңбасымен белгіленетін ерекше «нөл» саны, 1 таңбасымен белгіленетін ерекше «бір» саны және кезекті $2, 3, \ldots$ таңбаларымен белгіленетін оң бүтін сандар көзі ретінде – сәйкес кесіндінің ұштары бір нүктеде беттескендегі сол нүктеден ғана тұратын «кесінді ұзындығын» белгілейтін «нөл» атты сан, эталон түрінде алынатын кесіндінің ұзындығы ретінде тағайындалған «бір» саны және алдын ала келісіліп алынған қос бірлік кесіндіні қосу амалының нәтижесі болатын кесінді ұзындығы ретіндегі «екі» атты $2 := 1+1$ санын, анықталған екі санына сәйкес келетін кесіндіге бірлік кесіндіні қосу нәтижесінің ұзындығына сәйкес «үш» атты $3 := 2{+}1 = 1{+}1{+}1$ санын анықтағандай барлық оң бүтін сандарды беру, анықталу негізінде $2 := 1+1, 3 := 2+1 = 1+1+1, \ldots,$ қорытындысында ізделінді $0, 1, 2, \ldots, 9$, ары қарай позициялық жүйеде жазылған $10, 11, \ldots$ нөл мен оң бүтін сандар тізбесіне келу.

7. Ұзындықтары a және b оң бүтін сандарға тең болатын ретімен алынған екі кесіндіні қосу амалы негізінде олардың ұзындықтары болатын оң бүтін сандарды қосу амалын анықтау, дәл символдық түрде айтқанда, кез келген оң бүтін a және b

сандары үшін ұзындықтары осы оң бүтін сандарға тең екі кесінді алынып, олардың қосындысының ұзындығы берілген сандардың қосындысы деп аталуы және $a+b$ түрінде символдық белгіленуі және оң бүтін сандарды қосу кестесін есептеу – сәйкесінше ұзындықтары берілген екі санға тең кесіндінің ұзындығы a санына тең болатын біріншісін сәуле басынан бастап салып, ұзындығы b санына тең болатын екіншісінің бастапқы нүктесін бірінші кесіндінің соңғы нүктесіне беттестіргеннен кейін сәуле бойындағы бірінші кесіндінің бастапқы нүктесінен бастап, екінші кесіндінің соңғы нүктесі арасындағы жаңа кесінді ұзындығын өлшеу нәтижесі бастапқы екі кесінді ұзындықтары болатын оң бүтін сандардың $a+b$ қосындысын анықтауы, соның ішінде $a=2, b=2$ болғандағы $a+b=2+2$ қосу амалы және одан бөлек екі санды қосу амалын орындау нәтижесінен құралған қосу кестесі, $2+2=4$ теоремасы.

8. Кесінділерді қосу амалының коммутативтік немесе, сол мағынадағы, орынауыстырымдылық қасиеті және соның негізінде кесінділердің ұзындықтарына тең екі санды қосу амалының коммутативтілігі – берілген қос кесіндінің қайсысы бұрын, қайсысы кейін алынатындығының қосынды нәтижесіне әсерсіздігі: $+CD=CD+$ және соның негізінде екі оң бүтін a және b сандарын қосу амалы нәтижесінің қосылғыштардың қайсысын бірінші, қайсысы екінші алатындығына тәуелсіздігі, басқаша айтқанда, ретінің маңызсыздығы: $a+b=b+a$.

9. Нөл атты «0» санының қосу амалы өрісіндегі «нейтралдық (бейтараптық)» ерекше қасиеті: кез келген a санына нөл санын қосқанда нәтижесі өзгеріссіз a санының өзіне тең болуы, формула түрінде $a+0=a=0+a$ екі санды қосу амалына негіз болған кесінділерді қосу кезінде ұзындығы кез келген теріс емес a санына тең кесіндіге тек бір нүктеден тұратын ұзындығы нөлге тең кесінділі жалғағанда бірінші кесінді соңымен беттесіп, қосынды нәтижесінің бастапқы кесіндінің өзі болуы.

10. Үш реттелген кесіндіні қосу ережесі – екі реттелген кесіндіні қосу амалы арнайы анықтаманы қажет етсе, үш реттелген кесіндіні қосу амалының анықталған екі реттелген кесіндіні қосу амалын екі мәрте орындау ережесі ретінде және соның негізінде сол кесінділердің ұзындықтарына тең үш реттелген санды қосу амалының ережесі ретінде қабылдануы.

11. Екі реттелген кесіндіні қосу амалы арқылы реттелген үш кесіндіні қосу әдістемесін реттелген төрт, соның жалғасы болатын кесінділердің кез келген реттелген оң бүтін санын қосу амалының ережесін қабылдау және соның негізінде сол кесінділердің ұзындықтары оң бүтін сандар болғанда реттелген $4, 5, 6, 7...$ оң бүтін сандарды қосу ережесінің сол түріндегі көшірмесі.

12. Үш AB, CD және EF ретінде берілген кесінділерді қосу амалының кесінділер ретіне тәуелсіздігін білдіретін ассоциативтілік (терімділік) заңы $(AB+CD)+EF=AB+(CD+EF)$ – екі кесіндіні қосу амалын екі рет орындау арқылы анықталған үш кесіндіні қосу амалы нәтижесінің жазылу тәртібіндегі ретке сәйкес алғашқы екеуінің қосындысына үшіншісін қосу мен біріншісіне соңғы екеуінің қосындысын қосу нәтижелерінің тең болуы. Және де ауыстырымдылық пен терімділік заңдары бойынша кесінділердің ретін, таңдау мүмкіндігін әртүрлі етіп алып, басқа да ретпен қосқанда да қосынды нәтижесі өзгермеуі. Анықталған ереженің кесіндіден тікелей сандар қосындысының ассоциативтік қасиетіне, онымен қоса, қосынды нәтижесін өзгертпей кез келген ретпен кез келгенін топтау мүмкіндігіне әкелуі.

13. Оң бүтін санды оң бүтін санға көбейту амалы: оң бүтін сандар үшін анықталған қосу амалы негізінде алдын ала алынған бір оң бүтін санды өз-өзіне қайталай қоса беретін ерекше амалдың көбейту атты жаңа амалды анықтауы және сол арқылы қысқаша жазылуы, оның сандық мәнін кесінділерді қосу амалымен есептеу жолы, соның негізінде мектептегі «Жаттап ал!» деп ұсынылатын көбейту кестесін оқырманның өзі құру әдістемесі – ұзындығы оң бүтін m санына тең n кесіндіні өз-өзіне қосу амалы оң бүтін n санын m санына көбейту амалы ретінде және сол амал нәтижесінде пайда болған жаңа кесіндінің $\underbrace{m+m+\cdots+m}_{n}$ санына тең ұзындығы $n\times m$ түрінде белгіленетін анықталған көбейту амалының мәні болуы, «Математикалық жетілу» деңгейіне келудің алғашқы қадамы ретіндегі « 3×4 амалы дегеніміз не?» және екі санды көбейту амалын орындау нәтижесі болатын « 3×4 неге тең?» сұрақтарын ажырата білу, соның негізінде алғашқы ғылыми нәтиже болып табылатын баған-баған бойынша көбейту кестесін өзі есептеп құруы.

14. Оң бүтін сандарды көбейту амалының коммутативтік $n\times m=m\times n$ қасиеті, соның негізінде « n жердегі m » делінген $n\times m$ жазылуымен қатар $m\times n$ түрінде пара-пар бейнеленуі – көбейту амалының геометриялық көрінісі: жазықтықтағы жақтарының ұзындығы n және m оң бүтін сандар болатын бір тіктөртбұрыш бір ретпен санағанда жақтары бірлік кесінді болатын бірлік квадрат атты $n\times m$ тіктөртбұрыштарға, оған қарсы ретпен санағанда сондай $m\times n$ бірлік квадраттарға жіктеліп, сол себепті ізденісті $n\times m=m\times n$ теңдігінің орындалуы.

15. Кесінділерді салыстыру – екі кесіндінің әрқайсысының шекаралық нүктелерінің бірін сәуле басында, екіншілерін сол сәуле бойында салғанда, олардың сәуле бойында орналасуына қарай геометриялық тұрғыдан ұзын, қысқа және тең мағынасында салыстыру.

16. Кесінділерді салыстыру негізіндегі сандарды салыстыру – екі кесіндіні салыстырғандағы бірінен бірі ұзын, қысқа және тең қатынастары олардың ұзындықтары болатын нөл мен оң бүтін сандар арасында үлкен, кіші және тең қатынастарын орнатуы, соның ішінде 0 санының кез келген оң бүтін саннан кіші болуы және де $0<1<2<\cdots<n<\cdots$ қатынастарының орындалуы.

17. Кесінді ұзындығын өлшеу және оның сандық сипатталуы – бірлік кесінді немесе оны тең бөліктерге ақырлы не ақырсыз рет бөлгендегі оның тең бөлігі берілген кесіндіде дәл неше рет орналасатындығын анықтау рәсімі мен нәтижесінің сан жазылуы арқылы таңбалануы.

18. Кесіндінің ішкі, соның арасында ерекше орын алатын өзара тең кесінділерге жіктелуі – алдын ала берілген кесіндіні қосындылары сол кесіндіге тең болатын өзара тек қана шеткі нүктелері бойынша қиылысатын кесінділер арқылы өрнектеу.

19. Оң бүтін сандардың кесінді ұзындықтарын өлшеуде жеткіліксіздігі, сол себепті олардың жәй бөлшектермен толықтырылуы – бірлік кесіндіні саны қалауымызша болатын өзара тең ішкі кесінділерге жіктеу негізінде өлшеу эталоны ретінде қабылданатын шексіз ұсақ кесінділер арқылы өлшенуі.

20. Алдын ала қабылданған бірлік кесінді арқылы құрылған оң бүтін сандар тілінде кез келген кесіндіні циркуль мен сызғыштың көмегімен кез келген алдын ала берілген тең бөліктерге бөлінуі.

21. Жай бөлшектің « n -нен m » оқылуындағы және $\frac{m}{n}$ жазылуында Ахмет Байтұрсынов енгізген n -«бөлімі» және m -«алымы» атты сөйлеп тұрған атаулар – бірлік кесінді ретінде қабылданған кесіндінің бөлімі деген атына сай дәл n санына тең бөлікке бірдей етіп бөліп, алымы деген атау өзі айтып тұрғандай ұзындығы $\frac{1}{n}$ деп белгіленген кесінділердің m данасын алу 1^0. $\underbrace{\frac{1}{n}+\frac{1}{n}+...+\frac{1}{n}}_{m}=m\times\frac{1}{n}\equiv m\cdot\frac{1}{n}=:\frac{m}{n}(n=1,2,\ldots;m=0,1;\ldots)$.

22. Кесінді ұзындығын өлшеу кезінде пайда болған жай бөлшектер атты сандардан құрылған жаңа жиын элементтері арасындағы салыстыру қатынастарын сондай ұзындықты кесінділер арқылы негіздеу – алдын ала берілген оң мәнді екі жай бөлшекті салыстыру мақсатында ұзындықтары соларға тең кесінділердің бір шеткі нүктелерін бір сәуле басымен беттестіре сол сәуле бойында салғанда келесі ұштарының біріншісі екіншісінің оң жағында, сол жағында және беттесіп орналасуына сәйкес бірінші бөлшектің екіншісіне қарағанда үлкен, кіші және тең болуы.

23. Бірлік кесіндіні тең $n(n=1,2,\ldots)$ бөлікке бөліп, сондай бөліктерді n рет алғанда қайтадан бастапқы бірлік кесіндіге келу 2^0. $\underbrace{\frac{1}{n}+\frac{1}{n}+\cdots+\frac{1}{n}}_{n}=n\times1/n\equiv n\cdot1/n=1.$

24. Бөлімдері бірдей бөлшектерді ортақ бірлік кесінді бойынша салынған сәйкес кесінділер арқылы салыстырудың геометриялық мағынасы және оларды салыстырудың бөлшек алымдарын салыстырумен пара-парлығы – бөлімдері өзара тең екі $\underbrace{\frac{1}{n}+\frac{1}{n}+\cdots+\frac{1}{n}}_{m}=m\times\frac{1}{n}\equiv m\cdot\frac{1}{n}=:\frac{m}{n}$ және $\underbrace{\frac{1}{n}+\frac{1}{n}+\cdots+\frac{1}{n}}_{p}=p\times\frac{1}{n}\equiv p\cdot\frac{1}{n}=:\frac{p}{n}$ жай бөлшекке сәйкес келетін кесінділердегі бірлік кесіндінің тең n бөлікке бөлінгендегі $\frac{1}{n}$ ұзындықты бөлігінің әр кесіндідегі m және p сандары үшін бүтін сандарды

салыстыру бойынша $m < p, m > p$ және $m = p$ болуына сәйкес бірінші кесіндінің екіншісінен қысқа, ұзын және тең болуы және сол арқылы осы кесінді ұзындықтары $\frac{m}{n}$ мен $\frac{p}{n}$ сандары арасында $3^0. \frac{m}{n} < \frac{p}{n} \Leftrightarrow m < p, 4^0. \frac{m}{n} > \frac{p}{n} \Leftrightarrow m > p, 5^0. \frac{m}{n} = \frac{p}{n} \Leftrightarrow m = p$ қатынастарының қабылдануы.

25. «Бөлшектің негізгі қасиеті» атты кез келген оң бүтін m, k, n сандары үшін $\frac{m}{n}$ бөлшегінің алымын да, бөлімін де k санына көбейткенде бөлшектің жазылуы өзгергенімен сандық мәнінің өзгермеуін беретін $\frac{m}{n} = \frac{m \cdot k}{n \cdot k}$ теңдігі – кез келген кесіндіні тең k бөлікке бөліп, сондай бөліктерді k қосылғыш ретінде алғанда пайда болған қосынды бастапқы кесінді болуынан осы жолмен ұзындығы $\frac{1}{n}$ кесіндісін тең k бөлікке бөлгенде $\frac{1}{n \cdot k}$ ұзындықты кесінділер шығады да, олардың k данасын қосылғыш ретінде жинап алғанда қайтадан $\frac{1}{n}$ ұзындықты кесінді, ал $\frac{1}{n}$ ұзындықты кесінділердің m данасынан құралған $\frac{m}{n}$ ұзындықты кесінді $\frac{1}{n \cdot k}$ -ұзындықты кесінділермен есептегенде олардың саны mk болатындығының көрнекі геометриялық түсіндірмесі.

26. Бөлімдері әртүрлі екі жай бөлшектер үшін ортақ бірлік кесінді бойынша салынған сәйкес сол ұзындықты кесінділерді салыстыру есебі геометриялық тұрғыдан мүмкін болса да оны берілген бөлшектердің мәндері арқылы өрнектеу сәл ойланғанда шешілмейтін күрделі мәселе екендігінің айқын көрінуі мен оларды салыстыру әрекетінің табылу кереметтілігінен тұратын ғажап оқиға және оның геометриялық мағынасы мен аналитикалық өрнектелуі – әртүрлі тең бөлікке бөлінген бірлік кесінді бөліктерінен солардың қайсыбір сандарын алғанда пайда болған кесінділердің, әрине, ұзындықтарымен бірге, қайсысының өзі, сол мағынада мәні үлкен, қайсысынікі кіші, не өзара тең екендігін тікелей салыстырғанда анықтау мүмкін емес күрделі мәселенің Математика «құдіретімен» шешілуі: егер де алдын ала берілген жай бөлшек сандар $\frac{m}{n}$ және $\frac{p}{q}$ болса, онда ортақ бірлік кесіндіні салыстырылып жатқан кесінділердің бөлімдерінің көбейтіндісі болатын $n \cdot p$ бірдей бөлікке бөлгенде «Бөлшектің негізгі қасиеті» бойынша $\frac{m}{n}$ -ұзындықты кесіндіні $\frac{1}{n \cdot p}$ -ұзындықты кесінділерден $m \cdot p$ кесінді, ал $\frac{p}{q}$ -ұзындықты кесіндіні qn кесінді құрайды да, салыстырылып жатқан кесінділердің қайсысында $\frac{1}{n \cdot p}$ -ұзындықты кесінді көп болса, сол ұзын, бірдей болғанда тең болуы және оның бөлшекті беріп тұрған төрт m, n, p, q сандары арқылы өрнектелуі.

27. «Бөлшекті қысқарту» атты кез келген оң бүтін m, k, n, p, q сандары үшін $\frac{m}{n}$ бөлшегінің алымы мен бөлімі сәйкес $m = kp$ мен $n = kq$ түрінде жазылатын k санына еселі болғанда (бүтін бөлінгеде) бөлшектің жазылуы өзгергенімен сандық мәнінің өзгермеуін беретін $10^0 : \frac{m}{n} = \frac{k \cdot p}{k \cdot q} = \frac{p}{q}$ (соның ішінде $\frac{12}{18} = \frac{6 \cdot 2}{6 \cdot 3} = \frac{2}{3}$ теңдігінің кесінді ұзындығын өлшеу тұрғысынан геометриялық түсіндірмесі – бірлік кесінді тәрізді кез келген кесіндіні тең k бөлікке бөліп, осылай ұсатылған бөліктерді қайтадан k рет алғанда бастапқы кесіндіге келетінімізді тағы да қолдана отырып, бірлік кесіндіні өзара тең kq бөлікке бөліп, ұзындығы $\frac{1}{k \cdot q}$ кесінділерден kp рет алынған кесінділерді k данадан топтастырғанда әр топта $\frac{1}{q}$ ұзындықты кесінділердің шығуы мен олардың санының p болуы негізінде кесінді ұзындығы мәнінің $\frac{p}{q}$ санына тең болуы және сол себепті $10^0. \frac{m}{n} = \frac{k \cdot p}{k \cdot q}$ мен $\frac{p}{q}$ бөлшектерінің өзара теңдігі.

28. Бөлімдері өзара тең жай бөлшектерді $11^0. \frac{m_1}{n} + \frac{m_2}{n} = \frac{m_1 + m_2}{n}$ қосу ережесінің геометриялық мағынасы мен «алым-бөлім» атауларындағы оқылуы – тең n бөлікке бөлінген бірлік кесіндінің бөлігінен алдымен m_1, сонан соң m_2 кесінді алып, қосқанда дәл сондай $m_1 + m_2$ кесінді шығуы және де бұл амалдың «Бөлімдері өзара тең екі жай бөлшектердің қосындысы бөлімі бастапқы бөлшектердің бөліміне, ал алымы берілген бөлшектердің алымдарының қосындысына тең болатын бөлшек» ережесі түрінде өрнектелуі.

29. Бөлімдері өзара тең жай бөлшектерді қосу амалының $12^0. \frac{m_1}{n} + \frac{m_2}{n} = \frac{m_2}{n} + \frac{m_1}{n}$ коммутативтік заңы – бөлімдері өзара тең жай бөлшектерді қосуда қайсысын бірінші, қайсысын екінші алатындығы қосынды нәтижесіне әсер етпеуін көрсететін оң бүтін сандарды қосу амалының коммутативтік қасиетінің тікелей салдары.

30. Бөлімдері өзара тең емес екі жай бөлшекті қосу ережесінің «Бөлшектің негізгі қасиеті» мен бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесінің тікелей салдары болатын $\frac{m}{n} + \frac{p}{q} = \frac{m \cdot q}{n \cdot q} + \frac{p \cdot n}{n \cdot q} = \frac{m \cdot q + p \cdot n}{n \cdot q}$ жолымен аналитикалық дәлелдемесі – бөлімдері әртүрлі жай бөлшектерге сәйкес келетін кесінділер салып, оларды бір-біріне жалғау арқылы қосындысы болатын кесінді табу қиын емес болғанымен сол кесіндінің ұзындығын осы жай бөлшектерді анықтайтын төрт m, n, p, q сандары арқылы өрнектеп жазу дәл осындай бөлімдері әртүрлі бөлшектерді салыстырудағы қиындықтарды сақтайды да (дәл осыны оқырман санасына әбден енгізу қажет), «Бөлшектің негізгі қасиеті» арқылы бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу амалына әкелу негізінде бұл күрделі мәселе математиканың «құдіретімен» $\frac{m}{n}$ -ұзындықты кесіндідегі әрбір $\frac{1}{n}$ ұзындықты бөлікті тағы q бөлікке бөліп, $\frac{1}{n \cdot q}$ -ұзындықты кесіндіден $m \cdot q$ кесінді, ал $\frac{p}{q}$ -ұзындықты кесіндінің $\frac{1}{q}$ -ұзындықты әр бөлігін тең n бөлікке бөліп, одан $\frac{1}{qn}$ -ұзындықты кесіндіден $p \cdot n$ кесінді алынған соң, ұзындықтары оң бүтін сандарды көбейту амалының $n \cdot q = q \cdot n$ қасиеті бойынша бірдей ортақ бөлім атты өзара тең $\frac{1}{n \cdot q} = \frac{1}{q \cdot n}$ кесіндіні әуелі $m \cdot q$, сонан соң $p \cdot n$ рет алып, қосқанда алымы $m \cdot q + p \cdot n$ және бөлімі $n \cdot q = q \cdot n$ болатын жай бөлшектің шығуы. Және де, әдетте, бұл амалды орындауда бөліміндегі мәнді азайтып, кесінді бөлігін барынша ірілету мақсатында ұсынылған ең кіші ортақ еселігін алу геометриялық тұрғыдан кейде тиімді болса да, аналитикалық тұрғыдан есептеу математикасында күрделі, тіпті криптографияда қолданылатын екі бөлімнің әрқайсысын жай немесе құрама сан тұрғысынан тексеру, құрама болғанда жай көбейткіштерге жіктеу бөлшектерді қосу амалын «қажетсіз» қиындатқандықтан, бөлімді тікелей nq деп алумен мақсатты ұзындық өрнегін 4 санмен өрнектеу және қалай болса да шешілген, бар маңыздылығы осы шешім табылғанында болатын есеп нәтижесін қажеттіне қарай «Бөлшектің негізгі қасиетінің» салдары бойынша ықшамдау мүмкіндігін ескере отырып, жай бөлшектерді қосу $13^0. \frac{m}{n} + \frac{p}{q} = \frac{m \cdot q + p \cdot n}{n \cdot q}$ ережесіне келуі.

31. Екі оң бүтін санды көбейту амалы көбейткіштердің бірін екіншісіне тең қосылғыш рет қосу арқылы түсінікті анықтамамен берілсе, екі жай бөлшектің көбейтіндісі жай бөлшек болады да, оны толық анықтайтын алымы мен бөлімі көбейткіш бөлшектердің сәйкес алымдарының және бөлімдерінің көбейтіндісіне тең болатын $\frac{m}{n} \cdot \frac{p}{q} = \frac{m \cdot p}{n \cdot q} (n \cdot q \neq 0)$ түріндегі ереженің геометриялық түсіндірмесі – жай бөлшектерді көбейту ережесін қабырғалары a және b оң сандары болатын тіктөртбұрыш атты геометриялық фигураның ауданы $a \cdot b$ көбейтіндісіне теңдігіне негізден, алдымен $m = p = 1$ дербес жағдайы үшін бірлік квадрат деп аталатын қабырғасы бірге тең квадраттың әр қабырғасын сәйкес тең n және q бөліктерге бөлгенде пайда болған кіші тіктөртбұрыштардың ауданы біріншіден қабырғаларының $\frac{1}{n}$ және $\frac{1}{q}$ ұзындықтарының $\frac{1}{n} \cdot \frac{1}{q}$ көбейтіндісіне, екінші жағынан ауданы $a \cdot b = 1 \cdot 1 = 1$ санына тең квадратты тең nq бөлікке бөлгенде пайда болған тіктөртбұрыштың ауданы $\frac{1}{nq}$ болғандықтан $\frac{1}{n} \cdot \frac{1}{n} = \frac{1}{nq}$ теңдігі орындалады, дәл осылай қабырғаларының ұзындықтары $a = \frac{m}{n}$ және $b = \frac{p}{q}$ болатын тіктөртбұрыш ауданы $\frac{1}{nq}$ болатын $m \cdot p$ тіктөртбұрышқа жіктелгендіктен $a \cdot b = \frac{m}{n} \cdot \frac{p}{q}$ санына тең аудан $\frac{mp}{nq}$ санына тең болып, ереже мазмұнын беруі. «Жай бөлшектерді көбейту» ережесі «Екі жай бөлшектің көбейтіндісі де жай бөлшек болады да, оның алымы мен бөлімі көбейткіш бөлшектердің сәйкес алымдарының және бөлімдерінің көбейтіндісі болады» деп оқылып, формула түрінде былай жазылады: $14^0 : \frac{m}{n} \cdot \frac{p}{q} = \frac{m \cdot p}{n \cdot q} n \cdot q \neq 0 \Leftrightarrow n \neq 0, q \neq 0)$.

32. Ерекше 0 (нөл) мен 1 (бір) сандары сәйкес қосу және көбейту амалдарының нейтрал элементтері, яғни қосқанда $0 + a = a$ және көбейткенде $1 \cdot a = a$ амалдарында оларға екінші санға ешқандай әсер етпей, орнына қалдыратын сан ретінде – қосу амалына қатысты кез келген санды «орнында қалдыратын» және геометриялық тұрғыдан бастапқы және соңғы нүктелері беттесетін кесіндінің ұзындығын бергендіктен, кесінділерді қосу амалына сәйкес кесінділерді біріне-бірін жалғағанда кез келген кесінді ұзындығы өзгеріссіз қалатын нөл атты сан мен кез келген санды көбейткенде бүтін санға көбейту амалы негізінде сол санды өз-өзіне қосқандағы қосылғыштар саны бір ғана сан болып, «орнында қалдыратын» көбейту амалына қатысты бір атты нейтрал элемент.

33. Қосу амалы $a + b$ анықталған a және b сандары үшін осы қосу амалына кері деп қабылданатын b санын қандай санмен толықтырғанда a саны алынады деген сұрақтан тұратын «алу» немесе «айырма» амалының туындауы – реттелген a және b сандары үшін қосу амалы бойынша анықталған $b + c = a$ теңдігін қанағаттандыратын c санын анықтау амалының «алу» немесе «айырма» амалы деп, ал c санының a және b айырымы немесе айырма мәні деп аталуы және оның символдық түрде $a - b$ деп жазылуы.

34. Кез келген m, n, p және q оң бүтін сандары үшін $a = \frac{m}{n}$ және $b = \frac{p}{q}$ жай бөлшектері үшін $a = \frac{m}{n} > \frac{p}{q} = b$ теңсіздігі орындалғанда $\frac{m}{n}$ және $\frac{p}{q}$ бөлшектердің айырымы деп аталып, $\frac{m}{n} - \frac{p}{q}$ түрінде белгіленетін, $\frac{p}{q}$ санымен қосындысы $\frac{m}{n}$ санына тең болатын $\frac{m \cdot q - p \cdot n}{n \cdot q}(mq > np)$ саны туралы ереженің геометриялық мағынасы – $\frac{m}{n}$ жай бөлшек ұзындықты кесіндінің mq>np теңсіздігімен өрнектелетін $\frac{p}{q}$ ұзындықты кесіндісінен қаншаға ұзын және сол кесіндісінің ұзындығын жай бөлшектерді анықтайтын 4 сан арқылы қалай жазу керек деген сұрақтың жауабын $\frac{m}{n}$ -ұзындықты кесіндідегі әрбір $\frac{1}{n}$ -ұзындықты бөлікті тағы q бөлікке бөліп, $\frac{1}{nq}$ -ұзындықты кесіндіден mq кесінді, ал $\frac{p}{q}$ -ұзындықты кесіндінің $\frac{1}{q}$ -ұзындықты әр бөлігін тең n бөлікке бөліп, одан $\frac{1}{qn} = \frac{1}{nq}$ -ұзындықты кесіндіден $pn = np$ кесінді алынған соң, айырымы $\frac{1}{qn}$ кесіндінің $mq - np > 0$ рет қайталаған кесінді болып шығуы $19^0 : \frac{m}{n} - \frac{p}{q}\frac{m \cdot q - p \cdot n}{n \cdot q}(mq > np)$.

35. $\frac{m}{n} : \frac{p}{q} = \frac{m}{n} \cdot \frac{q}{p} = \frac{m \cdot q}{n \cdot p}(n \cdot p \cdot q \neq 0 \Leftrightarrow n \neq 0, p \neq 0, q \neq 0)$ түріндегі жай бөлшектерді бөлу ережесі – реттелген a және b сандары үшін $b \cdot c = a$ болатындай жалғыз ғана c санын табудан тұратын бөлу амалының анықтамасы мен геометриялық тұрғыда негізделген жай бөлшектерді көбейту амалының тікелей салдары ретінде $20^0 . \frac{m}{n} : \frac{p}{q} = \frac{m}{n} \cdot \frac{q}{p} = \frac{m \cdot q}{n \cdot p}(n \cdot p \cdot q \neq 0 \Leftrightarrow n \neq 0, p \neq 0, q \neq 0)$.

36. Сандар жиынын «жаңа» сандармен толықтыру арқылы кеңейтудің алгебралық мұқтаждығы – күрделі мәселелерді шешуге арналған математиканың сан түріндегі құралы қосу мен көбейту амалдары арқылы анықталған алғашқы теңдеулер қатарындағы сызықты және квадраттық атты теңдеулерді шешуге жарамсыз болғандықтан осыған дейін белгілі оң бөлшек және нөл сандар жиынына қосымша «жаңа» сандар енгізу.

37. m мен n оң бүтін сандар болғанда $\frac{m}{n} + x = 0$ теңдеуінің шешімі ретіндегі теріс мәнді жай бөлшек – геометриялық тұрғыдан ұзындығы алдын ала берілген $\frac{m}{n}$ оң мәнді жай бөлшек болатын кесіндісін ұзындығы x оң мәнді жай бөлшек болатын кесіндісімен қалай жалғасақ та ұзындығы 0 саны болатын кесінді ешқашан алынбайтындықтан оң мәнді жай бөлшектен өзге «жаңа», « $\frac{m}{n}$ санына қарама-қарсы сан» деп аталып, $\frac{m}{n}$ санынан қандай да бір таңбамен ажыратылатын, атап айтқанда алдына «минус» атты «-» таңбасын салу арқылы $-\frac{m}{n}$ түрінде жазылатын, «минус $\frac{m}{n}$ » деп оқылатын теріс мәнді рационал санның енгізілуі, сонымен $\frac{m}{n} + x = 0$ теңдеу шешімінің табылуы, қорытындысында $\frac{m}{n} + (-\frac{m}{n}) = 0$ теңдігінің дұрыстығы.

38. Барлық бүтін сандар жиыны Z және барлық рационал сандар жиыны Q – бірлік кесіндіні сәуле бойында бастапқы нүктесінен біртіндеп жалғастырып отырғанда қосу амалы арқылы анықталатын Z_+ барлық мүмкін оң бүтін сандар жиыны, оның ұштары беттескенде нүктеге айналатын кесінді ұзындығын беретін ерекше $+0 = -0 = 0$ санымен және барлық оң бүтін сандарға қарама-қарсы сандармен толықтыруы болатын барлық бүтін сандардың Z жиыны; бірлік кесіндіні дәл оң бүтін n бөлікке бөліп, пайда болған өзара тең бөліктердің бірін оң бүтін рет алынғандағы кесіндінің ұзындығын өрнектейтін жай бөлшек, соның негізінде әртүрлі жазылудағы өзара тең жай бөлшектер жиынының мәні сол жай бөлшектердің әйтеу біреуіне тең рационал сан атты санды беруі, осылайша анықталған әрбір рационал санға қарама-қарсы, теріс рационал санмен толықтырылған және де 0 саны қосылған Q барлық мүмкін рационал сандар жиыны. Сонымен, Q_+ жиынын құрайтын барлық оң мәнді $\frac{m}{n}(m \in N, n \in N)$ рационал сандар (оң мәнді жай бөлшектер) қатарына теріс мәнді $-\frac{m}{n}$ рационал сандары (теріс мәнді жай бөлшектер) қосылды.

39. Теріс емес рационал сандардың әрқайсысына координаталық түзу атты түзу бойынан бір нүкте сәйкес қою арқылы рационал сандарды көзбен көру мақсатында геометриялық бейнелеу және сол бойынша оларды салыстыру – алдын ала берілген түзу бойында бірлік кесіндісі салынып, бірлік кесіндісінің бастапқы нүктесіне санақ басы деп аталатын 0 (нөл) санын, соңғы нүктесіне 1 (бір) санын сәйкес қойып, түзуде 0 санына сәйкес келетін нүктеден 1 санына сәйкес келетін нүктеге қарай оң деп аталатын бағыт белгіленеді де, әр $\frac{m}{n}$ оң мәнді рационал саны үшін 0 санына сәйкес нүктеден басталып, ұзындығы дәл $\frac{m}{n}$ санына тең болатын кесіндінің соңғы нүктесіне сол $\frac{m}{n}$ санын сәйкес қою және нүктедердің санақ басынан алыс немесе жақын жатуына байланысты салыстырулары.

40. Теріс мәнді рационал сандарды координаталық түзуді қарама-қарсы екі сәулеге бөліп, оң мәнді рационал сандардан бос тұрған теріс бағытына енгізу арқылы геометриялық бейнелеу – координаталық түзу бойынан алынған 0 нүктесіне сәйкес келетін санақ басы түзуді екі сәулеге бөліп, оң бағытталған сәуленің әрбір нүктесі бір оң рационал санға сәйкес қойылған соң теріс мәнді рационал санын дәл бір нүктемен сәйкестендіру үшін сандық мәні соған тең оң рационал санына сәйкес нүктеге санақ басына қарағанда симметриялы екінші сәуле нүктесін сәйкес қою.

41. Барлық рационал сандарды координата түзуінде орналасуына байланысты өзара салыстыру ережелері – екі оң мәнді рационал сандарға сәйкес келетін нүктелердің қайсысы санақ басынан алысырақ жатса, сол нүктеге сәйкес қойылған сан үлкені болады, ал теріс мәнді рационал сандарда керісінше, оларға сәйкес келетін нүктелердің қайсысы санақ басына жақын сол нүктеге сәйкес келетін сан үлкені болады және осы қатынасты нүктелері оларға симметриялы орналасатын таңбасыз сандық мәні тең оң мәнді рационал сандар арқылы $-\frac{p}{q} < -\frac{m}{n} \Leftrightarrow \frac{p}{q} > \frac{m}{n}$ түрінде жазылуы және кез келген оң рационал санның 0 саны мен кез келген теріс рационал сандардан артық болуы.

42. Әр рационал оң және теріс мәнді және нөлге тең санды оған сәйкес өзара тең жай бөлшектердің жиыны ретінде анықтау – рационал сан біреу, оны координаттық түзуде бейнелейтін нүкте де біреу, сол бір рационал санның кез келген бір жазылуынан «Бөлшектің негізгі қасиеті» атты теңдік бойынша алымын да, бөлімін де бір бүтін санға көбейту, бүтін бөлінген жағдайда бөлу арқылы табылатын оны құрайтын жай бөлшектердің көптігі (саналымды) мен барлығын жазу мүмкіндігі.

43. Екі өлшемдес кесінділер ұғымының солардың әрқайсысында оң бүтін рет орналасатын үшінші ортақ бірлік кесінді бар болуына негізделуі – екі кесіндінің біреуін не оның қандай да бір бірдей бүтін бөліктеуінің екінші кесіндіге бүтін сан рет орналасуы, немесе, басқаша айтқанда, екі кесіндінің біреуін бірлік кесінді ретінде алғанда екіншісінің ұзындығының рационал сан арқылы өрнектелуі немесе екі кесіндінің әрқайсысының бойына бүтін сан рет орналастыру мүмкін болатын үшінші кесіндінің бар болуы, жай бөлшектер тілінде суреттегенде берілген бірлік кесінді бойынша бірінші кесіндінің ұзындығы $\frac{m}{n}$, екінші кесіндінің ұзындығы $\frac{p}{q}$ сандарына тең болғанда, бірлік кесіндінің $\frac{1}{nq}$ ұзындықты бөлігінің біріншіде дәл mq рет, екіншіде дәл np рет орналасуы.

44. Кез келген кесіндіні рационал сандар көмегімен өлшейтін бірлік кесінінің табылуы мағынасындағы «Кесінділер ұзындығын өлшеу үшін рационал сандар жиыны жеткілікті» және бірлік кесінді ретінде қандай кесіндіні алсақ та ұзындығы рационал санмен бейнеленбейтін кесінді құра алу мағынасындағы «... жеткіліксіз...» деген сөйлем – сәйкес «жеткілікті» деген алдын ала бірлік кесінді деп қабылданған қайсыбір кесіндімен кез келген кесіндіні рационал сан мәнді ұзындығын өлшеуге болады, басқаша айтқанда не бірлік кесіндінің өзін, не оның әр кесіндіге өзінше анықталатын қандай да бір бүтін санға тең бөлгендегі бөлігін сол кесіндіге бүтін рет салу мүмкіндігі және де «жеткіліксіз» деген бірлік кесіндіні қандай етіп алсақ та, оны тең бөліктерге қалай бөлсек те сол бөліктердің бүтін санын өлшеніп жатқан кесіндіге бір шетінен бастап салғанда соңғы нүктесіне жетпей қалып, ал тағы бір бөлігін қосқанда асып кетіп, ешқашан соңғы нүктесімен беттеспейтіндігінен бүтін рет орналастыру мүмкін болмайтындай ең болмағанда бір кесіндінің құрылуы, сол себепті, берілген кесіндіні өлшейтін рационал сан жоқ мағынасында.

45. Жалпы дүниетанымға күмән келтірген ұзындық өлшенбейді қағидасын тудырушы Пифагор ғылыми мектебінің ұлы ашылымы – алынған әр бірлік кесіндіні қалауымызша өзара тең ұсақ бөліктерге бөліп, екінші кесіндіге бүтін рет орналастыру әрқашан мүмкін сияқты болып көрінетін жаңсақ пікірді теріске шығаратын қандай болсын бірлік кесіндімен өлшемдес емес кесінді салу мүмкіндігі.

46 Әр квадраттың диагоналі оның жағымен өлшемдес емес – кез келген кесіндіні бірлік кесінді деп қабылдап, қабырғасы сол бірлік кесінді болатын квадрат салғанда квадраттың қабырғасын қандай тең бөліктерге бөлсек те, оның диагоналі болатын кесіндіге бүтін рет салынбауынан алдын ала алынған бірлік кесіндімен өлшемдес еместігі.

47. Кесіндінің ұзындығын өлшеу есебінің толық шешімі оң ондық бөлшектердің бастауы болуының жалпылама суреттемесі – барлық рационал сандар жиыны кесінді өлшеу есебін толық шешпейтіндігін көрсететін Пифагор ашылымынан кейін қойылған есепті ақырына дейін шешу мақсатында алдын ала бірлік кесінді ретінде тағайындалған кесінді әрбір қадамда алдыңғысында толық жататын кезекті кесіндіні 0 -ден 9 -ға дейінгі 10 цифрмен нөмірленген тең 10 бөлікке біртіндеп шексіз бөле отырып, әр

қадамда ұзындығы ізденісті кесіндінің бастапқы нүктесінен бастап соңғы нүктесі жататын кесіндіні белгілейтін цифрды анықтап, солар арқылы ізденісті ұзындықты бейнелейтін цифрдің сандық мәнімен қоса орнымен маңызды ақырсыз ондық бөлшек атты бүтін бөлігі мен бөлшегі үтірмен ажыратылған цифрлар тізбесі түріндегі жазу құралы.

48. Алдын ала әр кесінді үшін алынған бірлік кесінді бойынша оның ұзындығы болып табылатын ондық бөлшекті құру кесінді өлшеу мәселесінің толық шешімі ретінде – алдын ала алынған бірлік кесінді мен өлшеу қажет кесіндінің бастапқы нүктелерін берілген сәуле бас нүктесімен беттестіріп, бірлік кесіндіні біртіндеп орналастыра отырып, солардың ішінен өлшенетін кесіндінің соңғы нүктесін қамтитын кесіндісін тауып, соған дейін орналастырылған бірлік кесінділердің саны арқылы кесінді ұзындығының бүтін бөлігі анықталады да, бүтін бөліктен үтір арқылы бөлініп тұратын бөлшек бөлігін анықтау үшін осы соңғы нүкте жатқан бірлік кесінді 10 цифрмен нөмірленген ұзындығы $\frac{1}{10}$ болатын тең 10 бөлікке бөлініп, соңғы нүкте жатқан кесінді нөмірі белгіленіп алынады да, сол цифр сандар тізбесінің үтірден кейінгі біріншісі болады, сонан соң әр қадамда алдыңғы нөмірі анықталған кесіндіні 10 есе кішірейтіп, бірінің ішіне бірі орналасытындай дәл 10 бірдей бөлікке бөліп, сандар тізбесінің цифрларын анықтау ары қарай ақырсыз жалғасады.

49. Өлшемі ізделінді кесіндінің соңғы нүктесі жатқан кесіндіні бөлшектей отырып, ұзындығын сандар тізбесі арқылы өрнектеу барысында бөлшектеу бөлігінің соңғы нүктесі өлшенетін кесінді соңымен беттесетін ерекше жағдайдың жазылуын беретін $\frac{k}{10^n}$ түрінде жазылатын ондық-рационал сандар – өлшемі ізделінді кесіндінің соңғы нүктесі бөліктелген кесінділердің бірінің соңымен беттескен сәтте кесінді ұзындығы цифрлердің ақырлы санымен жазылып, мәселе шешіледі, бұл жағдайда ізделінді кесіндінің соңы бөліктеудегі екі кесіндінің бірінің соңғы, келесісінің бастапқы нүктелерінде жатқандықтан ары қарай сол нүктені қамтитын тек оң жақ бөліктерді таңдап, осы үрдісті ары қарай жалғастырсақ, ұзындық жазылуында 0 цифрлері, ал сол жақ бөліктерін таңдап отырсақ 9 цифрлері ақырсыз жалғасып отырады, мәселен $13,01 = 13,010000\ldots = 13,0099$.

50. Бірлік кесінді ретінде алынған кесінді бойынша кез келген кесінді өлшемді және өлшемсіз болып екіге бөлініп, әр өлшемдінің ұзындығы рационал санмен өрнектелген болса, екінші жағынан кез келген кесіндіге оның ұзындығының сандық мәнін беретін ондық бөлшектер сәйкес қойылған, осындай жағдайда өлшемді және өлшемді емес кесінділерге сәйкес келетін ондық бөлшектердің бір-бірінен ерекшелігі бар ма, жоқ па деген сұрақтың туындауы және осы ерекшелікті қанағаттандырмайтындарының рационал сандардан өзге жаңа санды беруі – рационал сандарды, не солардың жазылуы болатын жай бөлшектерді бір цифрдан бастап, период деп аталатын қайсыбір ақырлы цифралар тобын арасына ештеңе салмай бірінен соң бірі ақырсыз қайталанатындары ғана және де тек қана солар ғана бейнелеуі, сонымен периодты ондық бөлшек аталымды санның өлшемдес рационал мәнді кесіндінің ұзындық өлшемі болуы және де, керісінше, әр рационал санның периодты ондық бөлшек түрінде жазылуы, ал периодты емес ондық бөлшектердің өлшемдес емес кесінді ұзындық мәнін беретін иррационал атты рационал емес санды анықтауы.

51. Бірлік кесіндімен жабдықталған бастапқы нүктесі O болатын γ^+ сәулесінде әр X нүктесі үшін OX кесіндісінің ондық бөлшекпен бейнеленуі $x = m, b_1 ... b_n ...$ ұзындығының бар болуы мен сондағы әр цифрді табу жолы және де оның геометриялық мағынасы – алдын ала сәуле беріліп, онда сәуле басынан бастап салынған бірлік кесіндінің соңғы нүктесіне 1 саны сәйкес қойылады да, сәуле бойынан ешқандай шектеусіз кез келген нүкте алынып, ол әрпімен белгіленген соң, соңы осы нүктеде болатын сәуле басынан басталған OX кесіндісі үшін кез келген кесінді ұзындығын өлшеу мәселесін ондық бөлшек құрылымы арқылы толық шешуі, дәл айтқанда, берілген бірлік кесіндіге сәйкес ондық бөлшекпен өлшенетін OX кесінді ұзындығы $x = a_l \ldots a_0, b_1 b_2 \ldots$ саны болады да, сондағы әр цифрі келесі алгоритммен анықталады: жазудағы $a_l \ldots a_0 = m$ бүтін бөлігі бірлік кесінді сәуле басынан бастап, сәуле бағытына қарай $m = a_l 10^l + ... + a_1 10^1 + a_0$ рет салынғанда X нүктесі $A_m A_{m+1}$ бірлік кесіндісінде $X \neq A_{m+1}$ болып жатады, одан кейін $A_m A_{m+1}$ бірлік кесіндіні тең 10 бөлікке бөліп, b_1 цифры «ұзындығы ізденісті» кесіндісінің соңғы X нүктесін қамтитын, ұзындығы $\frac{1}{10}$ болатын кесіндінің нөмірін көрсетеді, келесі b_2 цифрі b_1 цифрімен белгіленген кесіндіні тағы тең 10 бөлікке бөліп, солардың ішінде соңғы X нүктесі жатқан, ұзындығы $\frac{1}{10^2}$ кесіндінің нөмірін береді, ары қарай осы үрдісті ақырсыз жалғастыра отырып, бір разрядтан келесісіне өткенде тең 10 бөлікке бөлінген әрбір кесінді алдыңғысының жиыншасы болып, ұзындықтары әр адымда алдыңғысына қарағанда 10 есе азайып, нүктесін ақырсыз қамтиды да, сонымен берілген OX кесіндісінің ұзындығының дәл мәнін береді.

52. Вейерштрасс барлық нақты сандар деп атаған жиын нөл, оң және теріс мәнді сандар барлық мүмкін ақырсыз ондық бөлшек ретінде – басы мен соңы беттеспейтін кез келген кесінді ұзындығын өлшеу есебінің шешімін берген ондық бөлшектердің оң мәнді деп аталуы, «-» минус таңбаларымен жабдықталған теріс мәнді деп аталатын ондық бөлшек және таңбасыз, ерекше, соңы мен басы беттесетін кесінді ұзындығын беретін $0 = 0,000\ldots$ ондық бөлшек саны.

53. Нақты сандар жиыны екілік, үштік және т.с.с. ақырсыз бөлшектер ретінде – ондық бөлшектер әр қадамдағы кесіндіні тең 10 бөлікке бөлгеннен шыққан болса, сол тәртіппен бөлшектеуді $2, 3$ және кез келген, бірақ бекітілген, тең бөліктер саны үшін өткізу.

54. Координаталық түзу деп аталатын әр екі нүктемен бірге соларды жалғастыратын кесіндінің бар нүктелерін қамтитын геометриялық түзудің әрбір нүктесін бекітілген бірлік кесінді деңгейінде кесінді ұзындығын өлшеу есебіне сүйеніп құрылған ондық бөлшек түрінде жазылған тек ойда ғана тұратын нақты сандар жиынындағы нүкте координатасы атты санмен өрнектеу арқылы арифметикаландыру – түзу алынып, оның бағыты анықталған соң бойын екі нүкте белгіленіп, координат басы атты бағыттан алыс жатқан нүктеге 0, жақын жатқан нүктеге 1 саны сәйкес қойылады да, осы екі нүкте арқылы бірлік масштаб енгізіліп, 0 нүктесінен оң жақта жатқан әрбір нүктеге алынған бірлік кесінді бойынша координат басынан басталып, соңы сол нүкте болатын кесінді ұзындығына тең оң санның, сол жағында жатқан нүктеге минус таңбамен жабдықталған кесінді ұзындығына тең теріс мәнді санның сәйкес қойылуы және нүктеге сәйкес қойылған санның нүкте координатасы деп, ал әр нүктесі координатамен жабдықталған түзудің координаталық түзу деп аталуы.

55. Алдын ала берілген әр нақты санға координаталық түзу бойынан кесінді ұзындығын сақтап координатасы сол сан болатын нүкте салу тәртібі – теріс сандарға сәйкес қоятын нүкте координат басына қарағанда оң санға сәйкес қоятын нүктеге симметриялы салынатын болғандықтан тек оң ондық бөлшектерге сәйкес келетін нүктелерді салумен шектелу: координаталар түзуінде нөл мен бірге сәйкес қоятын нүктені анықтап алғаннан кейін оң бүтін санға сәйкес қоятын нүкте бүтін санның анықтамасынан 0 нүктесінен бастап, таңдап алынған бағытпен бірлік кесіндіні бір-біріне жалғай отырып, бүтін санда бар бірліктер санына тең рет салу арқылы алынса, периодты ондық бөлшекке тең оң жай бөлшекке сәйкес нүкте бірлік кесіндінің бөлшек санның бөліміне тең бірдей бөлікке бөлгендегі бір бөлігін алымына тең рет бір-біріне жалғай отырып салу арқылы алынады, периодсыз ондық бөлшек болатын оң иррационал санға сәйкес келетін нүктені алуда алдымен бүтін бөлігін салып аламыз да, келесі бірлік кесіндіні бір разрядтан келесісіне өткенде тең 10 бөлікке бөлінген әрбір кесінді алдыңғысының жиыншасы болып, ұзындықтары әр қадамда алдыңғысына қарағанда 10 есе азайып, осы ақырсыз үрдіс нәтижесінде барлығында жататын жалғыз нүктенің ізденісті нүкте болуы, осының бәрін қорытындылағанда қосымша кез келген нақты санға координаталық түзу бойынан міндетті түрде өзіндік нүкте сәйкес келетіндігі көрсетілді.

56. Координаталық түзу бойында рационал және иррационал сандардың орналасуының «тығыздығы» туралы – координаттық түзуде тек рационал сандарға сәйкес келетін нүктелерді салу түзуді толық жаппай «тесіктер» қалдыратындығын көрсететін қабырғасы бірлік кесінді болатын квадрат диагоналін сол координата басынан бастап салғанда ұзындығы иррационал сан болуына байланысты соңына рационал сан сәйкес қойылмай бос қалатын бір нүктенің мысалы геометриялық тұрғыдан құрылды, әйткенмен кез келген екі нақты санның арасында кемінде бір рационал сан, ал Кантор айтқандай олардан да көп иррационал сан бар болуынан нақты сандар жиынында олардың тығыздығы алынады.

§6. НАҚТЫ САНДАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН АКСИОМАЛАР ЖҮЙЕСІ

1. Сандар әлемін аксиомалық көзқарасқа бағыттаған қысқаша шолу – бастаулары мыңжылдықтар түңғиығында жатқан нақты сандар жайлы ғасырлар бойы бөлек-бөлек жинақталған қасиеттерден аксиома деп аталатын дәлелденбей қабылданатын санды анықтайтын құраушы қасиеттер тізбесін бөліп алу және мектептен белгілі сандар жайлы тұжырымдарды аксиомалар негізінде шығару арқылы дәлелдеу мәдениетін тәрбиелеу.

2. Аксиомалар арқылы барлық нақты сандар жиыны мен әр нақты санның анықталуы – әр жеке сан өзі анықталмай тек қасиеттерімен беріліп, сол аксиомалар жүйесіне жинақталған қасиеттерді қанағаттандыратын нақты сандар жиыны деп аталатын әрбір жиынның элементі ретінде анықталуы.

I. Қосу амалының аксиомалары – қосылғыштар деп аталатын реттелген екі санға олардың қосындысы атты үшінші санды сәйкес қою тәртібі бойынша қосу деп аталатын амалын енгізу, ширатып айтқанда, қосу амалының анықтамасындағы реттен туындайтын «қосылғыштардың орын ауыстырғанмен қосындының мәні өзгермейді» деген жаттанды заңның мағынасын кеңінен талқылау, тек екі қосылғыш үшін анықталған қосу амалы негізінде 3,4,... кез келген ақырлы қосылғыштардан тұратын сандар үшін қосу амалын математикалық тұрғыдан кіршіксіз дұрыс анықтау, әр элементті осы амалға қатысты орнында қалдыратын нейтраль-нөл элементін анықтау және де сол арқылы әр санға оған қарама-қарсы санды анықтау аксиомалары.

II. Көбейту амалының аксиомалары – қосу деп аталған амалды қабылдағаннан кейін одан басқа және одан нейтрал элементпен ғана ерекшеленетін көбейту амалын енгізу: көбейткіштер деп аталатын реттелген екі санға олардың көбейтіндісі атты үшінші санды сәйкес қою тәртібі бойынша көбейту деп аталатын амалды енгізу, көбейту амалының анықтамасындағы реттен туындайтын «көбейткіштердің орын ауыстырғанмен көбейтіндінің мәні өзгермейді» деген жаттанды заңның мағынасын кеңінен талқылау, тек екі көбейткіш үшін анықталған көбейту амалы негізінде 3,4,... кез келген ақырлы көбейткіштерден тұратын сандар үшін көбейту амалын математикалық тұрғыдан кіршіксіз дұрыс анықтау, қосу амалының нейтрал элементінен өзге болуымен көбейтуді қосудан ажыратытын және әр элементті көбейту амалына қатысты орнында қалдыру қызметін атқаратын бір атты нейтрал элементті анықтау және де сол арқылы әр нөлден өзгеше санға оған кері санды анықтау аксиомалары.

III. Өзара бөлек деп анықталған қосу және көбейту амалдарының арасындағы байланыс аксиомасы – бір санды екі санның қосындысы түрінде жіктеп, олардың қосындысы болатын санды үшінші санға көбейту мен қосындыдағы әр қосылғышты үшінші санға көбейтіп, кейін оларды қосқанның бірдей болуын беретін қосу-көбейту амалдарының арасындағы үлестірімділік атты заң.

IV. Рет деп аталатын екі сан арасындағы үлкен, кіші және тең қатынастарының арасындағы табиғы талаптарды жүйелеу аксиомалары – екі сан арасындағы үлкен, кіші және тең қатынастарының «біреуі және тек қана біреуі» деп жинақы түрде айтылатын, яғни әрқашанда кемінде бірі орындалғанына қоса екеу не үшеу болып, қатар орындалуы мүмкін еместігі, бір бағыттағы екі қатынас тізбесі ретінде жазылған бір санның екінші саннан кіші, ол сан үшіншіден кіші болғанда бірінші санның үшіншіден кіші болуын беретін тразитивтілік аксиомасы, рет қатынасы мен қосу амалының және көбейту амалдарының арақатынасы, ширатып айтқанда сәйкес сандар арасындағы берілген рет қатынасы кез келген санды екі жағына да қосқанда және оң санға көбейткенде рет тәртібінің сақталуы.

V. Архимед аксиомасы атты барлық нақты сандар жиынын өзара қиылыспайтын жартылай интервалдарға жіктеу мүмкіндігі – барлық нақты сандар жиынын ұзындықтары алдын ала берілген оң нақты санға тең, шеттері беттесіп, бірақ қиылыспайтын тізбелей орналасқан жартылай интервалдарға бөлгенде кез келген нақты санның осы жартылай интервалдардың біреуінде және тек қана біреуінде жатуы.

VI. Кез келген шенелген сандық жиынның ең кіші жоғарғы және ең үлкен төменгі шендерінің бар болуы туралы аксиома – жоғарыдан шенелген жиынның барлық жоғарғы шендерінен құрылған жиынының ең кіші элементінің әрқашанда бар болуы, яғни қайсыбір нақты сан аталмыш жиынның жоғарғы шені болып, одан кіші кез келген санның ондай қасиетте болмауы, ең үлкен төменгі шеннің сондай ұқсастығы, төменнен шенелген жиынның барлық төменгі шендерінен құралған жиынының ең үлкен элементінің бар болуы, дәл айтқанда қайсыбір нақты сан аталмыш жиынның төменгі шені болып, одан үлкен кез келген санның ондай қасиетте болмауы.

3. Жиі қолданыстағы бір уақытта орындалу не орындалмауына байланысты эквивалентті болатын сандар арасындағы тұжырымдар – екі санның теңдігінің екі жағына кез келген сан болсын, белгілі бір сан болсын қосқанда теңдіктің сақталуы тәрізді көбейту, бөлу амалдарымен рет қатынастарының сақталуы.

§7. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖАТТАНДЫ АРИФМЕТИКАЛЫҚ АМАЛДАР ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОСУ, КӨБЕЙТУ АКСИОМАЛАРЫНЫҢ САЛДАРЫ РЕТІНДЕГІ ДӘЛЕЛДЕНУЛЕРІ

1. Реттелген екі санның айырымы мен бөліндісінің анықтамалары – математикадағы «түсініктерді керексізбен көбейтпе» ұстанымына сай арифметикалық төрт амалдың екеуі ғана анықталады да, сол анықталған қосу мен көбейту амалдарына кері амал ретінде сәйкес алу және бөлу атты амалдарының енгізілуі.

2. Сандарға қолданылатын төрт арифметикалық амалдардың қасиеттері – математика затындағы табиғаттық жалғыздық қасиетін ерекше нейтрал элементтердің, ол арқылы анықталған қарама-қарсы сан мен кері сандардың қанағаттандыруы және сол жағында амал оң жағында нәтижелі қорытындыдан тұратын арифметикалық амалдардың орындалу ережелерінің оқылуы.

3. Қосу және көбейту аксиомаларының салдарының дәлелдеулері – математика затындағы табиғаттық жалғыздық қасиетін ерекше нейтрал элементтердің, ол арқылы анықталған қарама-қарсы сан мен кері сандардың қанағаттандыруының және сол жағында амал оң жағында нәтижелі қорытындыдан тұратын арифметикалық амалдардың орындалу ережелерінің дәлелдемелері.

4. « $2+2=4$ » теоремасы және оның дәлелдеуі – сандар аксиомалары деңгейінде екі санды қосу амалы енгізіліп, 1 атты саны анықталған, солар бойынша $2, 3, 4 \ldots$ белгілеуде натурал сандар тізбесі алдыңғысына анықталған 1 санын енгізілген қосу амалы арқылы $1+1=: 2, 2+1=: 3, 3+1=: 4, \ldots$ түрінде жазылып, солардың негізінде $2+2$ амалы анықталғанымен нәтижесі белгісіз болғандықтан бұл математикадық сұрақ болады да, оның $2+2=4$ түріндегі жауабы теорема болып, дәлелдеуді қажет етеді.

5. Жаттанды «Нөлге бөлуге болмайды» ережесі және оның дәлелдеуі – бөлу амалының анықтамасы бойынша жалғыз сан табылу талабына қарсы ондай санның мүлдем болмауы мен ондай сандардың шексіз көп болуын кез келген санды нөлге көбейткенде нөлге тең болуы негізінде шығатын «не шөл, не көл» мәтеліндегідей дәлелдемесі.

§8. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖАТТАНДЫ САНДАР АРАСЫНДАҒЫ РЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ РЕТТЕУ АКСИОМАЛАРЫНЫҢ САЛДАРЫ РЕТІНДЕГІ ДӘЛЕЛДЕНУЛЕРІ

1. Қолданыстағы үйреншікті рет мағыналы ережелердің реттеу аксиомаларының салдары ретіндегі оқылуы – екі санның арасындағы кейбір реттік қатынастардың орындалмауынан жалғыз біреуінің орындалуының әртүрлі жағдайлары, үш санның реттік қатынастарының орындалуынан транзитивтілік және қосу амалының қатынасты сақтау қасиеттерінен шығатын қорытынды қатынастар, екі санның арасындағы төрт мүмкін эквивалентті реттік қатынастар және де солардың дербес жағдайы болатын сан таңбасы бойынша оған қарама-қарсы санның таңбасын білу, теңсіздікті оң санға көбейткендегі теңсіздік сақталатын аксиомалық ереженің жалғасы ретіндегі теріс санға көбейтудің теңдік таңбасын сақтап, теңсіздік таңбасын қарама-қарсыға ауыстыруы, таңбалары белгілі екі санға көбейту және бөлу амалын қолданғандағы нәтиже таңбасын білу, бөлімі мен алымындағы сандардың реттік қатынасының бөлшектер арасындағы реттік қатынастары, бірнеше санды қосу және оң сандарды көбейту амалдарының реттік қатынастарды сақтауы.

2. Қолданыстағы үйреншікті рет мағыналы ережелердің реттеу аксиомаларының салдары ретіндегі дәлелдеулері – екі санның арасындағы кейбір реттік қатынастардың орындалмауынан жалғыз біреуінің орындалуының әртүрлі жағдайларының, үш санның реттік қатынастарының орындалуынан транзитивтілік және қосу амалының қатынасты сақтау қасиеттерінен шығатын қорытынды қатынастардың, екі санның арасындағы төрт мүмкін эквивалентті реттік қатынастар және де солардың дербес жағдайы болатын сан таңбасы бойынша оған қарама-қарсы санның таңбасын білудің, теңсіздікті оң санға көбейткендегі теңсіздік сақталатын аксиомалық ереженің жалғасы ретіндегі теріс санға көбейтудің теңдік таңбасын сақтап, теңсіздік таңбасын қарама-қарсыға ауыстыруыдың, таңбалары белгілі екі санға көбейту және бөлу амалын қолданғандағы нәтиже таңбасын білудің, бөлімі мен алымындағы сандардың реттік қатынасының бөлшектер арасындағы реттік қатынастарының, бірнеше санды қосу және оң сандарды көбейту амалдарының реттік қатынастарды сақтауының дәлелдемесі.

3. Кез келген санның оң бүтін дәрежелерінің реттік қасиеттері – бір санды өзіне-өзін оң бүтін сан рет қосу арқылы қосындының мәнін қосылғыштар санын беретін оң бүтін санды берілген сан алдына қойып, көбейту түрінде жазу арқылы көбейту амалын анықтағандай санды өз-өзіне оң бүтін сан рет көбейту нәтижесі санның оң бүтін дәрежесі деп аталады да, негізі атты көбейткіштің оң жақ төбесіне дәреже атты көбейткіштердің санын жазу арқылы белгіленеді және ол келесідей қасиеттерде болады: кез келген нөлден өзгеше санның квадратының оң болуының дәлелдеуі, барлық нақты сандар арасындағы ерекше нөл мен бір сандарының $0<1$ теңсіздігінде болуының дәлелдеуі, бүкіл бүтін сандардың $\ldots<-2<-1<0<1<2<\ldots$ өсу

ретімен тізбелей жазылуының дәлелдеуі, бір дәрежелі әртүрлі негіздердің және оң мәнді бірдей негіздің әртүрлі дәрежелерінің өзара арақатынастары, 1 және 0 сандарының кез келген оң бүтін дәрежесінің өзіне тең болуының дәлелдеуі, жай бөлшектің оң бүтін дәрежесінің алымы мен бөлімінің оң бүтін дәрежелерінің қатынасына тең болуының дәлелдеуі, -1 санының оң бүтін дәрежелерісінің тақ не жұп болуына қарай сәйкес өзіне не оған қарама-қарсы санына тең болуы.

4. Архимед аксиомасының салдары – әр саннан үлкен санның әрқашан табылуы.

§9. АҚЫРСЫЗ АЙТЫЛЫМДАР ТІЗБЕГІНІҢ ӘР МҮШЕСІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН АҚЫРЛЫ ҚАДАММЕН РАСТАЙТЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ИНДУКЦИЯ ӘДІСІ

1. Математикалық индукция әдісі – не жалған, не дұрыс деген екі мәнді қабылдайтын айтылым атты тұжырымдардан айтылымдар тізбегі құрылып, бірінші нөмірлі T_1 айтылымының дұрыстығын жеке дәлелдеу мен $k = 1$ нөмірінен бастап, кез келген k нөмірі үшін расында да дұрыстығы немесе жалғандығы жайлы ешқандай да сұрақ қозғалмастан T_k дұрыс айтылым деп қабылдануынан келесі $k + 1$ нөмірлі T_{k+1} айтылымының дұрыстығын дәлелдеуден тұратын 2 қадаммен саны шексіз барлық оң бүтін нөмірлі айтылымдар дұрыстығын дәлелдейтін әдіс, қорытындысында бірінші қадам бойынша дәлелденген T_1 айтылымының дұрыстығынан дәлелденген екінші қадам бойынша T_2 айтылымының дұрыстығы шығады да, қалғандарының дұрыстығы екінші қадам бойынша бірінен бірі жалғасып, алдын-ала қай нөмірді алсақ та, дұрыстық сол нөмірлі айтылымға жетіп, ары қарай жалғасады және де бұл әдістің қолданысы өз оқылуына дәлме-дәл болып, теңдік пе, теңсіздік пе не мағыналы тұжырым ба әйтеуір әр айтылым өз нөмірімен жекеленуі керек.

2. Ньютонның бином формуласы – екі қосылғыштан тұратан бином атты қосмүшелік, оның оң бүтін дәрежесі және оның қосынды түрінде Ньютон жазған жіктеуі.

§10. БҮТІН, РАЦИОНАЛ ЖӘНЕ ИРРАЦИОНАЛ САНДАРДЫҢ НАҚТЫ САНДАР АКСИОМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛУЫ

1. Аксиомалық жүйедегі арифметикалық амалдар мен олар арқылы натурал және бүтін сандар туралы жинақталған қорытынды мәлімет.

2. Аксиомалар аясында өзара тең жай бөлшектер жиыны мағынасында анықталған рационал сандар – көбейту амалы және кері санның бар болуы аксиомалары бойынша анықталған алымы кез келген сан, бөлімі кез келген нөлден өзгеше сан ретінде бөлу амалымен алгебралық бөлшектер анықталады да, соның ішінде алымы кез келген бүтін, бөлімі нөлден өзгеше бүтін сандар болғандағы жай бөлшек атты дербес жағдайы болатын бөлшектің мәні рационал сан деп аталады, жай бөлшек өзінің алымы мен бөлімі арқылы анықталып, сол жай бөлшекке мәні тең жазылуы өзге жай бөлшектің бәрі сол рационал санға тең болады да, рационал сан деп мәндері өзара тең барлық жай бөлшектер жиыны аталады. Қорытындысында, рационал сан деп қайсыбір жай бөлшек мәні болатын сан аталады.

3. Оң және теріс мәнді жай бөлшектердің жазылулары – жай бөлшектің «+» және «–» таңбаларымен жабдықталған натурал сандардың қатынасы арқылы жазылғанда алымы мен бөлімі бірдей таңбалы және әртүрлі таңбалы болуына байланысты сәйкес оң және теріс рационал сандарды өрнектеуі.

4. Қолданыстағы жаттанды жай бөлшектерді көбейту ережесі және оның дәлелдемесіне сілтеме – аксиомалар салдарында дәлелденген алымын алымына, бөлімін бөліміне көбейтетін алгебралық бөлшектерді көбейту ережесінің дербес жағдайы ретінде.

5. Әр санды ондық бөлшек түрінде Архимед аксиомасы негізінде бейнелеу әдістемесі – Архимед аксиомасы бойынша теріс емес сандар жиынын ұзындықтары $1, \frac{1}{10}, \ldots, \frac{1}{10^n}, \ldots$ болатын өзара қиылыспайтын жартылай интервалдарға алдыңғысын 10 есе кеміте отырып, бірінен кейін бірін бөлгенде алынған сан сол жартылай интервалдардың қайсысына жататындығын 0-ден 9-ға дейінгі цифрмен белгілей отырып, санның ондық бөлшек деп аталатын алдымен ұзындығы 1 болғанда үтірге дейінгі бөлігін, артынша бөлшек бөліктерін үтірден кейін беретін жазылу.

6. Нақты сандар деп аталған тек аксиомалық жүйені қанағаттандыратын элементтері айқындалмаған жиынның элементі ретінде ғана анықталған объектілерді ондық бөлшектер түрінде нақтылау – тек қана қасиеттермен берілген сандардың «қаламға түсетін» 10 цифрмен позициялық жүйеде жазылуы.

7. Жай бөлшектерді салыстыру қатынастарының оларға пара-пар бүтін сандардың өзара қатынастары арқылы бейнеленуі – аксиомалар салдарында дәлелденген алгебралық бөлшектерді салыстыру сол оқылымды ережесінің дербес жағдайы ретінде.

8. Жай бөлшектерді қосудың қолданыстағы үйреншікті ережесі – аксиомалар салдарында дәлелденген алгебралық бөлшектерді қосу ережесінің дербес жағдайы ретінде және алым және бөлім мағынасында қабылданған санның тең бөліктері неше рет алынып тұруын санап қосу арқылы бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесінің тікелей дәлелдемесі, бөлімдері әртүрлі бөлшектердің мәнін сақтай отырып, бөлімі бірдей бөлшекке келтіру арқылы дәлелденген жағдайға әкелу.

9. Жай бөлшек жазуындағы « $\div$ » сызықша таңбасының мағынасы – m бірлік көлемдегі объектіні тең n бөлікке бөліп, олардың біреуінің алынуы не оған пара-пар өлшемі бірлік ретінде алынған объектіні тең n бөлікке бөліп, олардан m бөліктің алынуы.

10. Оң мәнді ондық бөлшектерді барлық нақты сандарды жазу мақсатында қолдану – оң мәнді ондық бөлшектерді «+» және «-» таңбасымен жабдықтау арқылы сәйкес оң және оған қарама-қарсы сандар атты теріс сандарды таңбалау, ерекше $0 = 0, 0 \ldots 0$ және $1 = 1, 0 \ldots 0 \ldots = 0, 9 \ldots 9 \ldots$ сандарының ондық бөлшек түрінде пара-пар жазылулары.

11. Санның ақырлы не ақырсыз ондық бөлшек түрінде жазылуы – санның рационал не рационал емес болуына сәйкес ондық бөлшектің белгілі бір жерден бастап қандай да бір цифрлардың ақырлы тобының тізбектей қайталануына не ешқандай цифрлардың жүйелі қайталанбауына байланысты периодты және периодсыз деп аталып, екі топқа бөлінетін ондық бөлшек түрінде жазылулары, рационал сандағы кез келген орында тұрған цифр мәнін анықтау мүмкін болғандықтан санның өзі де айқын түрде жазылады, ал периодсыз ондық бөлшек жазылуында цифрлар саны ақырсыз және орналасуы жүйесіз болуына байланысты жазылудағы әрбір цифр әрқашан нақты анықтала бермегендіктен рационал емес сан ондық бөлшек арқылы толық көлемде жазылмайды, сол себепті олардың анықтама мағынасына сәйкес $\sqrt{2}, e, \pi,$ тәрізді ықшам белгіленулері енгізіледі.

12. Периодтық ондық бөлшекті мәні соған тең жай бөлшек түрінде жазу ережесі – ізденісті жай бөлшектің алымы мен бөлімін берілген ондық бөлшектегі периодсыз, периодты бөліктері арқылы есептеу алгоритмі.

13. Периодсыз ондық бөлшектер басқа-рационал емес, яғни иррационал сандардың жиынын құруы және оның бос емес жиын екеніндігін көрсететін мысалдар.

§11. САНДЫҚ ЖИЫННЫҢ СУПРЕМУМЫ МЕН ИНФИМУМЫ

1. Жоғарыдан шенелген сандық жиынның супремум атты нақты мәнді ең кіші жоғарғы шені әрқашанда бар болуының аксиомасы және оның екі сөйлеммен сипатталуы – біріншіден, супремум саны жиынның жоғарғы шені болуы, екіншіден, супремум санынан кіші кез келген нақты сан осы жиында одан үлкен сан әрқашан табылғандықтан бұл жиынның жоғарғы шені бола алмауы, яғни барлық мүмкін жоғарғы шендердің ең кішісі болуы. Төменнен шенелген сандық жиынның инфимум атты нақты мәнді ең үлкен төменгі шені әрқашанда бар болуының аксиомасы және оның екі сөйлеммен сипатталуы – біріншіден, инфимум саны жиынның төменгі шені болуы, екіншіден, инфимум санынан үлкен кез келген нақты сан осы жиында одан кіші сан әрқашан табылғандықтан бұл жиынның төменгі шені бола алмауы, яғни барлық мүмкін төменгі шендердің ең үлкені болуы.

2. Ең үлкен (ең кіші) элементі бар сандық жиынның супремумы (инфимумы) сол ең үлкен (ең кіші) элементтің дәл өзі болуы – біріншіден, жиынның ең үлкен (ең кіші) элементі сол жиынның жоғарғы (төменгі) шені болуы, екіншіден, одан кіші (үлкен) кез келген санның жиында жатқан ең үлкен (ең кіші) элемент үлкен (кіші) болғандықтан кіші (үлкен) сан жоғарғы (төменгі) шен бола алмағандықтан, ең үлкен (кіші) элемент жоғарғы (төменгі) шендердің ең кішісі (үлкені), яғни жиын супремумы (инфимумы) болуы.

3. Сандық жиынның супремумын бейнелейтін сөйлемдердің сәл жеңілдетілген түрі - екінші шарттағы зерттелінді жоғарғы шеннен кіші санның кез келген емес кез келген жақындықта жатқан санмен шектелу мүмкіндігі.

4. Сандық жиындардың супремумы мен инфимумының сол сандық жиындардың өзінде жатуының да, жатпауының да мүмкіндігі – сәйкес сегмент пен интервал мысалдары.

5. Кез келген сандық жиынның супремумы мен инфимумының әрқашан да бар болуы – жиын әрқашанда жоғарыдан (төменнен) шенелмеген не шенелген болады да, жоғарыдан (төменнен) шенелмеген жиынның $+\infty(-\infty)$ тең ақырсыз жоғарғы (төменгі) шені бар болып, одан үлкен (кіші) сан болмағандықтан сол жоғарғы (төменгі) шен жалғыз болып, жалғыздығынан барлық жоғарғы шендер арасындағы ең үлкені де, ең кішісі де соның өзі, жинақтап айтқанда $+\infty(-\infty)$ жоғарыдан (төменнен) шенелменген жиынның ең кіші жоғарғы шені ретінде супремумы (инфимумы) болады, ал жоғарыдан шенелген жиынның супремумының (инфимумының) бар болуы супремумының (инфимумның) ең кіші (үлкен) жоғарғы (төменгі) шен деген анықтамасынмен беттесетін дәл оқылудағы 17 аксиома.

6. Сандық жиынннның супремум, инфимум және элементтері арақатынастары – сандық жиынның жоғарғы (төменгі) шені қасиетті әр сан осы жиынның супремумымен (инфимумымен) артық (кіші) не тең қатынаста болуы, неғұрлым жиын кең болса, соғұрлым оның супремумы үлкен, ал инфимумы кіші болуы, берілген екі сандық жиынның бірінің әр элементі екіншісінің әр элементінен аспағанда нақты сандар болатын бірінші жиынының супремумы екінші жиынның инфимумінен аспауы, берілген сандық жиынының элементтеріне қарама-қарсы элементтерден тұратын жиынның супремумы (инфимумы) бастапқы жиынның инфимумына (супремумына) қарама-қарсы санға тең болуы, берілген екі сандық жиындардың біріншісінің кез келген элементі екіншісінің бір ғана элементінен аспағанда нақты сандар болатын бірінші жиынының супремумы екінші жиынның инфимумінен аспауы, берілген сандық жиынының әр элементі оның супремумы мен инфимумынан арасында, дәл айтқанда, инфимумнан кіші емес, супремумнан артық емес болуы.

§12. ОҢ САННЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ (ОҢ БҮТІН РЕТТІ) ТҮБІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАР БОЛУЫ ТУРАЛЫ ТЕОРЕМА

1. Сан дәрежесі тақырыбындағы терминдік атаулар мен қалыптасқан белгілеулердің тарихи деректері – дәреже негізі, дәреже көрсеткіші.

2. Санның оң мәнді дәрежесіне «кері» мағынадағы нақты санның оң бүтін мәнді және арифметикалық түбірлері – екіден кем емес оң бүтін дәрежесі берілген а санына тең болатын әрбір сан сол санның оң бүтін түбірі деп, солардың арасындағы оң мәндісі арифметикалық түбір деп аталуы және $\sqrt[n]{a}$ арқылы белгіленуі, соның ішінде $n=2$ болғанда $\sqrt[2]{4}=\sqrt{4}$ арифметикалық түбірінің ± 2 емес, тек қана жалғыз $+2$ санына тең болуы, сонымен $\sqrt{4}=+2$ (бірақ ± 2 емес).

3. Арифметикалық түбірдің «бар болуы» туралы теорема мен одан туындайтын «арифметикалық түбірді жуықтап есептеу» мәселесі математикалық анализ дамуының бірден-бір себебі ретінде.

4. Кез келген оң санның кез келген оң бүтін дәрежелі арифметикалық түбірі бар және ол жалғыз болуы туралы теорема мен оның дәлелдемесі – теорема орындалу себебінің геометриялық тұрғыдан көрнекі түсіндірмесі мен соған негізделген 9 қадамдық аналитикалық дәлелдемесі.

5. Арифметикалық түбірдің бар болуы туралы теореманың сандар құрылысында рационал санмен қатар рационал сан емес иррационал сан бар болуын нақтылауға негізделген салдары – рационал емес санның бар болуының кез келген периодсыз ондық бөлшектің мәні болуымен қатар басқа тұрғыдағы қасиетпен берілуі: квадраты 2 санына тең $\sqrt{2}$ – иррационал сан теоремасы.

6. Әр интервалда рационал және иррационал сандардың бар болуы – Архимед аксиомасы мен арифметикалық түбірдің бар болу теоремасының жеке рационал және жеке иррационал сандардың нақты сандар жиынындағы тығыздығын сипаттайтын салдары ретінде.

13. НАҚТЫ САННЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ ДӘРЕЖЕСІНІҢ a^x ДӘРЕЖЕ (САН ДӘРЕЖЕСІ), x ДӘРЕЖЕ КӨРСЕТКІШІ, a НЕГІЗІ – ТЕРМИНДЕРІМЕН ТҮСІНДІРМЕЛІ (ДӘЛЕЛДЕМЕЛІ) АНЫҚТАМАСЫ

1. Санды дәрежеге шығару мәселесінің туындануы мен шешімдер тізбесі – бір санды қайталап қосу амалы арқылы анықталған санды оң бүтін санға көбейту амалындағы оң бүтін санды кез келген нақты санға ауыстыру арқылы көбейту аксиомасының тобымен бекітілген кез келген екі санды көбейту амалы алынғандай бір санды қайталап көбейту амалы арқылы сол санды дәрежелеу амалында оң негіз үшін оң бүтін дәрежеден кезекпен теріс бүтін дәрежеге, нөл дәрежесіне, рационал дәрежесіне, иррационал дәрежесіне және теріс мәнді негіз үшін кейбір жай бөлшекті дәрежеге шығару амалын мағыналау үрдісі.

2. Нақты санның оң бүтін дәрежесіне амалдар орындау ережелері мен реттік қатынастар – бірдей негізді оң бүтін дәреже түріндегі екі санды көбейту амалында олардың негіздері сақталып, бар мәселе нәтиже көрсеткішін анықтауға түседі де және оның бастапқы сандардың көрсеткіштерін қосу арқылы орындалуы, санның оң бүтін дәрежесінің оң бүтін дәрежесі осы негізді сол сандар көрсеткіштерінің көбейтіндісіне тең көрсеткішті дәреже болуы, екі санның көбейтіндісі мен бөліндісінің оң бүтін дәрежелері осы сандардың берілген оң бүтін көрсеткішті дәрежелерінің сәйкес көбейтіндісі мен бөліндісі, көрсеткіштері бірдей, оң мәнді әртүрлі негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздер үлкен болған сайын санның оң бүтін дәрежесенің де үлкен болуы, көрсеткіштері әртүрлі, оң мәнді бірдей негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздің бірден үлкен не кіші болуына сәйкес дәреженің көрсеткіштер арасындағы реттік қатынасты сақтауы немесе қарама-қарсы қатынаста болуы.

3. «Сан дәрежесі» тақырыбындағы мәселесінің жалпы қойылуы – оң бүтін дәреже үшін дәлелденген алты қасиеттердің жалпылығымен кең қолданысты қамтамасыз ететін кез келген нақты мәнді көрсеткіш жағдайына тараталатындай сан дәрежесін анықтау.

4. Оң нақты санның бүтін, рационал және иррационал дәрежелерінің анықтамалары – кез келген нөлден өзгеше негіздің нөлге тең көрсеткішті дәрежесі бірге тең болып, $a^0=1(a\in R, a\neq 0)$, нөлден өзгеше негіздің теріс бүтін мәнді дәрежесін анықталған оң бүтін көрсеткішті дәрежеге кері сан ретінде $a^{-n}=\frac{1}{a^n}(a\in R, a\neq 0, n\in N)$ анықтау арқылы оң бүтін мәнді дәрежемен бірге кез келген бүтін сан дәрежелі санды анықтау; теріс емес санның n – оң, m – кез келген бүтін сан болғанда $\frac{m}{n}$ оң жай бөлшек (рационал сан) дәрежесінің теріс емес санның n-ші дәрежелі арифметикалық түбірінің m-ші дәрежесі түрінде анықталуы $a^{\frac{m}{n}}:=\sqrt[n]{a^m}(a\in R, a\geq 0, n\in N, m\in Z)$; бірден кіші емес нақты санның оң иррационал дәрежесінің сол саннан аспайтын оң рационал мәнді көрсеткішті дәрежелердің супремумы ретінде анықталуы $a^x:=sup\{a^r: 0<r<x\}(a\in R, a\geq 1, x\in Q, x>0)$, осындай негіздің теріс иррационал дәрежесінің анықталған оң иррационал дәрежеге кері сан түрінде анықталуы $a^{-x}=\frac{1}{a^{-x}}(a\in R, a>1, x\in R, x<0)$, бірден кіші оң санның иррационал дәрежесі негізге кері сан болатын бірден үлкен санның анықталған иррационал дәрежесі арқылы анықталуы $a^x=(\frac{1}{a})^x(a\in R, 0<a<1, x\in R)$.

5. Нөлден өзгеше нақты санның нөл дәрежесі туралы $a^0:=1$ келісімін сан дәрежесіне алдын ала қойылған алты қасиеттердің мәжбүр етуі – қарама-қарсы санның анықтамасын бойынша нөлге тең көрсеткішті онымен алмастырып, бірдей негізді дәреже түріндегі сандардың көбейтіндісін дәреже көрсеткіштерін қосу арқылы есептегендіктен, ары қарай кері санның анықтамасы бойынша бірге тең екендігіне келу қадамдары.

6. Ерекше $a=1$ және $a=0$ сандарының кез келген нақты мәнді дәрежелері жөнінде келісімдер – 1 санның кез келген нақты сан мәнді дәрежесінің бірге тең болуы, 0 санының оң нақты дәрежесінің нөлге тең болуы, ал оң емес мәнді, соның ішінде 0^0 дәрежесінің анықталмауы.

7. Нақты санның бүтін дәрежесі және оң бүтін мәнді көрсеткіш үшін дәлелденген дәреженің алты қасиеттінің бүтін мәнді көрсеткішті дәреже жағдайына таратылу дәлелдемелері.

8. Сан дәрежесі төңірегіндегі мәліметтер.

§14. САН ДӘРЕЖЕСІНІҢ РАЦИОНАЛ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ОҚЫЛУЛАРЫ МЕН ДӘЛЕЛДЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ӨЗАРА ЭКВИВАЛЕНТТІ ӘРТҮРЛІ ҚҰРЫЛЫМДЫ АНЫҚТАМАЛАРЫ

1. Оң негізді рационал мәнді көрсеткішті дәреже қасиеттерінің дәлелдемелері – бірдей негізді рационал мәнді дәреже түріндегі екі санды көбейту амалында олардың негіздері сақталып, бар мәселе нәтиже көрсеткішін анықтауға түседі де және оның бастапқы сандардың көрсеткіштерін қосу арқылы орындалуы, санның рационал мәнді дәрежесінің рационал мәнді дәрежесі осы негізді сол сандар көрсеткіштерінің көбейтіндісіне тең көрсеткішті дәреже болуы, екі санның көбейтіндісі мен бөліндісінің рационал мәнді дәрежелері осы сандардың берілген рационал мәнді көрсеткішті дәрежелерінің сәйкес көбейтіндісі мен бөліндісі, көрсеткіштері бірдей, оң мәнді әртүрлі негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздер үлкен болған сайын санның оң рационал мәнді дәрежесенің де үлкен болуы, көрсеткіштері әртүрлі, оң мәнді бірдей негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздің бірден үлкен не кіші болуына сәйкес дәреженің көрсеткіштер арасындағы реттік қатынасты сақтауы немесе қарама-қарсы қатынаста болуы.

2. Теріс санның дәреже көрсеткіші қысқартылмайтын жай бөлшек болғандағы дәрежесі – бөлшек бөлімі тақ сан болғанда негіздегі теріс санға қарама-қарсы санның бөлімдегі тақ сан дәрежелі арифметикалық түбірі анықтағаннан кейін оған қарама-қарсы санның алымға тең дәрежесін алу.

3. Сан дәрежесінің көрсеткіші оң бүтін N , бүтін Z және рационал Q жиындар жағдайларында бірте-бірте келесі анықтама соның алдыңғысы арқылы кеңейе бергенде анықталған сан дәрежесінің анықтамасына эквивалентті бірыңғай супремум арқылы берілген өрнектеуі – иррационал мәнді көрсеткішті дәреженің супремум арқылы берілген анықтамасының рационал санға жарамдылығы және барлық жағдайды қамтитын бірден үлкен негіз үшін енгізілген анықтама мен тізбеленген анықтаманың пара-парлығы.

§15. САН ДӘРЕЖЕСІНІҢ НАҚТЫ МӘНДІ КӨРСЕТКІШТЕР ЖАҒДАЙЫНАҒЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ОҚЫЛУЛАРЫ МЕН ДӘЛЕЛДЕУЛЕРІ

1. Дәреже көрсеткіші рационал және иррационал болғандағы сан дәрежелерінің өзара бөлек анықтамаларының жалпы нақты мәнді көрсеткіш үшін біріктірілген супремум негізіндегі бірыңғай анықтамасы.

2. Оң негізді нақты мәнді көрсеткішті дәреже қасиеттерінің дәлелдемелері – бірдей негізді нақты мәнді дәреже түріндегі екі санды көбейту амалында олардың негіздері сақталып, бар мәселе нәтиже көрсеткішін анықтауға түседі де және оның бастапқы сандардың көрсеткіштерін қосу арқылы орындалуы, санның нақты мәнді дәрежесінің нақты мәнді дәрежесі осы негізді сол сандар көрсеткіштерінің көбейтіндісіне тең көрсеткішті дәреже болуы, екі санның көбейтіндісі мен бөліндісінің нақты мәнді дәрежелері осы сандардың берілген нақты мәнді көрсеткішті дәрежелерінің сәйкес көбейтіндісі мен бөліндісі, көрсеткіштері бірдей, оң мәнді әртүрлі негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздер үлкен болған сайын санның оң нақты мәнді дәрежесенің де үлкен болуы, көрсеткіштері әртүрлі, оң мәнді бірдей негізді сан дәрежерін салыстыру – оң мәнді негіздің бірден үлкен не кіші болуына сәйкес дәреженің көрсеткіштер арасындағы реттік қатынасты сақтауы немесе қарама-қарсы қатынаста болуы.

§16. ОҢ САННЫҢ ЛОГАРИФМІ – АНЫҚТАМАСЫ, БАР БОЛУЫ, НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ӨРІСІ

1. Логарифм анықтамасына әкелетін есептің қойылымы –нақты санды берілген мәнді негіздегі дәреже түрінде жазу мәселесі, соның ішінде бір көбейту амалын бір қосу амалына ауыстыруға мүмкіндігі.

3. Логарифмнің бар болуы туралы теорема – қабылданған анықтамадағы талаптардың дәлме-дәл және бірмәнді орындалуын беретін тұжырым.

4. Логарифм анықтамасына эквивалентті тепе-теңдік пен дербес жағдайлары – дәреже көрсеткіші логарифмге тең болғанда санға тең болуы, жеке бірге және негізге тең сандардың логарифмдерінің сәйкес нөлге және бірге тең болуы.

5. Сан логарифмінің негізгі қасиеттері – көбейтіндінің, бөліндінің, дәреженің логарифмі сәйкес логарифмдерінің қосындысы, айырмасы, дәреже көрсеткішінің логарифмге көбейтіндісіне тең болуы, логарифмде бір негізден екінші негізге көшу, негізі бірден үлкен және бірден кіші оң сан болуына сәйкес логарифм сандар арасындағы қатынастарды сақтауы немесе қарама-қарсы реттік қатынасқа алмастыру.

6. Сан логарифмінің негізгі қасиеттерінің дәлелдемелері – көбейтіндінің, бөліндінің, дәреженің логарифмі сәйкес логарифмдерінің қосындысы, айырмасы, дәреже көрсеткішінің логарифмге көбейтіндісіне тең болуы, логарифмде бір негізден екінші негізге көшу, негізі бірден үлкен және бірден кіші оң сан болуына сәйкес логарифм негіз арасындағы қатынастарды сақтауы немесе қарама-қарсы таңбаға алмастыруы қасиеттерінің дәлелдеуі.

7. Логарифмнің сандарды көбейтудің бір амалын қосудың бір амалына ауыстыру қасиетінің қолданбалық маңызы.

II ТАРАУ. САНДЫҚ ТІЗБЕК ШЕКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

§1. ТІЗБЕК АТТЫ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІ

1.Тізбектің анықтамасы, белгілеулері және берілу тәсілдері – тізбек табиғаты функция және ол мүмкін барлық функциялар арасында барлық оң бүтін сандар жиыны анықталу жиыны болуымен ерекшеленеді, ықшамды жазу мақсатында әдеттегі $f(n)$ түріндегі функция белгілеуінің орнына аргументті мәннің төменгі интексіне жіберу арқылы екі жақшаға ықшамдалған жинақы $\{x_n\}_{n=1}^{\infty}$ белгіленуіне алмастыру, ереже тікелей сөйлеммен не сөйлемнің символдық жазылуы формуламен, тізбектің бір нөмірінен бастап келесі мүшесі тура алдындағы бірнеше мүшелері арқылы толық бейнелейтін рекуррентті формуламен, бастапқы бірнеше мүшенің жазылуынан жалпы ережесін тану арқылы берілуі.

2. Тізбектің нақты мәнді шегінің анықтамасы – «Тізбектің нақты мәнді шегі» атауы тікелей оқылуында тізбек нөмірі өскен сайын тізбектің мүшелері тізбек шегі деп аталатын нақты санға жақындай түсуі деген логикалық түйінге керісінше алдымен нөмірге бағынышты тізбек мәндерінің тізбек шегіне ε жақындығы тағайындалып, артынша сол теңсіздікті қанағаттандыратын мәндердің нөмірлеріне нақтылы бір нөмірден бастап, бір де бір нөмір қалдырмай барлық нөмірлер сол жақындықты сақтайтындығы жайлы шарт қойылып, осы реттегі екі теңсіздік " $\varepsilon - K(\varepsilon)$ " тіліндегі шек анықтамасын құрауы.

3. Тізбек шегі анықтамасының қалыпты түсініктерге сәйкес келе бермеуі – шек анықтамасындағы оң болуынан басқа ешқандай шарт қойылмаған ε саны бір уақытта «бекітілген» және «кез келген» болуы және осы сөздерінің мағынасы қарама-қарсы болғанымен, бұл жағдайда үйлесімділігі, әрбір оң сан туралы алдын ала ол үлкен немесе кішкентай деп жеке өзін, басқа санмен салыстырусыз айтуға болмауы – «Берушіге бесеу көп, алушыға алтау аз», белгілі бір нөмірден бастап барлық нөмірлерге орындалатын қасиетті сақтай отырып, сол басталатын нөмірді көтере алу мүмкіндігі, тізбек шегіне кері анықтаманы нық тұжырымдауда сөздің көп мағынасымен жаңылмау үшін бірмәнді жазуға мүмкіндік беретін тізбек шегі анықтамасының символдық түрде жазылуы, символдық жазылу мен оқылуының ретінің кейбір тілдерде сақталып, кейбірінде сақталмауы, әрбір мүшесімен анықталатын тізбектің шегі болуына да, болмауына да және болған жағдайда оның мәніне де әр жеке алынған мүшесінің ешқандай да әсері болмауы.

4. Тізбектің шегіне ұмтылудың түрлері – тізбек мүшелері өз шегіне «жабысып», жоғарыдан не төменнен біржақты ақырсыз жақындай түсіп, ақырсыз екіжақты жақындай түсіп, кезекпен біржақты қашықтап не шегімен беттесе отырып жақындай түсіп, біресе жақындап, біресе алыстап ырғалып ұмтылуы.

§2. НАҚТЫ МӘНДІ ШЕК АНЫҚТАМАСЫНДАҒЫ ШЕНЕЛГЕН ЖӘНЕ ШЕНЕЛМЕГЕН МАҢАЙЛАР ТҮСІНІКТЕРІН ТОЛЫҚ ЛОГИКАЛЫҚ ЖАЛҒАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТІЗБЕК ШЕГІНІҢ АЛТЫ ТҮРІН ҚАМТИТЫН ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАСЫНА КЕЛУ

1. «Маңай» ұғымына әкелетін шек анықтамасындағы қорытындылар – шек анықтамасы теңсіздігіндегі абсолют шаманың анықтамасы бойынша сол тізбек шегін қамтитын интервалға келу арқылы тілдегі мағынасымен дәлме-дәл келмейтін нақты сан үшін ақырлы «маңай» ұғымын және берілген нөмірден үлкен нөмірлерді интервал түрінде жазып, $+\infty$ «маңай» ұғымын анықтау.

2. Шенелген және шенелмеген маңайлар құрылымдарының логикалық жалғастыруында пайда болатын жүйе – нақты санның (нүктенің) маңайы, сол маңайдың нүкте арқылы қақ бөлінген оң және сол жақты атты жартылай интервал түріндегі маңайлары, ақырсыз $+\infty$ санының маңайы және оған симметриялы ақырсыз $-\infty$ санының маңайы, осы $+\infty$ пен $-\infty$ маңайларының бірігуі арқылы алынған жаңадан енгізілген ∞ символының маңайы.

3. «Маңай» ұғымы төңірегіндегі талқылаулар – ақырлы және ақырсыз нүктелердің бір-бірінен өзгеше маңайларын геометриялық тұрғыдан сан өсін ию арқылы ұқсас сипатта екендігін көрсету, қолданыстағы «маңай» ұғымы тілдегі лексикадағы «жақындық» мағынасын қандай кіші болса да әрқайсысы жеке бермегенімен, жинақталып жүйелі түрде беруі.

4. Сандық тізбектің ақырлы және ақырсыз алты түрлі шегі – алдын ала берілген кез келген және бекітілген тізбек шегі маңайына жатқан тізбек мәндерінің нөмірлері $+\infty$ маңайында жату талабымен берілген анықтамалар және оның символдық түрде жазылулары.

5. Тізбек мүшелерінің шегіне жай, жоғарыдан және төменнен ұмтылуыларының арақатынасы – тізбек өзінің ақырлы немесе ақырсыз шегіне жоғарыдан не төменнен ұмтылуынан жай да ұмтылуы, бірақ тізбек мәндері екі жағынан да ұмтылу мүмкін болғандығынан керісінше жағдайдың әрқашан орындала бермеуі.

6. Шек анықтамасындағы алдын ала берілген ε маңайы үшін $K(\varepsilon)$ нөмірін табу үлгісі ретінде барлық оң бүтін сандар жиынында анықталатын элементар функциялар мәндерінен құрылған тізбек шектерін есептеу мысалдары.

§3. САНДЫҚ ТІЗБЕКТІҢ ШЕГІ ЖОҚ ДЕГЕН НЕ?

1. Сандық тізбектің нақты мәнді шегінің анықтамасын қарама-қарсы тұжырымдау – нақты мәнді (ақырлы) шектің кері анықтамасы.

2. Сандық тізбек шегінің жалпы анықтамасын қарама - қарсы тұжырымдау – алты түрлі шекті қамтитын жалпы анықтамаға кері анықтама жасау арқылы алты жағдайдың әрқайсысы тізбек шегі болмайтындығын жеке-жеке тұжырымдау және оны кесте түрінде көрнекі өрнектеу.

3. Сандық тізбектің ешқандай (ақырлы да, ақырсыз да) шегі жоқ болуы – сандық тізбек шегінің жалпы анықтамасына қарама-қарсы тұжырым алты жағдайдың бәрінде де орындалуы, соның арасында $x_n = \frac{1+(-1)^n}{2}$ тізбегінің ешқандай шегі жоқ болуы.

§4. АҚЫРЛЫ НЕ АҚЫРСЫЗ ШЕГІ БАР САНДЫҚ ТІЗБЕКТЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІ

1. Орындалуы өз-өзінен анық сияқты болса да, математикада жиі қолданыста болатын екі тұжырымның дәлелдемесі – абсолют шамасы бойынша кез келген оң саннан кіші санның нөлге ғана тең болуы, сан барлық оң нақты сандар жиында өзгергенде, әрбір бекітілген оң сан үшін олардың көбейтіндісі түріндегі сандар да барлық оң нақты сандар жиында өзгеруі.

2. Шенелген және шенелмеген сандық тізбектер – сандық тізбектің заты функция болғандықтан оның мүшелері деп аталатын мәндерінен құрылған жиын шенелуіне не шенелмеуіне сәйкес тізбектің де шенелген не шенелмеген болуы, дәл айтқанда, тізбектің әрбір мүшесінің абсолют шамасы аспайтындай сан табылуы мен керісінше, қандай сан алынса да, абсолют шамасы одан үлкен тізбек мәнінің бар болуы, сандық тізбектің шенелгендігі мен шегі бар болуының арақатынастары.

3. Жинақталатын деп те аталатын ақырлы шегі бар тізбектердің қасиеттері – тізбектің нақты мәнді шегінің жалғыздығы, жинақталатын тізбектен алдыңғы мүшелерінің ақырлы санын алып тастағанда шыққан жаңа тізбектің бастапқы тізбек шегіне жинақталуы, жинақталатын тізбек мүшелерінің абсолют шамасынан құрылған жаңа тізбектің берілген тізбек шегінің абсолют шамасына жинақталуы, шегі нөл емес нақты сан болатын тізбектің мүшелері белгілі бір нөмірден бастап шегінің таңбасын сақтауы, екі жинақталатын тізбек шектерінің белгілі бір нөмірінен бастап орындалатын мүшелерінің $x_n \leq y_n \leq z_n$ арасындағы реттік қатынасты сақтауы, үш тізбек беріліп, мүшелері қатынасты сақтап, екі шеткі тізбектің шектерінің тең болуынан ортаңғы тізбектің де шегі сол тізбектер шегіне тең болуы.

4. Тізбектерге қолданылатын арифметикалық амалдар – нөмірлері бірдей жинақталатын тізбектер мүшелері үшін арифметикалық амалдар орындалып, нәтижесінде мәні тізбек мүшелеріне сол амал орындалған сол нөмірлі жаңа тізбек құрылады да, оның шегі бастапқы шектерге дәл сол арифметикалық амалдарды қолдану нәтижесіне тең болады.

§5. ШЕКТЕРІ БАР ЕКІ ТІЗБЕККЕ АМАЛДАР ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТАР, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТЫ АШУ ЕСЕПТЕРІ

1. Нақты сандарға ұмтылатын екі тізбектің қатынасы болатын сандық тізбекті шек тұрғысынан толық зерттеу – алымындағы тізбектің шегі нөлге тең, бөліміндегінікі нөлден өзгеше болғанда қатынас түрінде анықталған тізбек шегі нөлге тең болуы, алымындағы тізбектің шегі нөлден өзгеше бөліміндегінікі нөлге тең болғанда қатынас түрінде анықталған тізбек шегі шексіздікке тең болуы, алымындағы тізбектің де, бөліміндегі тізбектің де шегі нөлге тең болғанда қатынас түрінде анықталған тізбек шегі жайлы алдыңғы екі жағдайдағыдай нақтылы нәтижелі мәлімет бере алмау.

2. $\frac{0}{0}$ түрінде анықталмағандық және "Анықталмағандықты ашу" есептері – алымындағы тізбектің де, бөліміндегі тізбектің де шегі нөлге тең болғанда қатынас түрінде анықталған тізбек шегі барлық мүмкін алдын ала берілген ақырлы не ақырсыз сан, не ешқандай шегі жоқ болу жағдайларының әрқайсысының орындалуы мысал арқылы көрсетіледі де, нақты алынған қатынас үшін солардың қайсысы екендігін анықтау "анықталмағандықты ашу" атты мәселені құрады.

3. Анықталмағандықтардың түрлері және "Анықталмағандықты ашу" жалпы мәселелері – $\frac{0}{0}$ анықталмағандығы тәрізді нәтиже алдын ала белгісіз болатын $(+\infty)-(+\infty)\,, 0\cdot(+\infty)\,, \frac{\pm\infty}{-\infty}, 1^{\infty}$ түріндегі анықталмағандықтар және осы шек бар ма әлде жоқ па, бар болса мәні қандай дегенді анықтау "анықталмағандықты ашу".

§6. ӘРҚАШАНДА БІРЖАҚТЫ, АҚЫРЛЫ НЕ АҚЫРСЫЗ ШЕГІ БАР МОНОТОНДЫ ТІЗБЕКТЕР

1. Монотонды тізбектер – тізбек нөмірлерінің үлкеніне үлкен мәні не біріңғай кіші мәні сәйкес келуіне қарай қатаң өспелі не қатаң кемілелі болу қасиеттері және де осы реттік қатынастармен қоса мәндері тең де болуы мүмкін кемімейтін және өспейтін деп аталатын сандық тізбектер.

2. Монотонды тізбектің шегінің бар болуы туралы теорема – кемімейтін (өспейтін) тізбектің шегі бар және ол тізбек мәндерінен құрылған жиынның супремумына (инфимумына) теңдігі, сондықтан жоғарыдан (төменнен) шенелген және шенелмеген болуына қарай нақты санға не ақырсыз $+\infty(-\infty)$ санына тең болуы.

3. Жинақталатын монотонды тізбектердің ерекше мысалдары – дөңгелек ауданының іштей сызылған дұрыс көпбұрыштар аудандарының нақты мәнді шегі арқылы бейнеленуі, факториал тізбектің өсуі көрсеткіштік тізбегінің өсу жылдамдығынан "шаңына да ілестірмей" ақырсыз жылдам болуы, оң санның квадраттық түбіріне кеми көрсеткіштік жылдамдықпен ұмтылатын тізбек.

4. Сегменттер ұясы туралы теорема монотонды тізбектердің шектерінің геометриялық бейнесі ретінде – бірінің ішіне бірі орналасқан сегменттердің сол жақ шектік нүктелері кемімейтін, ал оң жақ шектік нүктелері өспейтін тізбектер құрады да, әрқайсысының нақты мәнді шектері бар болады және сегмент ұзындықтарынан құралған тізбектің шегі нөл болғандықтан олардың шектері өзара тең болып, дәл сол шек мәні нүкте ретінде осы сегменттердің әрқайсысында жатуы.

5. Нақты санның ондық бөлшек түрінде жазылуын сегменттер ұясы арқылы сипаттауы – ондық бөлшек түрінде жазылған санның әр разряды бойынша сегмент құрылып, сол сегменттер ұясы жазылған санды қамтуы.

§7. МАТЕМАТИКАНЫҢ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУДЫҢ НЕГІЗІН ҚҰРАЙТЫН БЕС САННЫҢ БІРІ – e САНЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ, РАЦИОНАЛ ЕМЕС САН БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ДӘЛДІКПЕН РАЦИОНАЛ САНМЕН ЖУЫҚТАУ ФОРМУЛАСЫ

1. e санының анықтамасы – алдын ала өзгеру тәртібі көрінбейтін, жалпы мүшесі $x_n := \left(1+\frac{1}{n}\right)^n$ өспелі, шенелген тізбектің нақты мәнді шегі ретінде.

2. Өзгеру тәртібі түсініксіз $\left(1+\frac{1}{n}\right)^n$ тізбек шегі ретінде анықталған e санына көрнекі ақырлы қосындының төменнен ақырсыз жақындауы және сол екі санның бір-бірінен ауытқуының жоғарыдан айқын түрде бағалануы – жалпы мүшесі фактариалдарға кері сандардың ақырлы $\frac{1}{0!}+\frac{1}{1!}+\ldots+\frac{1}{n!}$ қосындысының e санына кіші болып ұмтылуы және әр n қосылғышты қосындының ерекше e санынан жақындағының $\frac{1}{n!n}\,(n=1,2,\ldots)$ санынан кіші болуы.

3. Жай бөлшек түрінде жазылмайтын рационал емес сан әріппен белгіледі, соның ішінде теория мен ғылыми есептеуде өз орны бар санның Эйлердің (Euler) құрметіне e әрпімен белгіленуі және оны кез келген дәлдікпен жуықтайтын рационал санның табылуы – $\frac{1}{0!}+\frac{1}{1!}+\ldots+\frac{1}{n!}+\frac{\theta_n}{n!\cdot n}=r_n+\frac{\theta_n}{n!\cdot n}\,(0<\theta_m<1)$ теңдігінен кері жору тәсілімен e саны иррационал сан екендігі көрсетіледі де, осы формуланың өз сипатынан-ақ кез келген дәлдікпен е санына жақын $r_n=\frac{n!+(n-1)!+\ldots+1!}{n!}$ түріндегі рационал санды беруі.

4. Негізі $e>1$ саны болатын натурал логарифм – ондық жүйемен байланысты $lgx := \log_{10}x$ тәрізді ерекше e негізді $lnx := \log_e x$ логарифмі.

5. Жаратылыстанудың ерекше сандарының бірі e саны төңірегіндегі зерттерлер мен олардың түрлері – 1^{∞} түріндегі $e := \lim\limits_{n\to\infty}\left(1+\frac{1}{n}\right)^n$ анықталмағандықтың монотонды тізбектің шегі бар болуы туралы теоремамен ашылуы және бар болу деңгейінде анықталған иррационал e санын кез келген дәлдікпен $e-(1+\frac{1}{1!}+\ldots+\frac{1}{n!})\leq\frac{1}{n!\cdot n}$ арқылы қолданысқа жарамды рационал санмен жуықтау.

§8. САНДЫҚ ТІЗБЕКТЕРДІҢ ТІЗБЕКШЕЛЕР МЕН ДЕРБЕС ШЕКТЕР

1. Сандық тізбектің жалпы алты түрдегі шегі бар болуының не ешқандай да шегі болмауы мәселесінің негізгі зерттеу құралы болып табылатын оның тізбекшесі деп аталатын тізбегі және де дербес шегі атты шегі – алдын -ала берілген сандық тізбектің қайсібір өспелі оң бүтін мәндерінен түсірілген өспелі нөмерлерге сәйкес мәндерінің өздері тізбекше деп аталатын жаңа тізбек

құрады да, сол тізбектің шегі бар болған жағдайда оның ақырлы не ақырсыз мәні бастапқы сандық тізбектің дербес шегі деп аталады.

2. "Тізбекше-дербес шек" түсініктері "Сандық тізбек шегі" теориясына ешқандай жаңалық әкелмейтін дербес шектер мәндері алдын-ала белгілі сандық тізбектер – Шегі бар сандық тізбектің әр тізбекшесінің сол ақырлы не ақырсыз санға тең шегі бар болуымен жоғарыдан (төменнен) шенелмеген тізбектің әрқашанда ақырсыз $+\infty(-\infty)$ дербес шегі бар болуы.

3. Сандық тізбектің барлық дербес шектерінен құрылған жиынының мүмкін құрылымдары – алдын-ала берілген шектің мүмкін алты түрі де және олардың әрбір жиыншасы дербес шектері дәл сол жиындар болатын сандық тізбектердің бар болуы, сондай-ақ барлық дербес шектер жиыны сегмент болатын сандық тізбегі мысалы мен әр интервалдың ондай қасиетте бола алмайтыны туралы мәлімет.

§9. ӘР САНДЫҚ ТІЗБЕКТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ЕҢ КІШІ ДЕРБЕС ШЕГІ БАР БОЛУЫ ТУРАЛЫ БОЛЬЦАНО-ВЕЙЕРШТРАСС ТЕОРЕМАСЫ ЖӘНЕ СОЛАРДЫҢ ТІЗБЕК МҮШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ СИПАТЫ

1. Сандық тізбекті зерттеудегі "тізбекше-дербес шек" әдісін мазмұнды ететін әр шенелген сандық тізбектің нақты сан болатын кемінде бір дербес шегінің бар болуын беретін Больцано-Вейерштрасс теоремасы – шенелген сандық тізбектің дербес шектерінің ішінде ең үлкен және ең кіші дербес шегі бар болуын, демек екеуі тең болғанда бір, өзара тең емес болғанда кемінде екі дербес шектің бар болуын қамтамасыз ететін сегменттер ұясы туралы теореманы тізбек мүшелерін қамтитын сегментті тең бөле отырып, сегменттер ұясын құру барысында тізбектің ақырсыз мүшелері тек біреуінде жатса, мүшелердің ақырсыз саны жатқан бөлігін, ал екі бөлігінде де жатса, тек оң (сол) жақ бөлігін ала отырып қолданғанда, жоғарғы (төменгі) шек деп аталатын ең үлкен (кіші) дербес шекке келуі.

2. Қайсыбір нақты сан берілген сандық тізбектің (шенелген не шенелмеген) ең үлкен (ең кіші) дербес шегі болуы үшін сол тізбекке және санға қойылатын шарттар – нақты сан берілген тізбектің дербес шегі болуымен қатар, одан үлкен (кіші) дербес шек болмайтындығын қамтамасыз ететін алдын ала берілген одан үлкен (кіші) кез келген сан үшін белгілі бір нөмірінен бастап тізбек мүшелерінің барлығы сол саннан кіші (үлкен) болуы.

3. Сандық тізбектің нақты мәнді жоғарғы (төменгі) шектерінің толық сипаттамасы – нақты мәнді тізбек шегі анықтамасындағы жоғарғы (төменгі) жақ теңсіздігі белгілі бір нөмірден бастап бүкіл тізбек мүшелері үшін орындалса, төменгі (жоғарғы) теңсіздік нөмірлері жоғарыдан шенелмеген мүшелер үшін орындалуы.

4. Шенелген тізбектердің ең үлкен (ең кіші) дербес шектерінің тізбек мүшелерінің inf-sup (sup-inf) бойынша тікелей бейнеленуі – әр оң бүтін санды нөмір үшін нөмірлері одан кем емес барлық тізбек мәндерінен құрылған жиынның супремумдары (инфимумдары) нақты мәнді өспейтін (кемімейтін) тізбек құрып, шегі сол сандардың инфимумына (супремума) тең жоғарғы (төменгі) шектің дәл өзі болуы.

5. Жоғарғы шектің $\overline{\lim\limits_{n\to\infty}} x_n = \lim\limits_{n\to\infty} \sup x_n = \inf \sup x_n$ және төменгі шектің $\underline{\lim\limits_{n\to\infty}}\, x_n = \lim\limits_{n\to\infty} inf x_n = \sup \inf x_n$ белгілеулерінің мағыналары.

6. Больцано-Вейерштрасс теоремасының жалпы түрдегі қорытынды оқылуы – кез келген шенелген де, шенелмеген де сандық тізбектің ең үлкен және ең кіші дербес шектерінің бар болуы.

§10. КОШИ КРИТЕРИЙІ – САНДЫҚ ТІЗБЕКТІҢ НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІ БАР БОЛУЫН ОНЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫСЫ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНГЕН ҚАЖЕТТІ ЖӘНЕ ЖЕТКІЛІКТІ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАЛЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАРЫ

1. Коши шарты мен Коши тізбегі – нақты мәнді шегі бар тізбектің анықтамасынан шығатын тізбек ішкі құрылымын белгілі бір нөмірінен бастап кез келген екі мүшесінің бір-біріне жақын болуымен сипаттайтын шарт пен сондай қасиетті тізбек аталымы.

2. Сандық тізбектің шек мәнін қатыстырмай, тек қана тізбек мүшелерінің ішкі құрылысы арқылы нақты мәнді шегі бар болуының қажетті және жеткілікті шартын беретін Коши критерийінің оқылуы және дәлелдемесі – барлық сандық тізбектерден мүшелерінің бір-біріне Коши шарты атты ақырсыз жақындық қасиетімен ерекшеленетін нақты мәнді шегі бар тізбектерді бөліп алу.

3. Коши критерийінің жинақталатын тізбектер теориясындағы орны – нақты мәнді шегі бар тізбек анықтамасындағы шарттардың барлығы тікелей сол нақты мәнді шек төңірегінде болғанда, Коши критерийінде нақты мәнді шек бар екендігі мәні көрсетілмей, оның мүшелерінің құрылымы арқылы берілуі; Коши критерийінің құндылығы кез келген нақты мәнді шегі бар тізбекке арналған жалпылығы болады да және құндылығымен қатар жүретін кемшілігі Коши шартының орындалуының техникалық тұрғыдан тексеруі қиындығында, ал монотонды тізбек үшін нақты мәнді шек бар болуының кемшілігі мен құндылығы оның қолдану аясы тек монотонды тізбектерге арналған тар болуы мен тексеруі жеңіл болуында; Коши шартының орындалмауы тізбектің нақты мәнді шегі болмауын беріп, қалған екі – шегі бар және ол ақырсыз болуы не мүлдем шегі болмауы жағдайларының біріне әкелуі.

4. Объектінің таза "Бар болу теоремасы" мен "Құрылымдық теоремасы" сипатындағы тұжырым түрлері – Коши критерийі тек тізбектің нақты мәнді шегі бар болуын берсе, монотонды тізбектің шегі туралы теоремада шектің дәл мәні тікелей тізбек мүшелері арқылы sup-inf бойынша құрылады.

§11. ЖОҒАРҒЫ ШЕК ДЕП АТАЛАТЫН ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ ШЕК ДЕП АТАЛЫН ЕҢ КІШІ ДЕРБЕС ШЕКТЕРДІҢ ЖИНАҚТАЛАТЫН ДА, ЖИНАҚТАЛМАЙТЫН ДА БАРЛЫҚ САНДЫҚ ТІЗБЕКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІН СИПАТТАУЫ

1. Тізбектің "Жай", жоғарғы және төменгі нақты мәнді шектерінің өзара байланысты $\varepsilon - K(\varepsilon)$ тіліндегі анықтамаларының жинақталған арақатынастары.

2. Жоғарғы және төменгі шектерді $0, 1, 0, 1, \ldots$ тізбек мысалында есептеу үлгісі – аталмыш тізбектің 0 мен 1 сандарына тең екі дербес шектері бар екендігін және одан басқа сан дербес шек бола алмайтындығын көрсетіп, яғни $\{0, 1\}$ сандық жиыны барлық мүмкін дербес шектер жиыны болып, 0 саны ең кіші, 1 саны ең үлкен дербес шек екендігін алу.

3. Тізбектің нақты мәнді шегі бар болуының және болмауының дербес шектер тіліндегі критерийлері – сандық тізбектің нақты мәнді шегі бар болуына оның төменгі және жоғарғы шектері нақты мәнді, өзара тең болуының және тізбектің нақты мәнді шегі болмауына өзара бөлек екі дербес шектің бар болуының қажеттілігі мен жеткіліктігі, сонымен қатар шенелген тізбектің ақырлы да, ақырсыз да, бір сөзбен айтқанда ешқандай шегінің болмауы үшін төменгі шектің жоғарғы шектен кіші болуының қажеттілігі мен жеткіліктігі.

4. Тізбек шегі бар және $+\infty, -\infty$ не ∞ ақырсыз сандардың біріне тең болуының және ақырлы да, ақырсыз да, бір сөзбен айтқанда ешқандай шегі болмауының дербес шектер тіліндегі критерийлері – сандық тізбектің шегі ақырсыз болуы үшін оның әр дербес шегі $+\infty, -\infty, \infty$ ақырсыз сандарының біріне тең болуының және тізбектің ешқандай шегі болмауы үшін кемінде бірі ақырлы екі әртүрлі дербес шектерінің бар болуының қажеттілігі мен жеткіліктігі.

5. Коши критерийінің дербес шектер тіліндегі тағы бір дәлелдеуі – Коши шарты орындалатын тізбектен Больцано-Вейерштрасс теоремасы бойынша жоғарғы және төменгі шектерге ұмтылатын тізбекшелер табылып, шектің тікелей анықтамасынан шыққан нақты мәнді жоғарғы және төменгі шектер теңдігінен нақты мәнді шегі бар болуының дербес шектер тіліндегі критерийлеріне келуі.

6. Теңсіздікте жоғарғы және төменгі шектерге көшу туралы теорема – сандық тізбектің жоғарғы және төменгі шектерінің өзара жеке тізбек мүшелері арасындағы реттік қатынасты сақтауы.

7. Жоғарғы және төменгі шектер арқылы тізбектің шенелгендік қасиеттерінің пара-пар бейнелеулері – тізбектің мәндер жиынының жоғарыдан, төменнен және жалпы шенелгендігінің не шенелмегендігінің сәйкес жоғарғы, төменгі және абсолют шамаларынан құрылған тізбектің жоғарғы шектерінің ақырлы болуы немесе $+\infty, -\infty, \infty$ ақырсыз сандарына тең болуы арқылы жазылуы.

8. Шенелген сандық тізбектің оның жоғарғы және төменгі шектері негізіндегі өзгеру заңдылығының аналитикалық құрылысы мен геометриялық сипаттамасы – тізбектің жоғарғы және төменгі шектерінен жасалған жолақты сәл кеңейткенде белгілі бір нөмірден бастап, мүшелерінің барлығы осы кеңейтілген жолақта жатады да, оны сәл тарылтқанда қандай оң сан алсақ та, одан үлкен нөмірлі мүшелердің міндетті түрде жолақ астына да, үстіне де шығып кетуі.

§12. ТІЗБЕК ДЕРБЕС ШЕГІНІҢ МАЗМҰНЫН АШАТЫН МАҢАЙЛАР ТІЛІНДЕГІ ЭКВИВАЛЕНТТІ АНЫҚТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ СОНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ БОЛЬЦАНО-ВЕЙЕРШТРАСС ТЕОРЕМАСЫНЫҢ ТАҒЫ БІР ДӘЛЕЛДЕУІ

1. Сандық тізбектің нақты мәнді дербес шегінің тағы екі анықтамасы – тізбектің берілген санға ұмтылатын тізбекшесі бар болуымен қатар нақты санның алдын ала алынған кез келген маңайында қалауымызша үлкен нөмірлі тізбек мүшесі жатуы не оған пара-пар тізбектің ақырсыз көп мүшелерінің жатуы.

2. Дербес шектің қабылданған үш анықтамаларының эквиваленттілігі – нақты сан тізбектің қандай да бір анықтама бойынша дербес шегі болғанда, онда қалған екеуі бойынша да дербес шегі болуы.

3. Бір ұғымның бірнеше эквивалентті анықтамаларының пайдалылығы – шенелген тізбектер үшін ең үлкен және ең кіші дербес шегі бар болуы жайлы Больцано-Вейерштрасс теоремасының дербес шектер қасиеттерін бойына сіңірілген эквивалентті анықтамалар арқылы мәселе мағынасын ашатын тағы бір дәлелдемесі.

III ТАРАУ. САНДЫҚ ФУНКЦИЯ ШЕКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

§1. НАҚТЫ МӘНДІ АЙНЫМАЛЫНЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АНЫҚТАМАЛАРЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

1. Нақты мәнді айнымалының нақты мәнді функциясы-аргументі де, мәні де нақты сан болатын функция.

2. Координаталық жазықтық атты жазықтықтағы тік бұрышты координаталық жүйе – жазықтықтағы әр геометриялық нүктенің координаталары деп аталатын реттелген екі нақты санмен өрнектеу арқылы жазықты арифметикаландыру.

3. Функция графигінің жиын түріндегі аналитикалық анықтамасы мен функция графигі деп аталатын жазықтықтағы фигура ретіндегі геометриялық бейнесі түрінде берілген өзара бөлек екі сипаттамасы – сәйкес x аргументі функция анықталу жиынында өзгергендегі $(x, f(x))$ реттелген нақты сандардан құрылған барлық жұптар жиыны және координаталық жүйедегі барлық $(x, f(x))$ геометриялық нүктелерден салынған сызық сурет.

4. Квадраттық функциялар мысалындағы функциялар графиктерінің түрлендіру үлгілері – Ox өсінің бойымен оңға не солға жылжыту, Oy өсінің бойымен жоғары не төмен жылжыту, Ox және Oy өстерінің бойымен созу не сығу.

5. Функция графиктерінің түрлендірулері – Ox өсінің бойымен оңға не солға жылжыту, Oy өсінің бойымен жоғары не төмен жылжыту, Ox және Oy өстерінің бойымен созу не сығу, функция модулінің графигі.

6. Функция графигінің математикадағы орны – математикалық теорияны графиксіз де құруға болуы және графигі салынбайтын функциялар.

7. Функция графигінен көрінетін геометриялық қасиеттердің аналитикалық оқылулары – сандық функцияның монотондылығы, дөңестілігі, иілу нүктесі, жұп және тақтылығы, периодтылығы, шенелгендігі, кері функция.

8. Сандық функцияның супремумы және инфимумы – функция ұғымының табиғаты ереже, ал супремум мен инфимум ұғымдары тек сандық жиын үшін ғана анықталғандықтан бір қарағанда "функцияның супремумы мен инфимумы" сөз тіркесі іштей қайшылыққа келетіндей болғанымен, олар, ширатып айтқанда, функцияның барлық мәндерінен құрылған сандық жиынның сәйкес супремумы мен инфимумы болады.

9. Тригонометриялық функциялардың координаталық жазықтықтағы бірлік шеңбер арқылы анықталу ережелері – радиусы бірге тең центрі координаталар басында жатқан бірлік шеңбердің бойынан әрбір нақты санға бір нүктені сәйкес қою үрдісі, сол нүкте-векторы мен Ox өсінің арасындағы бұрыштың радиандық және градустық өлшемдер жүйесін енгізіліп, сол өлшеу жүйесінің бірінен екіншісіне көшу формулалары, бірлік шеңбер бойындағы ұзындығы x санына тең доғаның ұшындағы нүктенің абциссасы бойынша $cosx$, ординатасы бойынша $sinx$ мәндерін, сол анықталған $cosx$ пен $sinx$ мәндерінің қатынасы арқылы tgx және $ctgx$ мәндерін анықтау және оны беретін геометриялық құрылымды суреттеу.

10. Бірлік шеңбер негізінде тригонометриялық функциялар периодтылығының геометриялық түсіндірмесі – нақты сандарды бірлік шеңбер бойына орналастыру барысында бір-бірімен 2π еселі айырмашылықты сандар бір нүктеде беттесуінен.

11. Тригонометриялық функциялардың бірлік шеңбер негізінде берілген анықтамаларының тікбұрышты үшбұрыш арқылы берілген анықтамалармен пара-парлығы.

12. Тригонометриялық функциялардың геометриялқы сипаттағы анықталу ережесінен тікелей оқылатын негізгі қасиеттері және графиктерінің эскиздері – $cosx$ функциясының жұп, қалғандарының тақтылығы, $cosx$ пен $sinx$ функцияларының шенелгендігі, тригонометриялық функциялардың периодтылығы, монотондылық аралықтары және осы қасиеттердің барлығын функция графиктерінің эскиздерінде жинақтау.

13. Кері тригонометриялық функциялар – тригонометриялық функциялардың қатаң монотондылық аралықтарының бейнесінде анықталған тригонометриялық кері функцияларды анықтау және әрқайсысының алдына "арк" қосымшасын қосу арқылы кері функцияларына сәйкес атау беру.

14. Негізгі тригонометриялық теңбе-теңдіктер мен формулалар – Пифагор теоремасы мен бірлік шеңбер бойынша анықталған тригонометриялық функциялардың анықтамалары бойынша $\cos^2 x + \sin^2 x = 1$ негізгі тригонометриялық тепе-теңдігін дәлелдегендей аргументі $x + y$ не $x - y$ болатын қосу формулалары деп аталатын өрнекті аргументтері x және y болатын тригонометриялық функциялар арқылы бейнелеу, қосымша бұрыштар үшін формулалар, қос және жарты бұрыштар формулалар, косинустар мен синустардың қосындысы мен айырымы, аргументтері бірдей тригонометриялық функциялар арасындағы байланыстардан тұратын 50-ден аса формулаларды бірінен кейін бірін тізбелей дәлелдеу.

15. Негізгі элементар функциялар атты топқа жинақталған дәрежелік, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялар – сан ретінде анықталған дәреже, логарифм ұғымдары арқылы әрқайсысы мағыналы болатын жиындарда сәйкес элементтерін айнымалы ретінде алып, сол ережелермен жаратылыстанудың әртүрлі өзгеру жылдамдықтарын сипаттайтын алғашқы үш функциямен бірге бірден функция ретінде анықталған тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялар.

16. Элементар функциялар – бес түрлі негізгі элементар функцияларға бес түрлі жаңа функция құру ережелер ақырлы рет қолданысы.

17. Элементар функцияның әрқаншанда формула түрінде жазылуы және сол формуладан функцияны анықтайтын ереженің оқылуы – ережені қадам-қадаммен алгоритм түрінде жіктеу.

18. Элементар функцияның жазылуынан оның анықталу жиынының табылу – формуладағы алгоритмнің барлық қадамдары орындалатындай аргументтің мәндерінен құрылған жиынның жазылуы.

19. Элементар функцияның төңірегіндегі қосымша мәліметтер – элементар функция берілгенде оның ережесі мен анықталу жиыны туралы ештеңе айтылмайды, элементар функция әрқашан формула түрінде жазылғанымен, әр формуланың функция бола бермеуі, $f(x) = |x| = \sqrt{x^2}$ – элементар функция, функция жазылуында оның ережесі мен анықталу жиыны бар болғандықтан дәлме-дәл оқылу тиістілігі.

20. Анықталу жиындары қиылыспайтын функциялардан құрылған анықталу жиыны берілген функциялардың анықталу жиындарының бірігуі болатын жаңа функция құру әдісі – құрылған функцияның элементар да, элементар емес те болуы, қолданыста функцияның анықталу жиыны бір элементті де болу мүмкіндігі.

21. Элементар функциялардың негізгі топтары – алгебралық көпмүшелік пен олардың қатынасынан тұратын рационал функциялар, рационал функциялар мен көрсеткіші рационал болатын дәрежелік функцияларға төрт арифметикалық және күрделі функция құру амалдарын ақырлы рет қолданудың нәтижесі болатын алгебралық функциялар және алгебралық емес, функцияның x аргументіне тек қана төрт арифметикалық және кері функция құру амалдарын қолдану арқылы беруге болмайтынын білдіретін транцендентті функциялар.

§2. САНДЫҚ (НАҚТЫ МӘНДІ) ФУНКЦИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ АЙНЫМАЛЫСЫ (АРГУМЕНТІ) НАҚТЫ САНҒА ҰМТЫЛҒАНДАҒЫ АҚЫРЛЫ (НАҚТЫ МӘНДІ) ШЕГІНІҢ АНЫҚТАМАСЫ

Сандық функцияның ақырлы $\lim\limits_{x\to a} f(x) = b\,(a\in R, b\in R)$ шегінің "$\varepsilon - \delta(\varepsilon)$" маңайлар тіліндегі анықтамасы – тәуелсіз айнымалы функцияның анықталу жиынындағы мәндердің бәрін қабылдап, a санына бірте-бірте ақырсыз жақындаған сайын, оған тәуелді сәйкес мәні b санына ақырсыз жақындай түседі деген айтылуынан өз-өзінен туындайтын дұрыс елеске формалді математикалық өрнектегенде керісінше алдымен аргументке тәуелді мәндерінің функция шегіне ε жақындығы тағайындалып, артынша сол маңайда жататын мәндердің аргументтің a нүктесінің ойылған маңайында жататындығы жайлы шарт қойылып, осы реттегі екі теңсіздік " $\varepsilon - \delta(\varepsilon)$ " тіліндегі шек анықтамасын құрауы.

2. Сандық функция шегінің анықтамасын сөзбе-сөз тікелей қолдану үлгісі ретіндегі алғашқы мысалдар – тұрақты, дәрежелік, көрсеткіштік, логарифмдік функциялардың нақты мәнді нүктедегі шегін табу.

3. Сандық функцияның нақты мәнді шегінің нақты мәнді нүктедегі " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі анықтамасының бастапқы талқылаулары. Ойылған маңай. Шектік нүкте – функция шегін анықтау кезінде функция сол нүктеде анықталған ба, жоқ па, анықталса мәні функция шегіне қалай әсер етеді деген өзінен-өзі туындайтын сұрақтарға шек анықтамасындағы ойылған маңай функциясының сол нүктедегі шегі мен функция жағдайының байланыссыздығын беруі; шек анықтамасы мағыналы болу талабында кез келген ойылған маңайда анықталу жиынының ең болмағанда бір нүктесі жатуы үшін шек ұғымының анықталу жиының шектік нүктелері үшін ғана анықталуы; функцияның нақты мәнді нүктеде шегі бар болуы, бар болса оның мәні әр ойылған маңайымен берілген сол нүктесінің "қасындағы" функцияның құрлысына тәуелді болатын "ұжымдық" қасиетті және де сонымен бірге әр жеке алынған нүктелерге тәуелді еместігі; шектің анықтамасында тек функция мәндері шегіне жақын болуын қамтамасыз ететін аргумент ұмтылатын нүкте маңайын табу талап етілсе, кейін ол маңайды қалауымызша кішірейту мүмкіндігі және сол табылатын маңайдың алдын ала берілген оң санмен қоса, функция мен шек ұмтылатын нүктеге де тәуелділігі.

§3. НАҚТЫ МӘНДІ ФУНКЦИЯНЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІНІҢ НАҚТЫ МӘНДІ НҮКТЕДЕГІ ТІЗБЕКТЕР ТІЛІНДЕГІ АНЫҚТАМАСЫ. ЕКІ АНЫҚТАМАНЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІГІ. ЕКІ ТАМАША ШЕК

1. Сандық функцияның ақырлы шегінің тізбектер тіліндегі анықтамасы – тізбек шегі теориясын функция шегін анықтауға қолдану мүмкінді.

2. Сандық функцияның ақырлы шегінің маңайлар және тізбектер тіліндегі анықтамаларының эквиваленттілігі – бір ұғымның өзара пара-пар әртүрлі анықтамалармен бейнеленуі.

3. Анықтамадағы шарттарды оның мазмұнын жоғалтпай азайту – функция шегінің тізбектер тіліндегі анықтамасындағы тізбектерге қойылатын шартты жеңілдетіп, анықтама мазмұнын сақтап, монотонды тізбектермен шектелу.

4. Екі тамаша шек – бірінші тамаша шек атты $\frac{0}{0}$ түріндегі анықталмағандық болатын $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\sin x}{x}=1-0$ шегін функция шегінің маңайлар тіліндегі анықтамасымен және екінші тамаша шек деп аталатын 1^{∞} анықталмағандығы болатын $\lim\limits_{x\to 0}(1+x)^{\frac{1}{x}} = \lim\limits_{x\to\infty}\left(1+\frac{1}{x}\right)^{x}=e$ шегін тізбектер тіліндегі анықтамамен дәлелдеу.

§4. НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІ БАР НАҚТЫ МӘНДІ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ШЕК ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚАСИЕТТЕРІ

1. Сандық функцияның локалді шенелгендігі және функцияның нақты мәнді шегі бар нүктесінің сол қасиетті нүкте болуы – функцияның жиында шенелу қасиеті орындалатындай нүктенің маңайының не ойылған маңайының табылуы және функцияның нүктеде локалді шенелген болуы сол нүктеде нақты мәнді шегінің бар болу анықтамасының салдары ретінде.

2. Нөлден өзгеше нақты мәнді шегі бар функцияның шек алынып тұрған нүктенің қайсыбір ойылған маңайында шек таңбасы сақтауы – шектің таңбасы оң (теріс) болса, сол нүктенің қайсыбір ойылған маңайыныңда жататын анықталу жиынының нүктелеріндегі мәні оң (теріс) болуы, сонымен бірге функцияның дәл сол нүктедегі мәні бар болғанда оның бұл заңдылыққа бағынбай, өз берілуі бойынша таңбасы шек таңбасымен бірдей болуы да, болмауы да мүмкіндігі.

3. Анықталу жиындары бірдей функцияларға төрт арифметикалық амалды қолданғанда шектің сол арифметикалық амалдарды сақтауы – анықталу жиынының шектік нүктесі болатын нүктеде нақты мәнді шегі бар саны ақырлы функцияларға арифметикалық амалдар орындағанда шыққан функцияның шегі бар және оның бастапқы функция шектеріне дәл сол арифметикалық амалдарды қолдану нәтижесіне тең болуы.

3. Күрделі функцияның шегі – ішкі функция шегінің мәніне тең нүктеде сыртқы функцияның шегі сол нүктедегі мәніне тең болғанда олардан құрылған күрделі функцияның ішкі функция ұмтылатын нүктедегі шегінің сол мәнге тең болуы және де осы тұжырым сақталуы үшін сыртқы функцияға қойылған шарттың міндеттілігі.

4. Функцияның бір ғана нақты мәнді шегі болуы туралы теорема – сандық функцияның нүктеде екі не одан да көп нақты мәнді шегі бола алмауы.

5. Сандық функцияның нақты мәнді шегінің жалпы анықтамасы және дәлелденген қасиеттердің жалпы жағдайға таралуы – аргументі нақты мәнді нүктеге жай ұмтылумен қатар, сол жағынан, оң жағынан, $+\infty, -\infty$ ақырсыз сандарына және ∞ ұмтылылғандағы функцияның нақты мәнді шегінің 6 түрлі анықтамалары.

§5. МОНОТОНДЫ ФУНКЦИЯНЫҢ АНЫҚТАЛУ АРАЛЫҒЫНЫҢ ӘР ШЕКТІК НҮКТЕСІНДЕ БІРЖАҚТЫ ШЕГІНІҢ ӘРҚАШАНДА БАР БОЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯ МӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНУІ

1. Шенелген монотонды функцияның анықталу аралығының әр шектік нүктесінде нақты мәнді шегінің әрқашанда бар және оның тек қана біржақты болуы – алты мүмкін жағдайдан $+\infty, \infty$ пен нақты мәнді санға ұмтылғанда оң және сол жақты шектердің бірі ғана болып, ∞ пен жай шектің болмауы және сол біржақты шектердің дәл мәнінің функция өспейтін және кемімейтін болуына байланысты геометриялық түрде көрнекі функция мәндерінің инфимумы мен супремумы арқылы бейнеленуі.

§6. НАҚТЫ МӘНДІ ФУНКЦИЯНЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ НҮКТЕДЕ НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІ БАР БОЛУЫН ОНЫҢ ІШКІ ҚАСИЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ БЕРЕТІН КОШИ КРИТЕРИЙІ

1. Коши критерийі – сандық функцияның шек мәнін қатыстырмай, тек қана функция мүшелерінің ішкі құрылысы арқылы нақты мәнді шегі бар болуының қажетті және жеткілікті шарты.

2. Қажеттілігі мен жеткіліктілігі бірдей салмақтағы Коши критерийінің дәлелдеуі – критерий қажеттілігінің нақты мәнді функция шек анықтамасынан ғана тікелей шығуы және оның терең дамытылған тізбектер теориясын толық көлемде қажет ететін жеткіліктілігінің дәлелдеуімен толығуы.

§7. САНДЫҚ ФУНКЦИЯ ШЕГІНІҢ " $\varepsilon-\delta$ " МАҢАЙЛАР ТІЛІНДЕГІ ЖАЛПЫ $\lim\limits_{x\to p} f(x)=q$ АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕ ОНЫҢ 36 ТҮРЛІ НАҚТЫЛАУЛАРЫ: НАҚТЫ МӘНДІ НҮКТЕДЕГІ $\lim\limits_{x\to a} f(x)=q$, ШЕКСІЗДІКТЕГІ $\lim\limits_{x\to\infty} f(x)=q$ ЕКІЖАҚТЫ (ЖАЙ), БІРЖАҚТЫ $\lim\limits_{x\to a-0} f(x)=q, \lim\limits_{x\to a+0} f(x)=q, \lim\limits_{x\to -\infty} f(x)=q, \lim\limits_{x\to +\infty} f(x)=q$ ШЕКТЕРІ

1. Функция аргументі ұмтылатын 6 жағдайдың "Ойылған маңайлар" кестесі – нақты мәнді нүктеде нүкте маңайынан сол нүктенің өзін алып тастағанда шыққан жиындар: нүктенің жай ойылған маңайы сол нүктені қамтитын интервалдан сол нүктені алып тастағанда, оң және сол жақтағы интервалдардың бірігуі және олардың сәйкес оң және сол жақты ойылған маңайларды құрауы; маңай тек нақты сандардан құрылғандықтан ақырсыз нүктеде ойып алып тастайтын ешнарсе болмай ойылған маңай маңайдың дәл өзі болуы.

2. Сандық жиынның a (a - нақты сан), $a+0, a-0, \infty, +\infty, -\infty$ символдарымен берілген алты түрлі шектік нүктелері – ақырлы немесе ақырсыз нүктенің кез келген ойылған маңайында сол жиынның ең болмағанда бір не оған пара-пар шексіз көп нүктелерінің бар болуы және тізбектер тіліндегі оған пара-пар тұжырым.

3. Функция шегінің жалпы анықтамасы және оның 6 түрлі ойылған маңайыдағы аргументі мен 6 түрлі маңайдағы мәндерінің кестелері арқылы сипатталған 36 нақтылаулары – функция мәндері жататын кез келген алдын ала берілген маңайдағы аргументтердің барлығы жататын аргумент ұмтылатын нүктенің ойылған маңайының табылуы.

4. Функция шегінің барлық 36 түрінің бір-бірімен мүлдем байланыссыз еместігі – функция аргументі нүктеге жай ұмтылғанда табылған шекке тең оң және сол жақтан ұмтылғандағы шектің бар болуы, бірақ керісінше жағдайдың әрқашан орындала бермеуі, сонымен қатар функция мәнінің шегіне ұмтылуының нақтылауы болатын жоғарыдан және төменнен ұмтылатын шектің бар болуынан оған тең екі жақты шектің бар болуы және керісінше жағдайдың бұнда да әрқашан орындала бермеуі.

5. *Біріншісі маңайлар кестесі арқылы жазылып, екіншісі сол жазу негізінде математикалық анализді құру үстінде "атынан-затына", "затынан-атына" түрінде қолдану тәжірибесінен түсінетін, екі сатыдан тұратын* функция шегін толық түйсік деңгейінде игерудің нұсқамасы – функция шегінің жалпы анықтамасындағы аргумент ұмтылатын нүктенің 6 ойылған маңайы мен функция шегінің 6 түрлі маңайын сәйкес кестелерінен қою арқылы жасалған құраушылары бір-біріне тәуелсіз әртүрлі жұптардан 36 түрлі шек анықтамасының кванторлар тіліндегі жазылулары және солардың қарапайым тілмен

оқылулары; осы нұсқамамен формалді жазылған шек анықтамасының тереңде жасырын жатқан мазмұнын шек игерудің бірінші сатысындағы жазылуларды дифференциалдық және интегралдық есептеулер теориясын құруда атауынан мазмұнына және керісінші, мазмұнынан атына бағытта қолданыс барысында бойға сіңіру.

6. Функцияның нақты мәнді шегінің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі 6 түрлі анықтамалары – функция аргументі нақты мәнді нүктеге және жалпыланған шексіздікке жәй, оң, сол жақты ұмтылғанда функция шегінің бар және нақты мәнді болуы.

7. Функция аргументі нақты санға жай және біржақты ұмтылғандағы сандық функция шегінің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі анықтамаларының барлық 18 түрі – функция аргументі нақты мәнді нүктеге оң жақты және сол жақты ұмтылғанда функция шегінің бар және нақты мәнді нүкте мен жалпы шексіздікке жәй ұмтылуы, сонымен қатар қалай ұмтылатындығын көрсететін төменнен, жоғарыдан ерекше ұмтылуы.

8. Үш түрлі ақырсыз нүктедегі шектің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі анықтамаларының барлық 18 түрі – функция аргументі жалпыланған шексіздікке және оған оң жақты, сол жақты ұмтылғанда функция шегінің бар және нақты мәнді нүкте мен жалпы шексіздікке жәй ұмтылуы, сонымен қатар қалай ұмтылатындығын көрсететін төменнен, жоғарыдан ерекше ұмтылуы.

9. Функция шегінің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі жалпы анықтамасы төңірегіндегі жағдайдындағы қорытынды түйіндер.

10. Шектің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі жалпы анықтамасының тікелей ішкі байланыстары – функция нүктеде жинақталуының біржақты шектер арқылы берілген қажетті және жеткілікті шарттары, аргумент ұмтылатын нүкте мен шек мәні 0 немесе шексіздік болғандағы функция шегінің арақатынастары.

11. Бұл оқулықта қолданылмайтын "ақырсыз аз" және "ақырсыз үлкен" шамаларға түсініктеме – нүктедегі шегі сәйкес нөл және шексіздік болғандағы атаулар және де функцияның бұл локалді қасиетін бүкіл функцияға таратқанда жаңылыс түсінік беру қауіпі.

§8. САНДЫҚ ФУНКЦИЯ ШЕГІНІҢ ТІЗБЕКТЕР ТІЛІНДЕГІ ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАСЫ, ОНЫҢ МАҢАЙЛАР ТІЛІНДЕГІ АНЫҚТАМАМЕН ЭКВИВАЛЕНТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОСЫ ЕКІ ТІЛДЕГІ КЕРІ АНЫҚТАМАЛАРЫ

1. Функция шегінің тізбектер тіліндегі 36 түрді қамтитын жалпы анықтамасы – тізбек шегі теориясын функцияның ақырлы нүктедегі нақты мәнді шегін анықтауға қолдану мүмкіндігін қалған 35 жағдайға тарату.

2. Функция шегінің маңайлар " $\varepsilon-\delta$ " $\lim\limits_{x\to p} f(x)=q$ және тізбектер тіліндегі (т.т.) жалпы анықтамаларының эквиваленттілігі – функцияның ақырлы нүктедегі нақты мәнді шегі түсінігінің екі анықтамасының өзара пара-парлығын қалған 35 жағдайға тарату.

3. Функция шегінің " $\varepsilon-\delta$ " тіліндегі анықтамасына кері тұжырым – функция шегін игерудің бірінші қадамы болып табылатын кванторлар тіліндегі жазбаны ыңғайландырылған ойылған маңайда жату мен маңайға жатпау кестелері арқылы функцияның сол нүктеде шегі сол мәнге тең емес мағынасында кері анықтамасын жазу.

4. Функция шегінің $\lim\limits_{x\to p} f(x)=q$ тізбектер тіліндегі кері анықтамасы – a (a - нақты сан), $a+0, a-0, \infty, +\infty, -\infty$ мәніне мүшелері тең болмай ұмтылатын және оларға сәйкес функция мәндерінен құрылған тізбектің сондай алты мәннің біріне тең іzделінде шек мәніне ұмтылмайтындай аргументтер тізбегінің табылуы.

5. Функцияның ешқандай шегі болмауы – оның өзара бөлек кемінде бірі ақырлы болатын екі дербес шегі болуына эквиваленттілігі.

6. Функция шегінің тізбектер тіліндегі анықтамасының монотонды тізбектер арқылы жеңітілген түрі – функция шегінің тізбектер тіліндегі жалпы анықтамасының мазмұнын сақтай отырып, анықтама талабын азайтып, тек монотонды тізбектермен шектелу.

§9. "АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТЫ АШУДЫҢ" ІШКІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕР

1. Шектері белгілі функциялардан құрылған жаңа функцияның шегінің сол белгілі шектер арқылы өрнектелетін және «анықталмағандық» деп аталатын өрнектелмейтін жағдайлары – екі функция шегі ақырлы және ақырсыз болғанда функцияларға қолданылған арифметикалық амалдар нәтижесінің шегі осы шектер арқылы дәл анықталатын шағын арифметика және оған енбейтін жағдайлардың анықталмағандықты ашу тақырыбының мазмұнын құрауы.

2. Функция шегі жағдайындағы анықталмағандықтар және "Екі тамаша шек" – екі функция шегі ақырлы және ақырсыз болғанда функцияларға қолданылған арифметикалық амалдар нәтижесінің шегі бар ма, жоқ па, бар болса неге тең екендігінің «анықталмағандық» деп атала тын алдын ала белгісіздігі және $\frac{0}{0}$ мен 1^{∞} түріндегі анықталмағандықтарды ашу нәтижесі болатын $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\sin x}{x}=1$ түріндегі бірінші және $\lim\limits_{x\to 0}(1+x)^{\frac{1}{x}}=e$ түріндегі екінші "тамаша шектер" атты теңдіктер.

3. "Анықталмағандықтарды ашу" есептерін шешудің A - жіктеу, B - иррационалдықты жою, C - айнымалыны алмастыру, T - тепе-тең түрлендіру, E - e санынның анықтамасын пайдалану, L - логарифмнің $\lim\limits_{x\to 0}\frac{ln(1+x)}{x}=1$ қасиетін пайдаланудан тұратын негізгі тәсілдері – анықталмаған өрнек шегінің дәл мәнін табуда осы тәсілдердің бірін не бірнешеуін қолдану.

4. Ашылуы күрделі дәрежелік анықталмағандықтарды оған пара-пар ашылу тәсілдері айқын анықталмағандықтарға алмастыру – $0^0, \infty^0$ және 1^{∞} анықталмағандықтарына эквивалентті $0\cdot\infty$ анықталмағандығы мысалында.

5. "Анықталмағандықтарды ашу" тақырыбы бойынша тапсырма – A, B, C, T, E, L тәсілдерін қолдануға арналған есептерді құрастыру.

§10. САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫҢ ӘР НҮКТЕДЕГІ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ ШЕКТЕРІ

1. Функцияның дербес шегі және оның эквивалентті анықтамалары – анықтамалардың әртүрін қолданатын дәлелдеу жолының бірінен-біріне көшетін бөлігін өзіне алатын функция дербес шегінің тізбектер және маңайлар тіліндегі пара-пар анықтамалары.

2. Сандық функцияның барлық дербес шектерінен құрылған жиын және оның мүмкін құрылымдары – барлық мүмкін дербес шектер жиыны сегмент, ақырлы жиын, ақырсыз сандар мен жалпы шексіздіктен құрылған жиын болатын функция мысалдары, сонымен қатар, интервал, жалпылап айтқанда, ең үлкен және ең кіші элементтері жоқ жиындардың барлық дербес шектер жиыны бола алмауы.

3. Кез келген сандық функцияның кез келген нүктеде кемінде бір дербес шегінің бар болуы, сол себепті дербес шектер жиынының әрқашанда бос еместігі – функция шегінің тізбектер тіліндегі анықтамасын қанағаттандыратын аргумент тізбегіне сәйкес функция мәндерінен құрылған тізбектен Больцано-Вейерштресс теоремасының дербес шектің бар болуын қамтамасыз етуі.

4. Локалды шенелген функцияның нақты мәнді жоғарғы және төменгі шектерінің бар болуы – локалды шенелген функцияның барлық мүмкін дербес шектерінен құрылған әрқашанда бос емес жиынның жоғарғы шек деп аталатын ең үлкен элементінің, төменгі шек деп аталатын ең кіші элементінің міндетті түрде бар болуы.

5. Локалды шенелмеген функцияның ақырсыз не жоғарғы, не төменгі шектерінің, не екеуінің де бар болуы – нүктеде жоғарыдан шенелмеген функцияның $+\infty$-ке тең жоғарғы шегінің, төменнен шенелмеген функцияның $-\infty$-ке тең төменгі шегінің және жоғарыдан да, төменнен де шенелмеген функция үшін осы екеуінің қатар бар болуы.

§11. НАҚТЫ МӘНДІ ШЕНЕЛГЕН ФУНКЦИЯ ҰҒЫМЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАЛПЫ БОЛСА ДА, ӨЗ АНЫҚТАЛУ ЖИЫНЫНЫҢ АҚЫРЛЫ ШЕКТІК НҮКТЕСІНІҢ МАҢАЙЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ ШЕКТЕРМЕН СУРЕТТЕЛЕТІН НАҚТЫЛЫ ТӘРТІПКЕ БАҒЫНУЫ

1. Анықталу жиынының шектік нүктесінде локалді шенелген сандық функцияның сондағы жоғарғы және төменгі шектері негізіндегі өзгеру заңдылығының сол нүкте маңайындағы аналитикалық құрылысы мен геометриялық сипаттамасы – функцияның нүктедегі жоғарғы және төменгі шектерінен жасалған жолақты сәл кеңейткенде функция мәндерінің барлығы осы кеңейтілген жолақта жататын нүктенің ойылған маңайы табылуы және оны сәл тарылтқанда әр ойылған маңайдағы функцияның қайсыбір мәндерінің міндетті түрде жолақ астына да, үстіне де шығып кетуі, жинақтап айтқанда, айнымалы нүктеге жақындаған сайын функция жоғарғы шек пен төменгі шекке ақырсыз жақындай отырып, солардың арасында тербелуі.

2. Нүктеде локалді шенелген функцияның тербелісі деп аталатын сол нүктедегі жоғарғы және төменгі шектерінің айырымы – функция аргументі нүктеге жақындаған сайын функция мәндерінің бір-бірінен алшақтылығын сипаттайтын нақты сан.

§12. САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ЛОКАЛДЫ САЛЫСТЫРУЛАРЫ

1. Ландау символдары деп аталатын шектік нүктедегі "О үлкен" - $\underline{\underline{O}}$ және "о кішкене" - $\overline{\overline{O}}$ белгілері – $|f(x)| \leq \gamma |g(x)|$ теңсіздігі орындалатындай сәйкес γ оң сан мен ойылған маңайдың және кез келген γ оң сан үшін ойылған маңайдың табылуы арқылы сандар арасындағы реттік қатынастардай шектік нүктеде екі функция арасында да қатынастар енгізу.

2. Виноградов таңбасы – жиында $|f(x)| \leq \gamma |g(x)|$ теңсіздігі орындалатындай γ оң санының табылуы.

3. Ландау символдарының шек арқылы берілген эквивалентті анықтамалары мен қасиеттері – Ландау символдарына қолданылған арифметикалық амалдар нәтижелері.

4. Локалді эквивалентті функциялар – берілген нүктенің ойылған маңайында нөлден өзгеше екі функция қатынасының шегі бар және 1 санына тең болуы түріндегі анықтама және сол эквиваленттіліктің функциялар айырымы арқылы берілген қажеттілігі мен жеткіліктілігі.

5. Нүктедегі салыстыру шкаласы мен салыстыру эталондары атты локалді құралдар – нүктеде әрбір мүшесі нөлге ұмтылып, алдыңғысына қарағанда *о кішкене* болатын функциялар тізбесі салыстыру шкаласы болады да, оның әрбір мүшесі салыстыру эталонын береді.

6. Тізбектерді салыстыру – функция жағдайында қабылданған салыстыру қатынастарын оның дербес жағдайы болатын тізбекке көшіру.

IV ТАРАУ. ҮЗІЛІССІЗ САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАР

§1. КӨРНЕКІ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ КЕСКІННЕН АНАЛИТИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІККЕ ДЕЙІНГІ САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ АҚЫРЛЫ НҮКТЕДЕГІ ҮЗІЛІССІЗДІГІ

1. Қағаздан үшкір қаламды көтермей үзбей салынған график пен график сызу барысында қаламды бір көтеріп, басқа жерден жалғастырғандағы графиктерді, соның ішінде, модуль мен таңба функцияларының екі графиктерін тек функцияның ереже түріндегі анықтамасын қолданып, аналитикалық түрде ажырату мәселесі – "жасанды интеллекттегі" ит пен мысық кескіндерін компьютерлік ажыратқандай үзіліссіз және үзілісті салынған графиктерді дәл анықтамалармен ажырату.

2. Үзіліссіздіктің геометриялық талқылауларынан шек арқылы берілетін аналитикалық анықтамасына дейін өту жолы адамзат деңгейіндегі ұлы интеллектуалды жетістік ретінде – функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің аналитикалық жазбасының шек арқылы бейнеленуі: функцияның үзіліссіздік нүктесінде шегі бар және ол міндетті түрде сол нүктедегі функция мәніне тең болуы, дамытылған шектер теориясы бойынша ширатып айтқанда, үзіліссіздік нүктесіндегі функция мәні оның ойылған маңайындағы оған тең емес нүктелердегі функция мәндерінің ағымы болып, сонымен бірге, әр жеке нүктедегі функция мәніне тәуелсіздігі.

3. Функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің әртүрлі символдық жазылулары – ” lim ” мен ” $\rightarrow$ ” таңбалары арқылы белгіленген біржақты, жай шек және өсімше арқылы жазылулары.

4. Нүктедегі оң жақты және сол жақты, жалпылап айтқанда, біржақты үзіліссіздігі – функцияның нүктедегі мәні сол нүктеге аргумент біржақты ұмтылғандағы шек мәніне тең болуы.

5. Функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің ”$\varepsilon - \delta$” маңайлар және тізбектер тілдеріндегі анықтамалары және олардың эквиваленттілігі – функция шегінің әртүрлі анықтамаларының эквиваленттілігі жайлы дәлелденген теоремалар мен функцияның үзіліссіздігі анықтамасының тікелей салдары ретінде.

6. Функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің талқылаулары – жалпы жағдайдағы дамыталған функция шегі теориясындағы талқылаулардың оның жеке жағдайы болатын функция үзіліссіздігіне қайталануы.

§2. НҮКТЕДЕ ҮЗІЛІССІЗ САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТАР ЖӘНЕ ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҮЗІЛІССІЗДІГІ

1. Нүктеде үзіліссіз функциялардың шектер теориясының тікелей салдары болатын қасиеттері – үзіліссіздік нүктесінде функцияның локалді шенелуі, үзіліссіздік нүктесінің қайсыбір маңайында функцияның нөлден өзгеше мәнінің таңбасын сақтауы, үзіліссіз функцияларға қолданылған арифметикалық амалдардың нәтижесі сол нүктеде функцияның үзіліссіздік қасиетін сақтауы, үзіліссіз функциялардан құрылған күрделі функцияның үзіліссіздігі.

2. Негізгі элементар функциялардың өзінің әрбір анықталу нүктесіндегі үзіліссіздігі – дәрежелік, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометриялық функциялардың өз анықталу жиынының әр нүктесіндегі шегі функцияның сол нүктедегі мәніне тең екендігінің маңайлар тіліндегі дәлелдемесі, кері тригонометриялық функция үзіліссіздігі тереңдетілген теорияның салдары болуы.

3. Элементар функциялардың өзінің әрбір анықталу нүктесіндегі үзіліссіздігі – элементар функция анықтамасы, негізгі элеменар функциялардың әр анықталу нүктесіндегі үзіліссіздігі және үзіліссіз функциялар қасиеттерінің салдары ретінде.

§3. САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫҢ НҮКТЕДЕ ЖАЙ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҮЗІЛУІ ЖӘНЕ СОЛАРДЫҢ 81 ТҮРІ

1. Функцияның нүктеде үзілуі – нүктедегі үзіліссіздіктің маңайлар және тізбектер тіліндегі анықтамаларына кері тұжырымдар

2. Функцияның нүктедегі үзілістігінің себебіне қарай жағдайларға жіктеу – функция үзіліссіздігі анықтамасының құраушы бөліктері болатын функцияның нақты мәнді оң және сол жақты шектерінің бар болуынан, олардың өзара тең болуы мен функция мәніне тең болуынан құралған 5 талаптың ең болмағанда біреуінің орындалмауынан шығатын жіктеулер.

3. Функцияның жай және күрделі үзіліс нүктелері – сәйкес функцияның нақты мәнді оң және сол жақты шектерінің бар болуы және ең болмағанда бір нақты мәнді біржақты шегінің болмауы.

4. Функцияның нүктедегі үзілуінің 81 түрі – функцияның нақты мәнді оң және сол жақты шектері бар 4 түрлі жай үзілуі және 77 түрлі ең болмағанда бір нақты мәнді біржақты шегі жоқ күрделі үзілуі.

§4. САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫҢ АНЫҚТАЛУ ЖИЫНЫНДА ҮЗІЛІССІЗДІГІ ЖӘНЕ ҮЗІЛІСТІЛІГІ

1. Функцияның анықталу жиынындағы үзіліссіздігі – жиындағы үзіліссіздіктің оның әрбір нүктесіндегі үзіліссіздік арқылы анықталуы, соның ішінде, сегменттегі үзіліссіздіктің оның әрбір ішкі нүктесінде екіжақты жай, шеткі нүктелерінде біржақты үзіліссіз болуы және де жиынның оңашаланған нүктесі шектік нүкте болмағандықтан шегі анықталмайды да, функцияның сол нүктеде анықтама бойынша үзіліссіз деп қабылдануы.

2. Функцияның анықталу жиындағы үзілістілігі – функцияның сол жиынның кемінде бір нүктесінде үзілісті болуы.

§5. АРАЛЫҚТА ҮЗІЛІСІЗ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

1. Әр екі элементінің арасындағы кез келген санды да қамтитын ерекше қасиетті байланысты сандық жиындар – аралықтардың байланысты жиын ұғымы арқылы анықтамасына пара-пар тағы бір толық сипаттамасы.

2. Больцано-Коши теоремасы – аралықтың үзіліссіз бейнесінің байланыстылығы.

3. Вейерштрасс теоремалары – сегменттің үзіліссіз бейнесінің де сегмент болуы, соның ішінде, мәндер жиынының функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері болатын элементтерінің бар болуы.

4. Сандық функция үзіліссіздіктігінің бірқалыптылығы – математикада "бірқалыпты" деген сөз белгілі бір шарттың басқа бір не бірнеше шарттарға қарағанда бірдей орындалуын, яғни, басқаша айтқанда, оларға тәуелсіз болуын білдіредіреді де, сол орайда, функция үзіліссіздігінің маңайлар тіліндегі анықтамасындағы аргумент маңайы әр нүктеге байланысты жеке табылса, үзіліссіздіктің бірқалыптылығында ол маңай жиынның барлық нүктелеріне тәуелсіз болуы.

5. Үзіліссіздік пен бірқалыпты үзіліссіздіктің арақатынасы – жиында бірқалыпты үзіліссіз функцияның сол жиында үзіліссіз де болуы және керісінше жағдайдың әрқашан орындала бермеуі.

6. Кантор теоремасы – сегментте үзіліссіз функцияның бірқалыпты үзіліссіздігі.

§6. МОНОТОНДЫ ФУНКЦИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФУНКЦИЯНЫҢ АРАЛЫҚТАҒЫ ҮЗІЛІССІЗДІГІ МЕН ОНЫҢ МӘНДЕР ЖИЫНЫ БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ПАРА-ПАРЛЫҒЫ

1. Аралықта анықталған монотоны функцияның үзіліссіздігіне пара-пар мәндер жиынының байланыстылығы – монотонды функция жағдайында күрделі шек ұғымымен анықталған үзіліссіздікті табиғаты мүлдем өзге санның реттік қатынасы және элементтің жиында жату, жатпауымен ғана берілетін жиынның байланыстылық ұғымымен сипатталуы.

2. Тағы да негізгі элементар функциялардың үзіліссіздігі туралы – негізгі элементар функциялардың үзік-үзік монотондылығынан мәндер жиынының байланыстылығы арқылы үзіліссіздігіне келу, солардың ішінде, осы оқулықта алғаш рет дәлелденетін кері тригонометриялық функциялардың үзіліссіздігі.

V ТАРАУ. ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНУЛАРЫ

§1. САНДЫҚ ФУНКЦИЯ ТУЫНДЫСЫНЫҢ НҮКТЕДЕГІ АНЫҚТАМАСЫ

1. Функция графигінің қиюшы түзуінің шектік жағдайы болатын жанама түзудің сызықтық теңдеуіндегі бұрыштық коэффициентті анықтау формуласы – жанама жүргізілетін нүктедегі функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасы түріндегі өрнек шегі ретінде.

2. Лездік жылдамдық деп аталатын қозғалып келе жатқан дененің уақыт мезетіндегі жылдамдық формуласы –анықтама бойынша мүмкін емес бір сәттегі жылдамдықты функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасы түрінде өрнектелген оң уақыт аралығындағы жолдың уақытқа қатынасының шегі ретінде анықтау.

3. Сандық функция туындысының нүктедегі анықтамасы, дифференциалдау амалы мен функцияның нүктеде дифференциалдануы – әртүрлі салалардың жанама жүргізу мен лездік жылдамдық атты өзара бөлек екі мәселелерінің функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасының нақты мәнді шегі түріндегі бірдей математикалық моделін анықтама ретінде қабылдау, функцияны нүктеде дифференциалдау атты сол шекті табу амалы, нүктеде функцияның дифференциалдануы атты нақты мәнді туындының бар болуы.

4. Сандық функцияның нүктедегі туынды анықтамасының жазылу түрлері, туындының белгіленулері және туынды анықтамасының қолданысы – әртүрлі жазылған өсімшелер арқылы берілген туындының қалыптасқан әртүрлі белгілеулері, соның ішінде, кейде қолданылатын $\frac{\Delta y}{\Delta x}$ қатынасының туынды алынып тұрған нүктені жоғалтып, туынды ұғымының локалділігін көрсетпеуін ескеру және әдеттегідей туынды анықтамасын "атынан затына", "затынан атына" бағытында қолдану.

5. Сандық функцияның нүктедегі біржақты туындылары – туынды анықтамасындағы шекті біржақты шекпен алмастыру.

6. Сандық функцияның нүктедегі екіжақты, біржақты ақырсыз туындылары – туынды анықтамасындағы сәйкес жәй және біржақты шек мәндерінің ақырсыз сандар мен жалпыланған шексіздікке тең болуы.

7. Сандық функцияның жиында дифференциалдануы – жиында дифференциалданудың оның әрбір нүктесіндегі ақырлы туындысының бар болуы арқылы анықталуы, соның ішінде, сегменттегі дифференциалданудың оның әрбір ішкі нүктесінде екіжақты жай, шеткі нүктелерінде біржақты нақты мәнді туындысының бар болуы.

8. Сандық функцияның нүктедегі дифференциалдану мен үзіліссіздік арасындағы өзарабайланыс – нүктеде ақырлы жай не біржақты туындысы бар функцияның сол нүктедегі дәл сондай үзіліссіздігі және керісінше жағдайдың әрқашан орындала бермеуі.

9. Туынды анықтамасындағы шектің бар немесе жоқ, бар болса мәніне қарай әртүрлі қорытындыға әкелетін мысалдар – анықталу жиынының бір де бір нүктесінде нақты мәнді туынды болмауы; біржақты туындылары бар, бірақ олар өзара тең еместігінен жай туындының болмауы; үзіліссіз нүктедегі туындысының ақырсыз болуы.

§2. АРИФМЕТИКАЛЫҚ АМАЛДАР НӘТИЖЕЛЕРІН, КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ КЕРІ ФУНКЦИЯЛАРДЫ НҮКТЕДЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Нүктеде туындысы бар сандық функцияларға қолданылған арифметикалық амалдар нәтижелерінің сол нүктеде туындысы бар болуы мен нүктелердің жалпы жағдайында жазылған туынды есептеу формулалары – қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын қолдану нәтижесіндегі функциялардың туындыларының бар болуының дәлелдемелері және бастапқы функциялар мен олардың туындылары арқылы өрнектелген ережелері.

2. Сандық күрделі функцияның нүктедегі туындысын "сырттан ішке" тәртібімен есептеу формуласы – ішкі функцияның анықталу жиынында берілген нүктедегі күрделі функцияның туындысын сол нүктедегі ішкі функция мәніндегі оны құрайтын сыртқы функцияның туындысын ішкі функцияның сол нүктедегі туындысына көбейтіндісі.

3. Кері функцияның туындысын бастапқы функция мәні болатын нүктеде есептеу формуласы – бастапқы функцияның анықталу жиынынан алынған нүктеде нөлден өзгеше туындысының бар болуынан оған кері функцияның бастапқы нүкте бейнесінде туындысының бар болуы және оның бастапқы функцияның берілген нүктедегі туынды мәніне кері санға тең болуы.

§3. НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯЛАР ТУЫНДЫЛАРЫН НҮКТЕДЕ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ СОЛАРДЫҢ КЕСТЕСІ

1. Негізгі элементар функциялардың туындыларын туынды анықтамасын тікелей қолдана отырып, кездескен анықталмағандықтарды ашу және бөліндінің туындысы, кері функцияның туындысын табу ережелерін қолдану арқылы анықтау – тұрақты функция туындысын шек арқылы тікелей анықтамамен; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар туындыларын екінші тамаша шектің салдары болатын e санынның анықтамасын, логарифмнің $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\ln(1+x)}{x}=1$ қасиетін пайдалану арқылы; $\sin x$ функциясының туындысын бірінші тамаша шек арқылы, ал $\cos x$ функциясының туындысын туындысы белгілі $\sin x$ функциясына келтіру формуласын қолдану арқылы күрделі функция туындысының мәні ретінде; $\operatorname{tg} x, \operatorname{ctg} x$ функцияларының туындыларын туындылары белгілі $\sin x, \cos x$ функцияларының қатынасының туындысын есептеу формуласы арқылы; $\arcsin x, \arccos x, \operatorname{arctg} x, \operatorname{arcctg} x$ функцияларының туындысын нүктеде нөлден өзгеше туындылары бар $\sin x, \cos x, \operatorname{tg} x, \operatorname{ctg} x$ функцияларына кері сан ретінде туынды мәнін табу.

2. Алдымен теориялық тұрғыдан зерттелген туынды ұғымы анықтамасын негізгі элементар функциялар туындыларын есептеуде практикалық қолдану барысында құрылған кесте – көбейту амалы бойынша қосылғыштар саны бірдей қосылғыштарды қосуды таяқшалар арқылы есептей отырып құрылған көбейту кестесін әр қадамда таяқшалармен санап отырмас үшін жаттап алғандай туынды табу жолын қайтадан жүргізіп отырмай негізгі элементар функциялардың туындылар кестесін де жаттап алу қажеттігі.

§4. ДИФФЕРЕНЦИАЛДАНАТЫН ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ НҮКТЕДЕГІ ТУЫНДЫСЫН ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫН ИГЕРУДЕГІ ҚАТАҢ ТӘРТІПТЕ

1. Сыртқы функция негізгі элементар, ішкі – кез келген дифференциалданатын функциялардан тұратын күрделі функциядың туындылар кестесі – арифметикалық амалсыз тек күрделі функция құру ережесін элементар функцияларға ақырлы рет қолданғанда алынған элементар функцияның туындысын есептеу ережесі.

2 Дифференциалданатын элементар функцияның туындысын есептеуді қарапайым тұжырымға айналдыратын біріздiлiк жолы – күрделі функция туындысын сырттан ішке принціпімен және туындысы бар функцияларға қолданылған арифметикалық амалдар нәтижелері болатын функциялардың туындысын есептеу ережелерін ретінмен қолдану.

§5. ФУНКЦИЯНЫҢ НҮКТЕДЕГІ ТУЫНДЫСЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

1. Функцияның туындысын нүктеде есептеудің дайын туынды табу формулалары мен тікелей анықтаманы қолданатын екі жағдайы – туынды есептелетін нүкте маңайында қайсыбір дифференциалданатын элементар функцияға тепе-тең болғанда туынды кестесі мен элементар функцияны дифференциалдау ережелерін қолдану және де қалған жағдайларда тікелей анықтамадағы функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасының аргумент өсімшесі нөлге ұмтылғандағы нақты мәнді шегінің бар болуын анықтап, оның дәл мәнін табу.

2. Дифференциалданатын элементар функциялардың туындыларының өзі де элементар – негізгі элементар функциялардың туындылары да дифференциалданатын элементар функция болады, сонымен бірге элементар функция нүктеде дифференциалданбауы да мүмкін, ал дифференциалданатын болған жағдайда оның туындысы болатын жаңа функцияның да элементар болатындығы.

3. Дәрежелі-көрсеткіштік функцияның туындысын табу ережесі – дифференциалданатын функциялардан құрылған дәрежелі-көрсеткіштік функцияның дифференциалдануы және оның туындысының құраушы функциялар және олардың туындыларымен өрнектелу формуласы.

§6. ЖОҒАРҒЫ РЕТТІ ТУЫНДЫЛАР

1. Функцияның нүктедегі жоғарғы ретті туындысы туындыдан туынды алу арқылы алынатын реккурентті анықтама ретінде – функция туындысының өзі де функция болады да, одан алынған туынды бастапқы функцияның екінші ретті туындысын және ары қарай жалғастыра отырып, үшінші, т.с.с. кез келген оң бүтін мәнді жоғарғы ретті туындыларын анықтау.

2. Функцияның берілген нүктеде берілген оң бүтін дәрежелі жоғарғы ретті туындысы бар деген мәліметті орындалуын қамтамасыз етуі үшін функцияның өзінен талап етілетін шарттар – функция нүктеде n-рет дифференциалдануы үшін осы нүктенің қандай да бір маңайында функцияның өзі анықталып, маңайдың әр нүктесінде осы маңайда толық анықталған бірінші ретті туындысы, бірінші ретті туынды болатын функциядан екінші ретті туындысы, солай жалғаса беріп, $(n-1)$ -ретті туындысы бар болып, ең соңында маңайда толық анықталған $(n-1)$ -ретті туындының сол нүктеде туындысының бар болуы.

3. Негізгі элементар функциялардың жоғарғы ретті туындыларын есептеу формулалары – дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік, $\sin x, \cos x$ функцияларының жинақы түрде және $\operatorname{tg} x, \operatorname{ctg} x$, кері тригонометриялық функциялар үшін күрделі түрде жазылатын жоғарғы ретті туындыларды есептеу формулалары.

4. Екі функцияның көбейтіндісінің жоғарғы ретті туындыларын бейнелейтін Лейбниц формуласы – Ньютон биномындағы дәреже орнына сол ретті туынды қойғандағы формула, бұл математикада құнды болып табылатын, әртүрлі салалар арасында баламалы көшірілетін ұқсастық мысалы.

§7. ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТЕОРЕМАЛАРЫ

1. Сандық функцияның нүктедегі локалді экстремумы – функцияның аралықта монотонды, үзіліссіз болуы қасиеттер тізбесі қатарында *функцияның нүктедегі мәні қайсыбір екіжақты маңайындағы* мәндер жиынында шеткі мән болуы, дәл айтқанда, шеткі болып, одан үлкен мән болмаса, ең үлкені болуы не шеткі болып, одан кіші мән болмаса, ең кішісі болуы, бұнда да локалді деп аталуы қасиеттің қайсыбір екіжақты маңайда орындалуында.

2. Ферма теоремасы мен оның геометриялық бейнесі– локалді экстремум нүктесінде функция дифференциалдануы да, дифференциалданбауы да мүмкін, дифференциалданатын сандық функцияның сол нүктедегі туындысының міндетті түрде нөлге тең болуы, бірақ туындысы нөлге тең нүкте локалді экстремум нүктесі болуы міндетті емес.

3. Ролль теоремасы мен оның геометриялық бейнесі – сегменттің өзінде үзіліссіз, ішкі нүктелерінде дифференциалданатын функцияның шеткі нүктелеріндегі мәндері өзара тең болғанда міндетті түрде локалді экстремум нүктесі, сол себептен Ферма теоремасы бойынша туындысы нөлге тең болатындай ішкі нүктенің табылуы.

4. Коши теоремасы мен оның геометриялық бейнесі – сегменттің өзінде үзіліссіз, ішкі нүктелерінде дифференциалданатын екі функцияның шеткі нүктелердегі мәндерінің айырмалар қатынасының сол функциялардың туындыларының қатынасына тең болатындай ішкі нүктенің табылуы.

5. Лагранж теоремасы мен оның геометриялық бейнесі – сегменттің өзінде үзіліссіз, ішкі нүктелерінде дифференциалданатын функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасына тең туынды мәнінің табылуы және функцияның монотондылық қасиеттерін туынды таңбасы арқылы сипаттау.

6. Функцияның анықталу аралығының шеткі нүктелерінде біржақты туындысы бар болуы туралы теорема – нүктенің маңайында туындысы бар болуынан шектік нүктедесінде туындысының бар болуын шығарып алу: нүктенің біржақты маңайы болатын сегментте үзіліссіз, ішкі нүктелерінде дифференциалданатын функцияның туындысының нақты мәнді шегі бар болғанда сол шеткі нүктеде біржақты туындысы бар болады да, мәні шектің мәніне тең болады.

7. Дарбу теоремасы – функция сегменттің әрбір нүктесінде дифференциалданғанда үзілісті де бола алатын туындының әр екі мәнінің арасындағы кез келген нақты сан қандай да бір нүктеде туындының мәні болуы: үзілісті туынының өзі үзіліссіз функцияларға ғана тән байланыстылық қасиетті сақтауы.

§8. ДИФФЕРЕНЦИАЛ – ЛОКАЛДЫ СЫЗЫҚТАНДЫРУДАҒЫ БАСТЫ СЫЗЫҚТЫ ФУНКЦИЯ

1. Сандық функцияның нүктедегі дифференциалдануы оның сол нүктедегі өсімшесінің сызықтық функциямен локалді жуықталуы ретінде – функцияның өзін берілген нүктеде $f(x) = f(x_0) + f'(x_0)(x - x_0) + \overline{\overline{o}}(x - x_0)(x \to x_0)$ локалды сызықтандыру түрінде өрнектеу.

2. Сандық функцияның нүктедегі дифференциалы $-L(h)) = Ch(-\infty < h < +\infty)$ түріндегі сызықтық деп аталатын функцияның коэффициенті сол нүктедегі туынды мәніне $C = f'(x_0)$ тең болатын барлық нақты сандар жиынында анықталған $L(h) = f'(x_0)h$ сызықтық функция, соның ішінде $f(x) = x^8$ функциясының $x = 24$ нүктесіндегі дифференциалының $L(h) = 8 \cdot 24^7 h(h \in (-\infty, +\infty), h \equiv dx$ -екеуі де ақырсыз шама емес!) функциясы болуы.

3. Функцияның нүктедегі дифференциалының белгілеулері: $dy := y'dx, \quad df := f'(x)dx, \quad df(x_0) := f'(x_0)dx(dx \in (-\infty, +\infty))$.

4. Дифференциал нүктеде дифференциалданатын сандық функция өсімшесінің басты "сызықты бөлігі" ретінде – функция өсімшесі локалды сызықтандырылған жағдайда сызықты бөлік пен оған қарағанда нөлге жылдам ұмтылумен қатар сызықтылықты бүлдіретін "бүлдіргіш" деп аталатын екі қосылғыштан тұрғандықтан дифференциал сол қосылғыштардың бастысы болатын "сызықты бөлігі" тұрғысында.

5. Сандық функцияның нүктедегі дифференциалының геометриялық кескіні – функция графигінің нүктесіндегі өсімшені тәуелсіз айнымалы етіп алғанда пайда болатын сызықтық функцияның өзі дифференциал, ал оның графигі функция графигіне сол нүктеде жүргізілген жанама болуы.

6. Дифференциалданатын сандық функцияларға қолданылған арифметикалық амалдар нәтижесінде пайда болған функцияның дифференциалын алғашқы функциялардың өздері мен дифференциалдары арқылы өрнектеу – дифференциал анықтамасы мен туындыға арифметикалық амалдар қолдану нәтижелерінің жазылуыларын баламалы түрде қайталау.

7. Дифференциалданатын функцияның әр нүктесіне оның сол нүктедегі дифференциалын сәйкес қоятын ереже функцияның жаңа түрі ретінде – аралықта дифференциалданатын функция жағдайында аралықтың әр нүтесіне бір нақты сан сәйкес қойылса, бұнда әр нүктеге оның сол нүктедегі дифференциалы болатын бір сызықтық функцияның сәйкес қойылуы және осылайша функцияның жаңа бір түрінің анықталуы.

8. Сәйкес нүктелерде дифференциалданатын сандық функциялардан құрылған күрделі функцияның дифференциалдануы мен оның туындысын есептеу формуласының тағы бір дәлелдемесі – күрделі функцияның құрамындағы сыртқы функция дифференциалын локалді сызықтандыру түрінде ішкі функцияның мәні болатын нүктеде жазып, артынша, ондағы ішкі функция өсімшесін де локалді сызықтандырып, күрделі функцияның тәуелсіз айнымалысы бойынша бас сызықтық бөлігін бөліп, жинақталғанда шығатын теңдіктің тікелей салдары ретінде.

§9. АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТЫ АШУДЫ ТУЫНДЫЛАР ҚАТЫНАСЫНЫҢ ШЕГІНЕ КЕЛТІРЕТІН ЛОПИТАЛЬ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Лопиталь ережесінің мазмұны болатын екі функцияның қатынасының шегі олардың туындылар қатынасының шегіне тең болатынын айқын түрде көрсету – шек алынып тұрған нүктеде дифференциалданатын, мәні нөлге тең болып, $\frac{0}{0}$ анықталмағандықты құрайтын екі функция қатынасының шегі сол нүктедегі туындылар мәндерінің қатынасына тең болуы.

2. Лопиталь ережесі – шек алынып тұрған нүктенің ойылған маңайында дифференциалданатын екі функцияның сол нүктедегі шектері бірдей нөлге немесе шексіздікке тең болып, сонысымен сәйкес $\frac{0}{0}$ немесе $\frac{\infty}{\infty}$ анықталмағандықтарын құрған жағдайда туындылар қатынасының шегі бар болуынан бастапқы функциялар қатынасының да шегінің бар және мәні сол туынды қатынасының шегіне тең болуы.

3. Лопиталь ережесін қолдану сәттері – Лопиталь ережесінің анықталмағандықты ашу есебінде әрқашан қолданыста бола бермейтіндігін $\frac{0}{0}$ түріндегі анықталмағандықтың нақты мәнді шегі бар болатындығы тікелей жолмен ашылғанымен, олардың туындыларының қатынасының ешқандайда да шегі болмайтындығын көрсететін мысал; туындылар қатынасының шегі бастапқы функциялар қатынасының шегіне қарағанда анықталмағандықтан арылған, үзіліссіз функцияның мәніне тең шек болуы; анықталмағандықты ашу мақсатына жету үшін Лопиталь ережесін бірнеше рет қолдану қажеттілігі.

4. Лопиталь ережесін қолдану келтірілетін $0 \cdot \infty, \infty - \infty, 1^{\infty}, \infty^0, 0^0$ түріндегі анықталмағандықтар – шегін табу қажет функцияларды Лопиталь ережесін қолдануға мүмкін болатындай функциялар қатынасы түрінде өрнектеу.

§10. САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫ АЛГЕБРАЛЫҚ КӨПМҮШЕЛІКПЕН ЖУЫҚТАЙТЫН ТЕЙЛОР ФОРМУЛАСЫ

1. Жуықтау формулаларының мағынасы мен мақсаты – қандай да бір мағынада күрделі объектіні құрылысы белгілі бір мағынада қарапайым екінші объектімен алдын ала берілген дәлдікті қанағаттандыратындай етіп алмастыру арқылы күрделі

объектіні сол дәлдікпен қарапайым объектінің орынбасуы, соның ішінде дифференциалдану мағынасында жатық кез келген функцияны алгебралық көпмүшелікпен алмастыру.

2. Алгебралық көпмүшелік жағдайындағы Тейлор формуласының мазмұны мен мағынасы – күрделі объект ретінде функцияны, ал функцияның өзін жуықтау құралы ретінде таңдалған алгебралық көпмүшелік деп алғанда бір ғана нүктедегі барлық туындылары арқылы функцияның әр нүктедегі мәнінің дәл өрнектелуі және сол жазылудың Тейлор формуласы деп аталуы, сонымен алгебралық көпмүшеліктің ерекше қасиеті бір нүкте маңайындағы құрылысымен анықталатын туындылары арқылы алгебралық көпмүшелік мәнінің әр нүктеде дәл бейненленуі.

3. Сандық функцияның бір ғана нүктедегі туындыларымен анықталған Тейлор көпмүшелігі мен Тейлор формуласы – функция көпмүшелік болған жағдайдағыдай жалпы функция үшін де Тейлор көпмүшелігі деп аталатын жуықтау көпмүшелігінің бір ғана нүктедегі функция туындылары арқылы анықталуы және көпмүшеліктен ерекшелігі жуықтау көпмүшелігінің бастапқы функциядан ауытқуы нөлден өзге болуынан мейлінше кіші болуы талап етілетін қалдық мүшенің пайда болуы, осы жазудың Тейлор формуласы деп аталуы.

4. Тейлор формуласының жәй (глобалді) және локалді екі түрі – Тейлор формуласындағы қалдық мүшенің жиындағы абсолют шамасын шенеу болатын глобалді және нөлге ұмтылу жылдамдығын анықтайтын локалді екі көзқарас.

5. Тейлордың глобалді формуласының дәлелдеуі – Коши теоремасындағы екі функцияның бірін қалдық мүше, екіншісін тәуелсіз айнымалының туынды алынып отырған нүктеден ауытқуының дәрежесі түрінде алу арқылы.

6. Тейлордың локалді формуласының дәлелдеуі – қалдық мүшесі белгісіз нақты санға көбейтілген өсімшенің ең үлкен дәрежесі түрінде жазылады да, сол белгісіз коэффициентті Ролль теоремасына ыңғайланған шеткі нүктелердегі мәні тең көмекші функция арқылы анықтау барысында қолданылған Тейлор формуласының дәрежесіне тең ретті туындысы бар деген теорема шартына өз-өзінен келуі.

7. Тейлор глобалді формуласының айқын жазылған қалдық мүшелері – Тейлор формуласының дәрежесінен бірге артық туынды мәні мен өсімше дәрежесінің параметрі арқылы өрнектелген Шлемильх және Рош берген қалдық мүшелері және де Тейлор көпмүшелігіндегі факториал заңдалығын бұзбай жалғастаратын параметрдің сәйкес $n+1$ мен 1 мәндерін қабылдағандағы Лагранж және Коши берген түрлері.

8.Тейлор локалды формуласының Пеано қалдық мүшесі –нүктеде Тейлор көпмүшелігінің ретіне тең туындысының бар болуы қалдық мүшенің нөлге жылдам ұмтылуын қамтамасыз етуі.

9. Тейлордың глобалді және локалді формулаларындағы қалдық мүшелерінің арақатынастары –қалдық мүшелері Лагранж және Пеано берген түрде болатын Тейлор формулаларымен қанағаттанған жағдайда дәлелдеуді локалді формуламен шектеу.

§11. ЖОҒАРҒЫ РЕТТІ ТУЫНДЫЛАРЫ АЙҚЫН, ЖИНАҚЫ ТҮРДЕ ЖАЗЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯЛАРДЫ ТЕЙЛОР (МАКЛОРЕН) ФОРМУЛАЛАРЫ АРҚЫЛЫ АЛГЕБРАЛЫҚ КӨПМҮШЕЛІКТЕРМЕН ЖУЫҚТАУ ЖӘНЕ СОНДА ПАЙДА БОЛАТЫН ҚАТЕЛІКТЕРДІҢ АЙҚЫН ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫДАН БАҒАЛАУЛАРЫ

1. Сандық функцияның глобалді және локалді Маклорен формуласы – туындылар мәні нөлге тең нүктеде алынғандағы Тейлор формуласы және сол жеке жағдайдағы глобалді және локалді қалдық мүшелеренің жазылулары.

2. Негізгі элементар функцияларды кез келген дәлдікпен есептеуді қамтамасыз ететін Маклорен формуласы – негізгі элементар функциялардың күрделі түрдегі анықталу тәртібі тікелей мәндерін табуға ешқандай мүмкіндік бермеуінен туындалған күрделі теориялық мәселенің Маклорен формуласындағы нөл нүктесіндегі туындылар арқылы құрылған алгебралық көпмүшелікпен жуықтағандағы қалдық мүшесі айқын түрде шенелу теңсіздіктері тұрғасынан практикалық шешілуі.

3. Көрсеткіштік функцияны кез келген дәлдікте алгебралық көпмүшелікпен барлық нақты сандар жиынында жуықтау – көрсеткіштік функцияның жоғарғы ретті туындыларының айқын, жинақы жазылған формулаларынан Маклорен көпмүшелігінің, қалдық мүшелерінің және қалдық мүшелерінің шенелу формуласының әрқайсысының айқын, жинақы жазылуы.

4. $\sin x$ функцияны кез келген дәлдікте алгебралық көпмүшелікпен периодта жуықтау – $\sin x$ функциясының жоғарғы ретті туындыларының айқын, жинақы жазылған формулаларынан Маклорен көпмүшелігінің, қалдық мүшелерінің және қалдық мүшелерінің шенелу формуласының әрқайсысының айқын, жинақы жазылуы.

5. $\cos x$ функцияны кез келген дәлдікте алгебралық көпмүшелікпен периодта жуықтау – $\cos x$ функциясының жоғарғы ретті туындыларының айқын, жинақы жазылған формулаларынан Маклорен көпмүшелігінің, қалдық мүшелерінің және қалдық мүшелерінің шенелу формуласының әрқайсысының айқын, жинақы жазылуы.

6. Логарифмдік функцияны кез келген дәлдікте алгебралық көпмүшелікпен анықталу жиынында жуықтау – логарифмдік функцияның жоғарғы ретті туындыларының айқын, жинақы жазылған формулаларынан Маклорен көпмүшелігінің, қалдық мүшелерінің және қалдық мүшелерінің шенелу формуласының әрқайсысының айқын, жинақы жазылуы.

7. Дәрежелік функцияны кез келген дәлдікте алгебралық көпмүшелікпен анықталу жиынында жуықтау – дәрежелік функцияның жоғарғы ретті туындыларының айқын, жинақы жазылған формулаларынан Маклорен көпмүшелігінің, қалдық мүшелерінің және қалдық мүшелерінің шенелу формуласының әрқайсысының айқын, жинақы жазылуы.

8.Тейлордың локалді формуласына негізделген шек табу тәсілі – анықталмағандықтарды ашудың Тейлор формуласына негізделген алгебралық бас бөлікті ажырату арқылы.

§12. АРАЛЫҚТА ДИФФЕРЕНЦИАЛДАНАТЫН САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ, ӨСУІ ЖӘНЕ КЕМУІ

1. Дифференциалданатын функцияның аралықта тұрақтылығының критерийі – аралықта функция тұрақтылығы мен әр нүктеде туындысының нөлге тепе-тең болуының пара-парлығы.

2. Дифференциалданатын функцияның аралықта кемімеуі мен өспеуінің критерийлері – аралықта функцияның кемімелі не өспелі болуы мен әр нүктеде туындысының сәйкес теріс емес не оң емес болуының пара-парлығы.

3. Дифференциалдық есептеуді теңсіздіктерді дәлелдеуге қолдану мысалдары – теңсіздіктің екі жағындағы функциялар айырмасы түрінде құрылған функция туындысының қатаң оң не теріс емес болуынан сәйкес қатаң теңсіздік пен қатаң емес теңсіздіктерді алу.

§13.САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫ ЛОКАЛДІ ЭКСТРЕМУМГЕ ТУЫНДЫ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ

1. Дифференциалданатын функцияның нүктедегі локалді экстремумын қамтамасыз ететін туынды таңбалары арқылы берілген шарттар – геометриялық суреттемесінде нүкте локалді максимум болғанда сол нүктеге жеткенше өсіп, ары қарай кемуін математикалық тілге аударғанда сол нүктеге дейінгі аралықта туынды оң, ал одан өткеннен кейінгі аралықта туынды теріс болуы, дәл сол сияқты локалді минимум болғанда кеміп барып өсуін туынды таңбасының терістен оңға ауысуы арқылы тұжырымдау.

2. Көп ретті дифференциалданатын функцияның нүктедегі локалді экстремумының екінші және одан да жоғарғы ретті туынды таңбалары арқылы берілген жеткілікті шарттары – функция экстремумының бірінші ретті туындының өзгерісі арқылы берілген шарттарындағы өзі де функция болатын туынды қасиеттерінің екінші және одан да жоғарғы ретті туындылар арқылы өрнектелуі.

3. Функцияны локалді экстремумге зерттеудің жалпы сипаттамасы – зерттелген экстремумге күдікті нүктеде ақырлы туындысы бар және нөлге тең жағдайды толықтыратын экстремумге күдікті ақырлы туындылары жоқ нүктедегі біржақты ақырсыз туындыларының таңбасына байланысты экстремум нүктелерін зерттеу: нүктедегі оң және сол жақты ақырсыз туындылары біртаңбалы болғанда экстремум нүктесінің болмауы және де, керісінше, қарама-қарсы таңбалы болғанда экстремум нүктесі болуы.

4. Сегментте үзіліссіз және бөлік-бөлік дифференциалданатын функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу ережесі – функцияның нөлге тең туындысы бар, ешқандай туындысы жоқ және сегменттің шеткі нүктелеріндегі мәндерін салыстыру.

§14. САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ДӨҢЕСТІГІ МЕН ИІЛУ НҮКТЕЛЕРІ

1. Дөңес функцияның пара-пар анықтамалары – геометриялық тұрғыдан көрнекі қасиеттің аналитикалық жазылуы мен оған пара-пар туынды анықтамасына бейімделген функция өсімшесі мен аргумент өсімшесінің қатынастары теңсіздігі.

2. Дифференциалданатын функция дөңестігінің туындылар тіліндегі критерийлері – функция туындысының монотондылығына және соның негізінде бастапқы функцияның екінші ретті туындысының бір таңбалылығына пара-парлығы.

3. Дифференциалданатын функция дөңестігінің геометриялық критерийі – функция графигінің әр нүктесіне жүргізілген жанамасынан біржақта жатуы.

4. Дөңес функцияның анықтамасында қамтылмаған функцияның үзіліссіздігі мен біржақты дифференциалдануы – функцияның дөңестік аралығының әрбір нүктесінде оң жақты ақырлы және сол жақты ақырлы туындыларының бар болуы, соның салдарынан үзіліссіз болуы.

5. Сандық функцияның иілу нүктесі және оның бар болуының өзара бөлек қажетті және жеткілікті шарттары – функцияның дөңестік бағыты ауысу нүктесі, екі рет дифференциалданатын функцияның иілу нүктедегі екінші ретті туындысының нөлге тең болуы, иілу нүктесі болуын қамтамасыз ететін туындысының нүкте маңайында әртүрлі монотондылығы мен соның негізіндегі екінші ретті туындының нүктеге дейінгі және кейінгі аралықтардағы тұрақты таңбаларының қарама-қарсылығы.

§15. ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯЛАР ГРАФИГІНІҢ ЭСКИЗІН ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕР АЯСЫНДА САЛУ ЖОБАСЫ

1. Элементар функцияның график эскизін салу жобасы – анықталу және мәндер жиындарын, координаталар өстерімен қиылысу нүктелерін, жұп, тақтылығын мен периодтылығын, үзіліссіздік аралықтары мен үзіліс нүктелерін, тік, көлденең және көлбеу асимптоталарын, бірінші ретті туынды құрылғысымен монотондылық аралықтары мен экстремумдарын, екінші ретті туынды құрылғысымен дөңестік аралықтары мен иілу нүктелерін анықтау.

VI ТАРАУ. САНДЫҚ ФУНКЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯ МЕН АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛ

§ 1. «АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛ» ТАҚЫРЫБЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл – сәйкес берілген аралықтың әр нүктесінде туындысы бастапқы функцияға тепе-тең функция және осы шартты қанағаттандыратын, бір-бірінен тұрақтыға тең шамамен өзге функциялар жиыны.

2. «Анықталмаған интеграл» тақырыбының мазмұны – қандай функциялардың алғашқы функциялары бар деген сұраққа жауап болатын әрбір аралықта үзіліссіз функцияның алғашқы функциясының міндетті түрде бар болуы; әрбір элементар функция анықталу аралығында үзіліссіз болғандықтан оның алғашқы функциясының міндетті түрде бар болуы; элементар функцияның алғашқы функциясының элементар бола бермеуі; «алынатын интеграл» деп аталатын алғашқы функциясы элементар болатын анықталмаған интеграл; «Анықталмаған интеграл» тақырыбы: «алынатын интегралдарды» іріктеу және «айқын түрде интегралдау» деп аталатын алғашқы функциялар болатын элементар функцияға жету әдістері.

3. Элементар функциялардың анықталмаған интегралдар кестесі – анықталмаған интеграл анықтамасына бойынша туындылар кестесінің «кері» көшірмесі.

§2.АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛДЫ ТАБУДЫҢ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕРІ МЕН РЕКУРРЕНТТІ ФОРМУЛАЛАР

1. Сызықтық түрдегі жіктеу әдісі – интегралданатын функциялардың сызықтық комбинациясының да интегралдануы және оларды анықталмаған интеграл анықтамасы мен туындының сызықтық қасиетінің тікелей салдары болатын жіктеу әдісімен алу.

2. Айнымалыны ауыстыру әдісі – интегралданатын сыртқы және үзіліссіз дифференциалданатын ішкі функциядан құрылған күрделі функцияның интегралдануы және күрделі функция туындысының анықтамасы негізінде ішкі функцияны жаңа айнымалы түрінде алып интегралды табу.

3. Бөліктеп интегралдау әдісі – үзіліссіз дифференциалданатын функциялар көбейтіндісінің туындысын табу формуласының анықталмаған интеграл анықтамасы бойынша оқылуы.

4. Рекуррентті формулалар – оң бүтін сандармен нөмірленген бір түрдегі анықталмаған интегралдар тізбесінде белгілі бір нөмірден бастап әр интегралдың өз алдындағы нөмірлі интегралдармен байланысын теңдік түрінде тағайындайтын қатынастар.

§3. ӘРҚАШАНДА ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯ ТҮРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯЛАРЫ БАР РАЦИОНАЛ ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ИНТЕГРАЛДАУ ТӘСІЛДЕРІ

1. Нақты мәнді коэффициентті алгебралық көпмүшеліктің нақты мәнді коэффициентті сызықты $x-\alpha$ және нақты мәнді коэффициентті квадраттық x^2+px+q көбейткіштерге жіктелуі.

2. Рационал функцияны жай бөлшектерге жіктеу – екі алгебралық көпмүшеліктің қатынасы болатын $\frac{a_0+a_1x+\ldots+a_nx^n}{b_0+b_1x+\ldots+b_mx^m}(n<m)$ түріндегі рационал бөлшектерді жай бөлшектер деп аталатын $\frac{A}{x-\alpha_1}, \frac{A_r}{(x-\alpha_1)^r}, \frac{Cx+D}{x^2+px+q}, \frac{C_sx+D_s}{(x^2+px+q)^s}$ ретіндегі бөлшектер түрінде жазу.

3. Рационал функцияны интегралдау – берілген бөлшек бұрыс болған жағдайда көпмүшелік болатын бүтін бөлігі мен дұрыс бөлшек түрінде ажыратып жазу; дұрыс бөлшектерді жай бөлшектерге жіктеу және сондағы белгісіз коэффициенттерді табу; сәйкесінше алынған бірінші және екінші түрдегі жай бөлшекті тікелей анықтамамен есептеу және соның негізінде табиғаты өзге элементар функцияға келу, үшінші түрдегі жай бөлшекті айнымалыны ауыстыру әдісі бойынша және төртінші түрдегі жай бөлшекті рекуррентті формула негізінде есептеу.

4. Рационал бөлшекті интегралдауда бөлімінің түбірлерін тауып, жай бөлшектерге жіктеуге қарағанда белгісіз коэффициенттер санының азаюын қамтамасыз ететін Остроградский әдісі – бөліміндегі жай көбейткіштерінің реті бастапқы жай көбейткіштер ретінен бір дәрежеге кем дұрыс бөлшек пен интеграл астындағы дәрежесі бірге тең дұрыс бөлшек қосындылары түрінде өрнектеу арқылы белгісіз коэффициенттердің санын азайту.

§4. КЕЙБІР РАЦИОНАЛ ЕМЕС ФУНКЦИЯЛАРДЫ РАЦИОНАЛДЫҚҚА ӘКЕЛУ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАЛМАҒАН ИНТЕГРАЛЫН ТАБУ

1. $\int R(\varphi_0(x),\varphi_1(x),...,\varphi_n(x))dx$ анықталмаған интегралын айнымалы енгізу арқылы әрқашан да алынатын рационал фукцияның интегралына айналдыру – көп айнымалылы рационал бөлшектер деп аталатын айнымалылардың оң бүтін дәрежелері көбейтінділерінің ақырлы қосындысы болатын көп айнымалылы көпмүшеліктер қатынасы және нәтижесінде пайда болған нақты айнымалылы сандық функцияны айнымалы ауыстыру арқылы рационал функцияға келтіру.

2. $\int R\left(x,\left(\frac{ax+b}{cx+d}\right)^{r_1},...,\left(\frac{ax+b}{cx+d}\right)^{r_s}\right)dx$ ($r_1,r_2,...,r_s$ - рационал сандар) түріндегі интегралдар – $\varphi_0(x)=x,\varphi_i(x)=\left(\frac{ax+b}{cx+d}\right)^{r_i}(i=1,2,...,n)$ жағдайында $t^m=\frac{ax+b}{cx+d}, m$ -дәреже бөлімдерінің ең кіші ортақ еселігі арқылы жасалған алмасыруы.

3. $\int R(x,\sqrt{ax^2+bx+c})dx$ түріндегі интегралдар – $\varphi_0(x)=x,\varphi_1(x)=\sqrt{ax^2+bx+c}$ жағдайында $a>0$ болғанда $\sqrt{ax^2+bx+c}-x\sqrt{a}=t$; $c\geq 0$ болғанда $\sqrt{ax^2+bx+c}=xt\pm\sqrt{c}$; екі нақты мәнді түбірі бар болғанда $\sqrt{ax^2+bx+c}=\sqrt{a(x-x_1)(x-x_2)}=\pm t(x-x_1)$ түріндегі Эйлер ауыстырулары.

4. $x^m(a+bx^n)^p$ түріндегі дифференциалдық бином деп аталатын өрнек интегралы – айнымалы ауыстырғаннан кейін $\int(a+bt)^pt^qdt\left(q=\frac{m+1}{n}-1\right)$ түріндегі интегралды p - бүтін сан болғанда $z^s=x^n$, мұндағы s – q рационал санының бөлімі; q - бүтін сан болғанда $x=\left(\frac{z^s-a}{b}\right)^{\frac{1}{n}}$; $p+q$ бүтін сан болғанда $z^s=\frac{a+bt}{t}=\frac{a+bx^n}{x^n}$ ауыстыруы арқылы рационалдандыру.

5. $\int R(\sin x,\cos x)dx$ түріндегі интеграл – $\varphi_0(x)=\sin x,\varphi_1(x)=\cos x$ жағдайын әрқашанда рационалдандыратын, сол себепті универсалды $t=\operatorname{tg}\frac{x}{2}$ алмастыруы.

6. $\int R(\sin x,\cos x)dx$ түріндегі интеграл – $\varphi_0(x)=\sin x,\varphi_1(x)=\cos x$ жағдайын R функциясының жұп-тақ қасиеттері арқылы универсалды ауыстыру қарағанда ықшамды сәйкес айнымалылар енгізіп рационалдандыру.

VII ТАРАУ. РИМАН ИНТЕГРАЛЫ

§1. РИМАН ИНТЕГРАЛЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ ҚОСЫНДЫЛАР ТІЛІНДЕГІ АНЫҚТАМАСЫ МЕН РИМАН БОЙЫНША ИНТЕГРАЛДАНАТЫН ФУНКЦИЯЛАР

1.Геометриялық көзқарастармен қамтылған Риман интегралының жоғарғы және төменгі қосындылар тіліндегі $(U-L)$ анықтамасы – геометриялық тұрғыдан қарағанда Риман интегралының анықтамасы дөңгелекке іштей сызылған квадраттан бастап қабырғалар санын екі еселей отырып, бірінің ішіне бірі орналасқан көпбұрыштар сызғанда олардағы үшбұрыштар саны да еселене отырып, есептелуі белгілі үшбұрыш ауданы арқылы іштей және осы көпбұрыштар төбелерінен жүргізілген жанамалар арқылы салынған көпбұрыштар аудандарымен сырттай дөңгелек ауданы деп аталатын санға ақырсыз жақындай отырып анықталған жазықтықтағы дөңгелек ауданы мәнін есептеу тәрізді жүргізілуі: екі бүйір жағынан ордината өсіне парраллель екі түзумен, төменнен абсцисса өсінде жатқан кесіндімен, жоғарыдан сол кесіндіде анықталған, теріс емес, шенелген функция графигімен шектелген жазықтықтағы қисық сызықты трапеция атты фигура және де функция берілген сегмент сонда жататын нүктелермен жіктелгеннен соң, сол жіктеу нүктелері бойынша қисық сызықты трапецияның оған іштей сызылған ең үлкен тікбұрыштар ауданының қосындысымен төменнен және де сырттай сызылған ең кіші тіктөртбұрыштар аудандарының қосындысымен жоғарыдан жуықталуы және осы геометриялық құрылымды аналитикалық тілге аударғанда берілген сегмент өзара қиылыспайтын сегменттерге жіктеледі, ал сегменттердің өздері шеткі нүктелерімен ғана толық анықталғандықтан шеткі нүктелерін көрсеткенде сегментті бөлшектеу деп аталатын сол шеткі нүктелерден құрылған ақырлы нақты сандар жиынына келуіміз және осы жіктелу бойынша қисықсызықты трапецияны биіктігі әр бөліктің мәндер жиынының супремумы мен инфимумы, табаны бөлшектеу сегменті болатын жоғарғы және төменгі қосындылар деп аталатын тіктөрбұрыштар аудандарының қосындысымен сәйкес жоғарыдан және төменнен жуықтауы және осы қосындылар бір сан маңайына шоғырланса, сол сан Риман интегралының мәні деп аталып, ізделінді ауданды беруі.

2. Жоғарғы және төменгі интегралдық қосындылардың, жоғарғы және төменгі интегралдардың монотондық сипаттағы қасиеттері – геометриялық тұрғыдан көрнекі бөлшектену ұсақталған сайын жоғарғы қосындылар жоғарғы интегралға жоғарыдан кеми, ал төменгі қосындылар төменгі интегралға үлкейе отырып жақындай түсуі, кез келген төменгі қосындының жоғарғы қосындыдан, төменгі интегралдың жоғарғы интегралдан аспауы.

3. Функцияның Риман бойынша интегралдануының техникалық критерийі – сегментте шенелген функцияның Риман бойынша интегралдануы мен ортақ бөлшектенулі жоғарғы және төменгі қосындылардың бір-біріне қалауымызша жақын болуының парапарлығы.

4. Риман бойынша интегралдануды қамтамасыз ететін функция қасиеттері – интегралдану сегментінде функцияның үзіліссіз не монотонды болуы.

§ 2. РИМАН ИНТЕГРАЛЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ОРТА МӘН ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚОЛДАНУЛАРЫ

1. Риман интегралының сызықтық қасиеттері – Риман бойынша интегралданатын функциялардың тұрақты санмен көбейтіндісінің де, олардың қосындыларының да, соның нәтижесінде кез келген сызықтық комбинациясының да Риман бойынша интегралдануы және ол интеграл мәнінің бастапқы функция интегралдар мәндерімен дәл сондай сызықтық комбинацияда өрнектелуі.

2. Күрделі функция мен функциялар көбейтіндісінің Риман бойынша интегралдануы – сәйкес үзіліссіз сыртқы және интегралданатын ішкі функциялардан құрылған күрделі функцияның және интегралданатын екі функцияның көбейтіндісінің Риман бойынша интегралдануы.

3. Риман интегралының аддитивтік қасиеті – жалпыны жекелерге жіктеп, керісінше жекелерден жалпыны жинайтын аддитивтілік атты қасиеті Риман интегралы жағдайында сегментте интегралданатын функцияның сегменттің ақырлы жүктелуіндегі әр сегментте де интегралдануы және сегменттегі интегралдың жіктеудегі интегралдар қосындысына тең болуы, керісінше, жіктеудегі әр сегментте интегралануынан сегменттің өзінде де интегралданып, әр сегментіндегі интегралдар мәндері қосындысының сегменттегі интегралын беруі, сонымен қатар сегменттің бір ғана шеткі нүктесінде үзілісті бола алатын шенелген функцияның сол сегментте интегралдануы мен үзіліс нүктелер саны ақырлы шенелген функцияның интегралдану қасиетін қамтамасыз етуі.

4. Риман интегралының сегменттегі интегралданатын функциялар теңсіздік қатынасын сақтауы – интегралданатын екі функцияның сегменттің әр нүктесіндегі біріншісінің мәні екіншісінің мәнінен аспауынан, олардың Риман интегралдарының мәні де сол қатынаста болуы, интегралданатын теріс емес функция интегралының да теріс емес болуы, сол себепті интегралданатын функция интегралы модулінің функция модулінің интегралынан аспауы, шенелген функция интегралы модулінің сегмент ұзындығы мен шенінің көбейтіндісімен жоғарыдан шенелгенуі және теріс емес интегралданатын функциялар көбейтіндісінің интегралын төменгі және жоғарғы шендер мен теріс емес функция интегралы көбейтіндісімен сәйкес төменнен және жоғарыдан бағалау.

5. Риман интегралының орта мән туралы теоремасы дискретті жағдайдағы арифметикалық орта ұғымының үзіліссіз баламасы ретінде – аналитикалық тұрғыдан сегментте үзіліссіз функцияның ақырсыз көп мәндерін соның Риман интегралы арқылы жазылған орта мән деп, әрі қарай қолданыста дамытылған ілімдерде математикалық күтім деп те аталатын бір ғана мәнмен өрнектелуі, оның геометриялық тұрғыдағы мағынасы сол үзіліссіз функциямен шектелген қисық сызықты трапеция аудан мәнін сақтай отырып, тіктөртбұрыштың сыртындағы қисық сызықты трапеция бөлігінің ішіндегі қисық сызықты трапециядан бос бөлікпен тең болатындай етіп тіктөртбұрышқа түзететін орта мән атты ізделіністі тіктөртбұрыш биіктігінің мәні мен орта мән туралы теореманың кез келген шенелен фукциялар үшін жоғарғы және төменгі шендері арасындағы санмен бағалануы.

§3. РИМАН ИНТЕГРАЛЫНЫҢ БАСҚА ДА ЭКВИВАЛЕНТТІ АНЫҚТАМАЛАРЫ

1. Риман интегралының S (мәндер) тіліндегі анықтамасы – берілген сегментте анықталған (шенелу шарты алдын ала қойылмаған) сандық функцияның аралықтың бөлшектенуіне сәйкес интегралдық қосынды деп аталатын жіктеу сегменттерінің ұзындығы мен сол сегментте жататын қайсы бір нүктедегі функция мәні көбейтіндісінің қосындысы және бөлшектеу диаметрі бойынша анықталған интегралдық қосындының диаметр нөлге ұмтылғандағы интегралдық қосындыдағы функция мәндеріне тәуелсіз жаңа түрдегі нақты мәнді шегі мен бар болған жағдайда функцияның S тілінде интегралдануы және де сол шек мәнінің функцияның S тіліндегі интегралы деп аталуы.

2. Риман интегралының $(U_{2^n} - L_{2^n})$ -тіліндегі анықтамасы – интегралдың $(U-L)$ -тіліндегі анықтамасындағы бөлшектеуді кездейсоқ емес, бірте-бірте бөлшектеудің әр сегментін қақ бөле отырып, тең 2^n бөлікке бөлгенде бөлшектеулер бойынша алынған супремум мен инфимум орнына сәйкес жоғарғы қосындылары монотонды кеми отырып, төменгі қосындылары монотонды өсе отырып бар болатын тізбек шектері өзара тең болып беттесуі бойынша интегралды анықтау.

3. Интегралдың $(U-L)$ және S -тіліндегі анықтамаларының эквиваленттігі – сегментте анықталған шенелуі алдын ала қойылмаған функцияның S -тілінде интегралдануынан оның шенелуі мен $(U-L)$ -тілінде интегралдануы, керісінше $(U-L)$ -тіліндегі анықтама бойынша интегралданатын шенелген функцияның S -тілінде интегралдануы және де әрқашанда екі анықтамадағы интеграл мәндерінің өзара тең болуы, қорытындылап айтқанда, интеграл анықтамаларының бірі бойынша интегралданатын функцияның екіншісі бойынша да интегралдануы мен интеграл мәндерінің өзара тең болуы.

4. Риман интегралының $(U-L)$ және $(U_{2^n} - L_{2^n})$ тілдеріндегі анықтамаларының эквиваленттілігі – сегментте шенелген сандық функциялар үшін сәйкес inf-sup пен монотонды тізбек шегі арқылы берілген интеграл анықтамаларының бірі бойынша интегралдануынан екіншісі бойынша да интегралдануы мен интеграл мәндерінің өзара тең болуы.

§4. ИНТЕГРАЛДАУ МЕН ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУДЫҢ НЬЮТОН-ЛЕЙБНИЦ ТҮРІНДЕГІ БАЙЛАНЫСЫ

1. $\sin x$ функциясы $\cos x$ үшін $(\sin x)\prime = \cos x$ болатындай айқын туындысы берілмеген үзіліссіз функция туындысын табу мәселесін жаңа функцияны анықтайтын жоғарғы шегі айнымалы болатын Риман интегралы арқылы анықтау – сегментте үзіліссіз болуынан басқа еш шарт қойылмайтын алдын ала берілген функция үшін әр нүктедегі туындысы дәл осы функция мәні болатын функция құру мақсатымен анықталған сегменттің бастапқы нүктесінен жаңа функция айнымалысы ретінде қабылданатын кез келген нүктесіне дейінгі аралықта алынған жоғарғы шегі айнымалы болатын берілген функция интегралының жаңа функция ретінде қойылған күрделі мәселені шешуі.

2. Интегралдау және дифференциалдау ілімдерін байланыстыратын Ньютон-Лейбниц формуласы – үзіліссіз функцияның Риман интегралы мен туынды арқылы анықталған алғашқы функциясының теңдік түріндегі теориялық байланысы, соның ішінде, алғашқы функциясы айқын түрде берілген (анықталмаған интеграл тақырыбы болған) жағдайларда функция үшін Риман интегралын оның анықтамасындағы $inf-sup$, шек күрделі есептеулерін жүргізбей-ақ алғашқы функциялардың бірінің сегмент шекараларындағы мәндерінің айырмасы арқылы практикалық есептеу.

3. Интегралдық және дифференциалдық есептеудің негізгі теоремасы болып табылатын Ньютон-Лейбниц формуласының үзіліссіздікті сегментте интегралдану шартымен кеңейтетін жалпы жағдайы.

§5. РИМАН ИНТЕГРАЛЫНЫҢ ТҮРЛЕНДІРУЛЕРІ МЕН ОРТА МӘН ТУРАЛЫ ЕКІНШІ ТЕОРЕМА

1. Риман интегралында айнымалыны ауыстыру мәселесі – сегментте үзіліссіз функцияның айнымалысын мәндері функция анықталған сегментте жатып, үзіліссіз дифференциалданатын, жаңа сегментте анықталған функциямен алмастыру арқылы бастапқы функцияның Риман интегралын жаңа айнымалыға тәуелді күрделі функция мен ауыстырымдағы функция туындысының көбейтіндісін жаңа айнымалы анықталған сегментте интегралдау арқылы өрнектеу.

2. Риман интегралын бөліктеп интегралдау – берілген функцияны туындыларымен қоса үзіліссіз функциялар көбейтіндісі түрінде жазып, сол көбейтінді туындысы формуласының екі жағын да Риман бойынша интегралдағанда сызықтық қасиет бойынша пайда болған үш интегралдағы көбейтінді туындысының интегралы Ньютон-Лейбниц формуласы бойынша тікелей есептеліп, интегралдан арылады да, көбейтінді түрінде жазылған бастапқы функция интегралының «симметриялы» мағынада анықталған оған қарағанда есептеу тұрғысынан ұтымды интеграл мен тікелей есептелген интеграл мәні арқылы өрнектелуі.

3. Қалдығы интегралдық түрдегі Тейлор формуласы – еселі рет туындылатын және ең үлкен ретті туындысы үзіліссіз функцияны Тейлор формуласымен жазуда бөліктеп интегралдау формуласын функция туындысы мен жіктеу көбейткішіне қажетті рет қолдану нәтижесінде ең үлкен ретті туынды мен жіктеу көбейкішінің бірге кем дәрежесінің сол туынды алынатын нүктеден сегменттің қайсыбір нүктесіне дейінгі интегралы арқылы өрнектелген қалдық мүшесі және оның Лагранж, Коши берген қалдық мүшелерге өтуі.

4. Орта мән туралы екінші теорема атты Риман интегралының аддитивтілік қасиетінің монотонды функция мен интегралданатын функциялар көбейтіндісіне жалпылауы болып, монотонды функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері арқылы интеграл таңбасы астынан алып шығуы – Риман интегралының аддитивтілік қасиеті сегменттегі кез келген нүкте үшін орындалса, сегментте кемімейтін функция мен интегралданатын функция көбейтіндісінің сол сегмент бойынша алынған Риман интегралының өспелі функцияның ең кіші және ең үлкен мәндерін сегменттің бастапқы нүктесінен қайсыбір нүктесіне дейінгі және ары қарай сол нүктеден соңғы нүктеге дейінгі аралықтағы интегралданатын функция интегралының сәйкес мәніне көбейтіндісінің қосындысына тең болатындай нүктенің табылу.

§6. ҚИСЫҚ ЖӘНЕ РИМАН ИНТЕГРАЛЫ АРҚЫЛЫ ЕСЕПТЕЛЕТІН ОНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ

1. Қисықтың аналитикалық түрде ортақ сегментте үзіліссіз және реттелген қос функция ретінде анықталуы мен оның геометриялық сипаттамасы – анықталу сегментіндегі тәуелсіз айнымалының әр мәніне үзіліссіз функциялар арқылы екі мән сәйкес қойылып, олардың ретіне сәйкес бірінші координатасы бірінші функция, екінші координатасы екінші функция мәні болатын нүкте салынады да, сондай нүктелердің барлығы бірігіп, жазықтықтағы қисықты құруы.

2. Қисық ұзындығының анықтамасы – қисық анықталған кесіндінің бөліктенуіне сәйкес қисықтың өзі де бөліктеніп, ұзындықтары шеткі нүктелерінің координаталарына Пифагор теоремасын қолдану арқылы анықталған кесінділерден тұратын сынық сызықтар ұзындықтарымен іштей жуықталғанда пайда болған қосынды супремумы ретінде.

3. Қисық ұзындығын Риман интегралы арқылы есептеу – интегралдық қосындыны бірден бермегенімен, Лагранж формуласы бойынша қандай функцияның интегралы болатындығына бағыт беретін анықтамадағы қисық сызық ұзындығына тең шама мен қисықты беретін реттелген, үзіліссіз функциялар арқылы өрнектелген функцияның интегралы арқылы ұзындық есептеу формулаларының теңдіктерін оны дәлелдеуге қарағанда оңай екі қарама-қарсы теңсіздікті супремум мен интегралының қосындылар тіліндегі анықтамасын қолдана отырып дәлелдеу арқылы алу.

§7. ЖАРАТЫЛЫСТАНЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ ҚҰРУ АРҚЫЛЫ РИМАН ИНТЕГРАЛЫН ҚОЛДАНУ ҮЛГІЛЕРІ

1. Сегментте үзіліссіз функциялар графиктері арқылы анықталған жазықтықтағы фигураның ауданын есептеу – ауданы Риман интегралымен өрнектелген бір таңбалы қисық сызықты трапецияларға жіктеу арқылы.

2. Айналу денесінің көлемін есептеу формуласы белгілі деп қабылданған цилиндр көлемі арқылы Риман интегралы теориясымен анықтау және оны есептеу формуласы – қисық сызықты трапеция өспен толық айналғанда шыққан айналу денесі атты дененің көлемін айналу өсіндегі кесіндіні бөлшектегенде пайда болған цилиндрлер көлемі арқылы іштей және сырттай жуықтағандағы құрылған қосындылардың интегралдар теориясындағы жоғарғы және төменгі қосындылар екендігін көрген соң ғана сол теориядағы үзіліссіз функцияның интегралы бар болуы туралы теоремадан қосындылардың сәйкес инфимумы мен супремумының ортақ мәнінің бар болуынан айналу денесінің көлемі бар деп, ал сол Риман интегралы бойынша өрнектелген ортақ санды ізденісті көлемнің мәні деп анықтама бойынша қабылдау.

3. Материялық қисықтың статикалық моменті мен ауырлық центрін интеграл арқылы есептеу – бірқалыпты таралған салмақты материялық қисық бөлшектенуіне сәйкес одан алынған нүктелер бойынша бір нүктеде шоғырланған әрбір бөлігінің салмағын дискретті жағдайдағыдай құрылғандағы қосындылар интегралдық қосындылар бергендіктен үзіліссіз функцияның Риман интегралы бар болып, сол интеграл мәні арқылы статикалық момент пен ауырлық центр мәнін анықтау және есептеу.

§ 8. РИМАН ИНТЕГРАЛЫН ЖУЫҚТАП ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

1. Үзіліссіз функцияның Риман интегралын жуықтап есептеу деген не? – есептеу тұрғысынан күрделі, берілген сегменттегі ақырсыз нүктелерге тәуелді, дәл мәні тікелей есептеуге келмейтін $sup - inf$, шек болатын интеграл түріндегі ақырсыз объектіні квадратуралық формула атты функцияның түйін деп аталатын нүктедегі мәндерін сәйкес салмақтары деп аталатын коэффициенттерге көбейте отырып алынған ақырлы қосындымен қалауымызша алдын ала алынған дәлдікте алмастыру.

2. Лагранж интерполяциялық көпмүшелігі – алдын ала берілген жазықтықтағы ақырлы санды нүктелерден реті нүктелер санынан бірге кем көпмүшелік құру мәселесінің 1795 жылы Джозеф Лагранж берген Лагранж көпмүшелігі атты шешімі және сандық функцияның Лагранж интерполяциялық көпмүшелігі.

3. Лагранж интерполяциялық көпмүшелігін Риман интегралын жуықтап есептеуге қолдануының әдістемесі – интеграл астындағы үзіліссіз функцияны берілген сегменттің бөлшектеу нүктелерінде сол функцияның мәндері бойынша құрылған Лагранж интерполяциялық көпмүшелігімен алмастыру арқылы дәл есептелетін көпмүшеліктің интегралымен жуықтау.

4. Тіктөртбұрыштар әдісі – сегментті бірқалыпты жіктеген соң, интегралдың аддитивтік қасиеті бойынша әр бөлігіндегі интегралды интеграл астындағы функцияны бөлік ортасындағы мәні болатын нөлінші ретті Лагранж интерполяциялық көпмүшелігімен алмастыру арқылы жуықтау және жуықтау қателігінің екінші ретті туынды ең үлкен мәнінің бөлшектеу санының екінші дәрежесіне қатынасы арқылы алынған бағалауы.

5. Трапециялар әдісі – сегментті бірқалыпты жіктеген соң, интегралдың аддитивтік қасиеті бойынша әр бөлігіндегі интегралды сегмент ұштарындағы интеграл астыфункция мәні бойынша құрылған кесіндіні беретін бірінші ретті Лагранж интерполяциялық көпмүшелігімен алмастыру арқылы жуықтау және жуықтау қателігінің екінші ретті туындысының ең үлкен мәнінің бөлшектеу санының екінші дәрежесіне қатынасы арқылы алынған бағалауы.

6. Параболалар (Симпсон) әдісі - сегментті бірқалыпты жіктеген соң, интегралдың аддитивтік қасиеті бойынша әр бөлігіндегі интегралды сегмент ұштары мен ортасындағы нүктедегі интеграл асты функция мәні бойынша құрылған параболаны беретін екінші ретті Лагранж интерполяциялық көпмүшелігімен алмастыру арқылы жуықтау және жуықтау қателігінің төртінші ретті туынды ең үлкен мәнінің бөлшектеу санының төртінші дәрежесіне қатынасы арқылы алынған бағалауы.

VIII ТАРАУ. САНДЫҚ ҚАТАРЛАР

§1. САНДЫҚ ҚАТАР АТТЫ АҚЫРСЫЗ ҚОСЫНДЫНЫҢ АҚЫРЛЫ ҚОСЫНДЫМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ ЖӘНЕ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

1. Сандық қатар және де сол саны ақырсыз қосылғыштардың қосындысын тағайындау – берілген сандық тізбек мүшелерінің бірінші мүшесімен, екінші мүшесімен сол сияқты нөмірленген әр мүшесімен анықталатын сандық қатар атты ақырсыз қосынды түрінде жазылуы, қосылғыш саны қанша көп болса да, ақырлы қосынды мағыналы да, ақырсыз қосындының өзіндік мағынасыздығы, 1821 жылы "Сандық қатар деген шек" деп Коши айтқандай ақырсыз қосынды ұғымын дербес қосындысы деп аталатын тізбектің алғашқы мүшелері қосындыларынан құрылған сандық тізбек шегі нақты мәнді болғанда қатар жинақталады және қатар қосындысы осы тізбек шегіне тең, ал тізбек шегі ақырсыз не шегі жоқ болғанда қатар жинақталмайды деген тұрғыда мағыналы етілуі.

2. Бірінші, екінші, жалпы айтқанда, әр мүшесімен анықталатын сандық қатарлардың сәйкес нөмірлі мүшелеріне сызықтық амалдарды қолданғанда пайда болған сандық қатар – сандық қатарды анықтайтын тізбекке белгілі сызықтық амалдар қолдану нәтижесінде пайда болған тізбек арқылы анықталған қатар берілген сандық қатарға қолданылған сол сызықтық амалдар

нәтижесі ретінде, сандық қатарды нөлден өзгеше санға көбейту оның жинақталуын өзгертпеуі және жинақталған жағдайда санға көбейтілген қатар қосындысының бастапқы қатар қосындысы мен сол сан көбейтіндісіне тең болуы; екі жинақталатын қатардың сәйкес мүшелерінің қосындысынан құрылған қатардың да жинақталуы, жинақталатын және жинақталмайтын қатардың сәйкес мүшелерінің қосындысынан құрылған қатардың жинақталмауы, екі жинақталмайтын қатардың сәйкес мүшелерінің қосындысынан құрылған қатардың жинақталу да, жинақталмауы да мүмкіндігі.

3. Сандық қатардың дербес қосынды мен қалдық қатарына жіктелуі және сондай жағдайда қосындысы өзгермейтін ақырлы қосындыға қарағандағы ерекшеліктері – сандық қатарды белгілі бір нөмірлі мүшеге дейінгі нөмірлі мүшелерінен тұратын ақырлы қосынды мен қалған мүшелерінен құралған бастапқы қатардың қалдық қатары деп аталатын жаңа қатарға бөлу, бастапқы қатар мен қалдық қатар жинақталуының пара-парлығы, сол себепті қатар жинақталуының да, жинақталмауының да қатардың әр жеке мүшесіне тәуелсіздігі, қалдық қатардың бастапқы нөмірі өскен сайын нөлге ұмтылуы.

4. Сандық қатар мүшелерінің ақырлы қосылғыштарға жіктелуі арқылы, керісінше топтастырылған қатарды қайта ашу арқылы алынған жаңа қатарлар және олардың қалай жіктелсе де, қалай ашылса да қосындысы өзгермейтін ақырлы қосындыға қарағандағы ерекшеліктері – жинақталатын қатар мүшелерінің орнын ауыстырмай топтастырғанда әр мүшесі сәйкес топтағы қосындыға тең болатын жаңа қатардың құрылуы және сол жаңа қатардың да жинақталып, бастапқы қатар қосындысына тең болуы, керісінше, топтастырғанда шыққан қатар жинақталуының әр топтағы қосынды таңбасы бірдей болғанда ашылған қатарда сақталуы.

5. Сандық қатар жинақталуының бір қажетті шарты – сандық қатардың жалпы мүшесінің шегі бар және нөлге тең болуы, сол себепті қатардың жалпы мүшесінің нөлге ұмтылмауы оның жинақталмауын қамтамасыз етуі.

§2. БІР ТАҢБАЛЫ МҮШЕЛІ САНДЫҚ ҚАТАРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІРЖАҚТАН ЖИНАҚТАЛУЫНЫҢ МОНОТОНДЫ ТІЗБЕКТЕР ЖИНАҚТАЛУЫМЕН ПАРА-ПАРЛЫҒЫ, ЖИНАҚТАЛУЫ БЕЛГІЛІ ЭТАЛОН ҚАТАРЛАРМЕН САЛЫСТЫРУЛАРЫ

1. Теріс емес мүшелі қатар жинақталуының критерийі – қатар жинақталу, жинақталмауының тікелей анықтамасы бойынша дербес қосындылар тізбегінің сәйкес нақты мәнді шегі бар не болмауына пара-парлығы және қатар теріс емес сандардан құрылуынан оның дербес қосындылар тізбегі келесі нөмірге көшкенде теріс емес сан қосылып, кемімейтін болады да, монотонды тізбектің нақты мәнді шегі бар болуы жайлы критерийінен тізбектің жоғарыдан шенелу не шенелмеуіне баламалылығы.

2. Теріс емес мүшелі қатардың жинақталуының интегралдық критерийі – үзіліссіз, теріс емес, өспейтін функцияның бүтін мәнді мүшелерінен құрылған қатар жинақталуының $A+n \equiv \int\limits_1^n f(x)dx$ интегралымен анықталған кемімейтін тізбек шенелуімен пара-парлығы.

3. Нөмірлес мүшелері белгілі реттік қатынаста болатын екі теріс емес мүшелі сандық қатарлар жинақталуының салыстыру теоремалары – мүшелері үлкен қатардың жинақталуынан мүшелері кіші қатардың жинақталуы және мүшелері кіші қатардың жинақталмауынан мүшелері үлкен қатардың жинақталмауы, сонымен бірге мүшелері үлкен қатардың жинақталмауы немесе кіші мүшелі қатардың жинақталуы екінші қатардың жинақталу, жинақталмауы жайлы еш мәлімет бермеуі.

4. Теріс емес мүшелі қатар жинақталуының Коши белгісі және оның мәселені толық шешпеуі – қатардың жалпы мүшесінің n -ші дәрежелі арифметикалық түбірімен анықталған Коши көмекші тізбегінің шегі бар және бірден кіші, үлкен және тең болуына сәйкес берілген қатардың жинақталуы, жинақталмауы және мәселені шешпеуі.

5. Теріс емес мүшелі қатар жинақталуының Даламбер белгісі және оның мәселені толық шешпеуі – қатардың жалпы мүшесінің кейінгі мүшесіне қатынасы арқылы анықталған Даламбер көмекші тізбегінің шегі бар және бірден кіші, үлкен және тең болуына сәйкес берілген қатардың жинақталуы, жинақталмауы және мәселені шешпеуі.

6. Теріс емес мүшелі қатар жинақталуының Раабе белгісі және оның мәселені толық шешпеуі – $R_n = n\left(\frac{a_n}{a_{n+1}}-1\right)$ формуласымен анықталған Раабе көмекші тізбегінің шегі бар және бірден кіші, үлкен және тең болуына сәйкес берілген қатардың жинақталмауы мен жинақталуы.

7. «Қатардың тынысталуы» деген атауға ие сандық қатар жинақталуы мен жинақталмауының орнықтылығы – оң мүшелі жинақталатын қатардың мүшелерінің «кішкенелігінің» құпия заңдылығынан олардың барлығын қосқанда белгілі бір саннан аспауы, солай бола тұрып, оның әр мүшесін ақырсыз үлкен көбейткіштерге көбейтіп, мүшелерін «үлкейткенімен» қатардың жинақталуын сақтайтындай мүшелерде артық «қор» болуы және керісінше, оң мүшелі жинақталмайтын қатардың мүшелері тіпті нөлге ұмтылса да оның мүшелерінің «кішкенелігінің» құпия заңдылығынан қандай сан алсақ та одан асып қосынды құру мүмкіндігі және солай болғанда да оның әр мүшесін нөлге ақырсыз кемитін көбейткіштерге көбейтіп, мүшелерін «кішірейткенімен» қатардың жинақталмауын сақтауы.

§3.АЙНЫМАЛЫ ТАҢБАЛЫ МҮШЕЛІ ҚАТАРЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ТЕРБЕЛІС ТҮРДЕГІ ЖИНАҚТАЛУЫНЫҢ СУРЕТТЕМЕСІ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАЛУДЫҢ АБЕЛЬ ТҮРЛЕНДІРУІ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ ҚАТАРҒА АРНАЛҒАН КОШИ КРИТЕРИЙІНЕ КЕЛТІРЕТІН ШАРТТАРЫ

1. Екі таңбалы да мүшелерінің саны ақырсыз айнымалы таңбалы қатарлар және олардың жинақталу жолы – бір таңбалы қатардың дербес қосындылары бір бағытта өзгеріп, монотонды түрде өз шегіне бір жақты жолмен ұмтылса, бар-жоғы екі оң және теріс таңбаны да қамтитын айнымалы таңбалы қатарларда дербес қосындысына жаңадан енетін қосылғыштар топ-топпен кезекпен кездесетін теріс емес таңбалы топқа түскенде қосынды өсіп, оң емес топқа түскенде кеміп, ырғала шегіне ақырсыз ұмтылуы.

2. Жалпы жағдайдағы сандық қатар жинақталуының Коши критерийі – сандық қатар жинақталуы дербес қосынды атты сандық тізбек жинақталуымен анықталғандықтан қатар жинақталуы сол дербес қосындыдан құрылған сандық тізбектің нақты мәнді шегі бар болуы жайлы Коши критерийінің қатарлар тіліндегі екі дербес қосындының айырмасы болатын ақырсыз қосындының бір нөмірден үзбей екінші нөмірге дейінгі кесіндісімен жазылған көшірмесі ретінде.

3. Әр қосылғышы екі санның көбейтіндісі болатын ақырлы қосындының Абель түрлендіруі – біріншісінен сол нөмірлі мүшеге дейінгі бірінші көбейткіштердің қосындысын екінші көбейткіштің алдындағы мүшемен айырмасына көбейткендегі көбейтінділер қосындысы мен өзіндік түрдегі шеткі жағдайлардың қосындысы түрінде.

4. Сандық қатар жинақталуының Дирихле белгісі мен оның салдары болатын Лейбниц теоремасы – біріншісінің мүшелерінен құрылған дербес қосындылары шенелген, екіншісі кеми отырып, нөлге ұмтылатын екі тізбектің нөмірлес мүшелерінің көбейтіндісі түрінде берілген сандық қатар жинақталуын Абель түрлендіруі бойынша Коши критерийімен бекіту және бірінші көбейткіш кезекпен кезек екі таңбаның ауысуын бергендегі оның салдары.

5. Сандық қатар жинақталуының Абель белгісі – біріншісінен құрылған қатар жинақталып, екіншісі монотонды, шенелген екі тізбектің нөмірлес мүшелерінің көбейтіндісі түрінде берілген сандық қатар жинақталуын Абель түрлендіруі бойынша Коши критерийімен бекіту.

6. Лейбниц теоремасының тағы бір дәлелдеуі – теорема шартын тікелей қолданып, тақ және жұп нөмірлерінен құралған тізбекшелер монотонды және шенелген тізбек ретінде жинақталғандықтан дербес шектер қасиеттері негізінде олардың бар және ортақ шектерінің дербес қосынды шегін беруі.

§4. АБСОЛЮТТІ ЖӘНЕ ШАРТТЫ ЖИНАҚТАЛАТЫН САНДЫҚ ҚАТАРЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ АЛМАСТЫРУЛАРЫ

1. Сандық қатардың абсолютті және шартты атты жинақталу түрлері – қатар мүшелерінің абсолют шамасынан құрылған жаңа қатардың жинақталуы бастапқы қатардың абсолютті деп аталатын жинақталуын анықтауы және абсалютті жинақталу міндетті түрде бастапқы қатар мүшелерінің «кішкене» болуымен қатардың өзінің де жинақталуын қамтамасыз етуі, абсолютті жинақталмайтын бастапқы қатар жинақталғанда оның шартты жинақтылық деп аталуы және осы жинақталу қатар мүшелерінің абсолют шамасына таңба әсер етуімен тербеле қамтылуы.

2. Мүшелері бастапқы қатар нөмірлерімен міндетті түрде бір және тек бір рет қана нөмірленетін жаңа алмастырылған қатар – берілген қатарды анықтайтын тізбектің оң бүтін сандар жиынынан тұратын анықталу жиынын өзара бірмәнді сәйкестікте пайда болған тізбекпен жасалған қатар алмастыруы деп аталатын жаңа қатардың құрылуы.

3. Абсолютті жинақталатын қатардың барлық мүмкін алмастыруларының жинақталуы мен олардың қосындыларының бірмәнділігі – абсолютті жинақталатын қатар қосындысының ақырлы қосындыдағыдай қосынды мәнін сақтап, қосылғыштардың орындарын қалауымызша алмастыруға болатындығы.

4. Шартты жинақталатын қатардың алдын ала берілген кез келген санға жинақталатын алмастыруының бар болуы туралы Риман теоремасы – берілген айнымалы таңбалы қатар абсолютті жинақталмағандықтан ретімен тек теріс емес таңбалы мүшелері $+\infty$ -ке ұмтылатын, теріс таңбалы мүшелері $-\infty$ -ке ұмтылатын қатарлар болады да, нөлге ұмтылатын бір мүшеге біресе асып, біресе кеми отырып, екі қатардың мүшелерін кезекпен қоса алдын ала берілген нақты санға ұмтылатын, сол сияқты $+\infty$ пен $-\infty$ ұмтылатын қатарды құру.

§5. САНДЫҚ ҚАТАРЛАРДЫҢ КӨБЕЙТІНДІСІ МЕН ЕСЕЛІ ҚАТАРЛАР

1. Екі сандық қатардың Коши көбейтінді атты жаңа қатар мен Мертенс теоремасы – әрбір мүшесі көбейткіш қатарлардың тиісті мүшелерімен алгебралық көпмүшеліктің көбейтіндісі жолымен айнымалы дәрежесі алдындағы коэффициенттер түрінде анықтатын Коши көбейтіндісі және екі жәй жинақталатын қатардың Коши көбейтіндісінің әрқашан жинақтала бермеуі, ал ең болмағанда біреуі абсолютті жинақталғанда оның жинақталып, осы көбейтіндінің екі қатар қосындысының көбейтіндісіне тең болатындығын беретін Мертенс теоремасы.

2. Екі сандық қатардың өзі де сандық қатар болатын көбейтіндісінің жалпы анықтамасы – оң бүтін саннан құрылған барлық мүмкін жұптар жиынын өзара қиылыспайтын және әрбір жұп міндетті түрде біреуінде және тек қана біреуінде жататын ақырлы жиыншаларға бөлу арқылы сол жиында жататын жұптарға сәйкес сандық қатарлар мүшелерінің қос-қостан көбейтінділерінің қосындыларын жаңа қатар мүшесі болатындай нөмірлей отырып, екі қатар көбейтіндісін анықтаудың жалпы шексіз әдістері.

3. Еселі сандық қатарлар және олардың жинақталуы – теріс емес бүтін саннан құрылған барлық мүмкін жұптар жиынында анықталған функция түріндегі $\{a_{m,n}\}_{m,n=1}^{\infty}$ екі еселі тізбек, осы тізбектің барлық мүшелерінің қосу таңбасымен жазылған $\sum\limits_{n=0}^{\infty}\sum\limits_{m=0}^{\infty} a_{n,m} = a_{0,0}+a_{0,1}+a_{1,0}+\ldots$ символы түріндегі екі еселі қатары және оның жинақталуының бірінің ішінде бірі орналасқан жұптардың ақырлы жиындары бойынша құрылған сандық қатар жинақталуымен анықталуы.

§ 6. НАҚТЫ САНДАРДЫҢ АҚЫРСЫЗ КӨБЕЙТІНДІСІНІҢ АҚЫРЛЫ КӨБЕЙТІНДІМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ ЖӘНЕ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

1. Ақырсыз көбейтінді және де сол саны ақырсыз көбейткіштердің көбейтіндісін тағайындау – берілген сандық тізбек мүшелерінің бірінші мүшесімен, екінші мүшесімен сол сияқты нөмірленген әр мүшесімен анықталатын ақырсыз көбейтінді атты көбейтінді түрінде жазылуы, көбейткіштер саны қанша көп болса да, ақырлы көбейтінді мағыналы да, ақырсыз көбейтіндінің өзіндік мағынасыздығы, ақырсыз көбейтінді ұғымын дербес көбейтінді деп аталатын тізбектің алғашқы мүшелері көбейтінділерінен құрылған сандық тізбек шегі нақты мәнді болғанда ол жинақталады және көбейтінді мәні осы тізбек шегіне тең, ал тізбек шегі ақырсыз не шегі жоқ болғанда көбейтінді жинақталмайды деген тұрғыда мағыналы етілуі.

2. Оң мәнді көбейткішті ақырсыз көбейтінді жинақталуы мен оның сәйкес мүшелерінің логарифмінен құралған сандық қатар жинақталуының пара-парлығы - дербес көбейтінді логарифмінің мүшелері логарифмінің қосындысы арқылы жазалуы.

3. Валлис формуласы - $\frac{\pi}{2}$ санының оған жинақталатын, жалпы мүшесі $\frac{2n}{2n-1}\frac{2n}{2n+1}$ ақырсыз көбейтінді арқылы бейнеленуі.

IX ТАРАУ. ФУНКЦИЯЛЫҚ ТІЗБЕКТЕР МЕН ҚАТАРЛАР ШЕККЕ КӨШУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИЯ БЕРІЛУІНІҢ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

§1. ФУНКЦИЯЛЫҚ ТІЗБЕК ПЕН ҚАТАР, ОЛАРДЫҢ НҮКТЕЛІ ЖИНАҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ФУНКЦИЯНЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

1. Функциялық тізбек пен функция анықтауын қамтамасыз ететін нүктелі жинақталуы деп аталатын ең аз үнемді шарты және солар арқылы нүктелі шек атты функция берілуінің тағы бір әдістемесі – табиғаты кез келген жиын алдын ала беріліп, әр оң бүтін санға сол жиында анықталған функцияны сәйкес қоятын функциялық тізбек атты ереже және сол жиынның әрбір нүктесінде функциялық тізбек айналатын сандық тізбектің нақты мәнді шегі бар болғанда функциялық тізбектің нүктелі шек атты функцияға нүктелі жинақталуы және әр нүктеге сол шекті сәйкес қою арқылы функцияны анықтаудың тағы бір тәсілі.

2. Функциялық қатар мен функция анықтауын қамтамасыз ететін нүктелі жинақталуы деп аталатын ең аз үнемді шарты және солар арқылы нүктелі шек атты функция анықтауының тағы бір әдістемесі – берілген функциялық тізбектің мүшелерін қосу таңбасымен жалғайтын сол жиында берілген функциялық қатар атты символ, оның нүктелі жинақталуының алғашқы мүшелерінің қосындысынан құрылған дербес қосындылар деп аталатын функциялық тізбек тілінде анықталуы және сондағы нүктелі шек функциялық қатардың да сондай атаулы функциясы болуы, осылайша функцияны анықтаудың тағы бір тәсілі.

3. Нүктелі жинақталу кезінде шектік функция функциялық тізбек пен қатар мүшелерінің үзіліссіздік, дифференциалдану, интегралдану қасиеттерін әрқашан сақтай бермейтіндігін, сақтаған жағдайдың өзінде теңдік орындала бермейтіндігін көрсететін мысалдар мен содан туындайтын зерттеу мәселелері – ақырлы қосындыда қосылғыштардың барлық қасиеттері қосындыға өткенімен, ақырсыз қосындыда шекке көшу кезінде қасиеттердің жоғалуы.

§2. ФУНКЦИЯЛЫҚ ТІЗБЕК ПЕН ҚАТАРДЫҢ БІРҚАЛЫПТЫ ЖИНАҚТАЛУЫ

1. Функциялық тізбек пен қатардың бірқалыпты жинақталуы – функциялық тізбек не қатар тек функцияны ғана анықтап қоймай мүшелерінің қасиеттерін шектік функцияда сақтауды көздегенде нүктелі жинақталу атты ең аз талапты күшейтетін жинақталу түрі.

2. Функциялық тізбек пен қатардың жиында бірқалыпты жинақталуының Коши критерийлері – бірқалыпты жинақталудың шектік функцияның қатысуынсыз тек функциялық тізбек не қатар мүшелерінің өзара қатынасымен ғана анықталуы.

3. Нүктелі және бірқалыпты жинақталу ұғымдарының арақатынасы – бірқалыпты жинақталатын функциялық тізбектің де, қатардың да нүктелі шектік функцияға әрқашанда нүктелі жинақталуы, бірақ та бұның кері бағытта әрқашан орындала бермеуі.

4. Нүктелі жинақтылығы алдын-ала белгілі функциялық тізбектің бірқалыпты жинақталу критерийі – нүктелі жинақталатын функциялық тізбек мүшелерінің жиында шектік функциясынан ауытқуының супремумдарынан құрылған сандық тізбектің нөлге ұмтылуымен пара-парлығы және оның функциялық қатар жағдайына көшірмесі.

5. Функциялық қатарлардың бірқалыпты жинақталуының Вейерштрасс белгісі – функциялық қатардың әрбір мүшесін сол жиында шенейтін сандардан құрылған сандық қатар жинақталуынан шығуы.

6. Функциялық қатардың бірқалыпты жинақталуының Дирихле және Абель белгілері – сандық қатар жолына сәйкес Коши критерийі және Абель түрлендіруінің тікелей салдары ретінде.

§3. БІРҚАЛЫПТЫ ЖИНАҚТАЛУ МЕН ҮЗІЛІССІЗДІК

1. Бірқалыпты жинақталатын функциялық қатардың мүшелерінің үзіліссіздік қасиетінің шектік функциясында сақталуы – кесіндіде әр мүшесі үзіліссіз болатын функциялық қатардың нүктелі шегі болатын функция үзілісті болуы мүмкін болса да, жинақталу түрін бірқалыптыға дейін күшейткенде қатар мүшілерінің үзіліссіздік қасиетін сақтап, шектік функцияның да үзіліссіз болуы.

2. Дини теоремасы – сегментте үзіліссіз шектік функциясына монотонды, сол себепті нүктелі ұмтылатын мүшелері де үзіліссіз функциялық тізбектің бірқалыпты жинақталуы.

3. Бірқалыпты жинақталатын функциялық қатарда шек пен қатар таңбасының ауыстырымдылығы – аралықта бірқалыпты жинақталатын функциялық қатар мен сол жиынның шектік нүктесі болатын нүктеде функциялық қатардың анықталмауы да мүмкін әрбір мүшесінің нақты мәнді шегі бар болып, сол шектерден құралған сандық қатардың жинақталуынан шектік функцияның да сол шектік нүктедегі шегі бар болуы және оның мәнінің сандық қатар қосындысына тең болуы.

§4. БІРҚАЛЫПТЫ ЖИНАҚТАЛУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДАНУ

1. Үзіліссіз функциялардан құрылған функциялық қатарды мүшелеп интегралдау – сегментте үзіліссіз, сол себепті Риман бойынша интегралданатын функциялардан құрылған бірқалыпты жинақталатын функциялық қатардың әрбір мүшесінің интеграл мәндерінен құрылған сандық қатар жинақталуы және оның қосындысының шектік функция интегралына тең болуы.

2. Интегралданатын функциялардан құрылған функциялық қатарды мүшелеп интегралдау – сегментте Риман бойынша интегралданатын функциялардан құрылған бірқалыпты жинақталатын функциялық қатардың әрбір мүшесінің интеграл мәндерінен құрылған сандық қатар жинақталуы және оның қосындысының шектік функция интегралына тең болуы.

§5. БІРҚАЛЫПТЫ ЖИНАҚТАЛУ ЖӘНЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДАНУ

1. Нүктелі жинақталатын функциялық қатарды мүшелеп дифференциалдау – мүшелері үзіліссіз дифференциалданып, өзі нүктелі және туындыларынан құрылған жаңа функциялық қатар бірқалыпты жинақталатын қатардың шектік функциясының да дифференциалдануы және әр нүктеде туындыларынан құрылған қатар қосындысының шектік функция туындысына тең болуы.

2. Кемінде бір нүктеде жинақталатын функциялық қатарды мүшелеп дифференциалдау – мүшелері дифференциалданып, өзі кемінде бір нүктеде және туындыларынан құрылған қатар бірқалыпты жинақталатын функциялық қатардың бірқалыпты жинақталуы мен сол шектік функцияның дифференциалдануы және әр нүктеде туындыларынан құрылған қатар қосындысының шектік функция туындысына тең болуы.

§ 6 ДӘРЕЖЕЛІК ҚАТАРЛАР

1. Дәрежелік қатар – мүшелері коэффициент деп аталатын нақты санға көбейтілген теріс емес бүтін көрсеткішті дәрежелік функция ретінде жазылған, сол коэффициенттерімен толық анықталатын ерекше функциялық қатар. Дәрежелік қатардың Коши-Адамар формуласы арқылы анықталатын жинақталу интервалы және де одан айырмашылығы ең көп дегенде шеткі нүктелері болатын жинақталу аралығы.

2. Дәрежелік қатардың жинақталу интервалында іштей жатқан кез келген сегментте бірқалыпты жинақталуы мен жинақталу интервалының өзінде қосындысының үзіліссіздігі.

3. Абель теоремасы – дәрежелік қатардың қосындысының жинақталу аралығының әр нүктесіндегі үзіліссіздігі.

4. Дәрежелік қатар қосындысының жинақталу аралығында іштей жатқан кез келген сегментте интегралдануы мен жинақталу интервалында дифференциалдануы.

5. Бір нүктеде шенелген туындылары бар функция үшін сол туындылар арқылы коэффициенттері анықталатын Тейлор қатары атты дәрежелік қатар - нүктеде ақырсыз дифференциалданатын функция үшін дербес қосындылары функцияның сол нүктедегі туындылары арқылы берілген Тейлор формуласымен анықталатын дәрежелік қатар құру және оның жинақталу радиусының Коши-Адамар формуласымен анықталуы.

6. $e^x, \cos x, \sin x, \ln(1+x), (1+x)^\mu$ функциялардың анықталу жиынның әр нүктесінде Тейлор қатарына жіктелуі.

§ 7. АНАЛИЗДІҢ КЕЙБІР МАҢЫЗДЫ ТЕОРЕМАЛАРЫ

1. Бірде-бір нүктеде ақырлы туындысы жоқ үзіліссіз функцияның Вейерштрасс берген тригонометриялық қатар түріндегі $f(x) = \sum\limits_{n=1}^{\infty} a_n \cos(b_n x)$ $(-\infty < x < +\infty)$ мысалы – үзіліссіз $f(x) = |x|$ функциясы жалғыз ғана $x = 0$ нүктесінде дифференциялданбаса, Вейерштрасс берген мысалдың сандық жиынның әр нүктесінде ақырлы туындысының болмауы.

